

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Турлаев А.В., Шакирова А.Б., Бирманова А.И.

**Қазақстан Республикасының мемлекеті мен
құқығының негіздері**

оқу құралы

барлық мамандық студенттеріне арналған

Қарағанды 2019

ӨӘЖ 345
ББК 67.0 я7

Т 88 Турлаев А.В., Шакирова А.Б., Бирманова А.И. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: оқу құралы - Қарағанды: ТОО «TENGRİ», 2019. - 141 б.

ISBN 978-601-204-415-0

Оқу құралында құқық, құқықтық құбылыстар және мемлекет туралы түсініктер, негізгі құқықтық нормалар және қазіргі қазақстандық неізгі құқықтық салалардың қағидалары қарастырылады.

Бұл оқу құралы өз бетінше қазақстандық құқық негіздерін оқимын деген тұлғалар үшін және орта білімді, орта – мамандандырылған оқу орындарында, гимназия мен мектептерде және жоғарғы оқу орындарында оқитындардың қолдануы үшін ұсынылады.

Рецензенттер: заң ғылымының докторы, профессор **Ғ.З. Қожахметов**
заң ғылымының кандидаты, доцент **Д.У.Балгимбеков**
заң ғылымының кандидаты, доцент **А.Т. Кабжанов**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесімен және Ғылыми - әдістемелік кеңесімен мақұлданған.

ӨӘЖ 345
ББК 67.0 я7

ISBN 978-601-204-415-0

© Турлаев А.В., Шакирова А.Б., Бирманова А.И.
Қарағанды, 2019

Мазмұны

Алғы сөз	4
Кіріспе	6
1 Тақырып. Мемлекет пен құқықтың ұғымы, белгілері және пайда болу теориялары	9
2 Тақырып. Құқықтық нормалар мен құқықтық қатынастар	19
3 Тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқық негіздері	25
4 Тақырып. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары	33
5 Тақырып. Әкімшілік құқық негіздері	42
6 Тақырып. Азаматтық құқық негіздері	50
7 Тақырып. Қазақстан Республикасының отбасы құқығының негіздері	65
8 Тақырып. Құқық қорғау органдарының қызметінің және ұйымдастырылуының негіздері	71
9 Тақырып. Қаржы және салық құқығының негіздері	79
10 Тақырып. Қазақстан Республикасының еңбек құқығының негіздері	95
11 Тақырып. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы	104
12 Тақырып. Қазақстан Республикасының экологиялық және жер құқығының негіздері	110
13 Тақырып. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері	118
14 Тақырып. Халықаралық құқық негіздері	129
Қорытынды	140

АЛҒЫ СӨЗ

Өркениетті қоғамда адамдар өмірі құқықтық реттеусіз мүмкін емес. Сондықтан құқықтық мемлекеттің негізі болып табылатын адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қоғамның құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейсіз мүмкін емес болғандықтан, құқық субъектілерінің құқықтық ақпараттылық пен құқықтық санасы маңызды орынға ие. Құқық нормалары мен қағидаларды білу қазіргі құқық салаларын, Қазақстан Республикасының заңнама жүйесін түсінуге септігін тигізеді. Кез келген адам құқықтың не екенін, оның мәнін, маңызын, заңнаманың қолданылуы мақсатын түсіне білуі қажет. Қоғамның дамуы оның мүшелерінің құқықтық санасымен тығыз байланыста. Қоғамда құқықтық нигилизм орын алып, азаматтар мен мемлекеттік органдар құқыққа немқұрайлықпен қараса, мұндай қоғамның алға қарай дамуы екіталай. Сондықтан да негізгі құқықтық білім алудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті алғы шарты ретінде қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу студенттердің әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарлату мақсатына сай заң мамандығын алмайтын студенттерге мемлекет және құқық теориясының негіздерін меңгеру, ұлттық құқықтың жетекші салаларының шеңберінде қажетті білім беруді көздеп отыр. Мемлекет пен құқықтың дамуы және ұшталуы құқықтық мемлекеттің үздіксіз дамуы мен қызмет ету үрдісі болып табылады. Қазақстан Республикасында құқықтық нормалар жүргізіліп жатқан реформалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ете отырып қарқынды жаңартылып отырады. Қазіргі заманда жоғарғы және орта білімді, соның ішінде құқық негіздері саласымен байланысты мамандарға жоғары талаптар қойылады.

Қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен рөлін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғы шарттарымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік-құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйретеді.

Оқу құралында мемлекеттің негізгі түсініктері, құқық пен құқықтық құбылыстар, мемлекеттік органдар жүйесі, конституциялық, әкімшілік, азаматтық, еңбек, отбасы, қылмыстық құқық негіздері, сонымен қатар, құқықтық мемлекет, адам құқықтары және мемлекеттің қоғам өмірін ұйымдастырдың нысаны ретіндегі мәселелер қарастырылады. Құралда құқық негіздері бойынша ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізімі, нормативтік-құқықтық актілерінің, құқық білімінің негізін құрайтын өзіндік жұмыстар бойынша тапсырмалар тізімі қамтылған.

«Қазақстан республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері» атты оқу құралы «Құқық негіздері» пәні бойынша студенттердің тәжірибелік (семинар) сабақтарына дайындалуына арналған тест тапсырмаларынан

тұрады. Әрбір тақырып бойынша нақты сұрақтармен негізгі жаңа әдебиеттер, қосымша материалдар көрсетілген. Бұл оқу құралын өз бетінше қазақстандық құқық негіздерін оқимын деген тұлғалар, орта білімді, орта – мамандандырылған оқу орындарында оқитындар қолдануға болады.

Авторлар осы оқу құралын дайындауға үлес қосқан және ескертулер жазған сын-пікір білдірішілерге алғысын білдіреді, олар: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетінің деканы, заң ғылымының докторы, профессор Ғ.З.Кожаметовке, Қарағанды «Болашақ» атты актуальді білім беру университетінің кафедра мегерушісі, заң ғылымының кандидаты, доцент А.Т. Кабжанов және заң ғылымының кандидаты, доцент Д.У.Балгимбековке

Buketov University

Кіріспе

Құқық негіздері пәні заң ғылымдары бойынша гуманитарлық пәндер жүйесінде ерекше орын алады. Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің қалыптасуы, елде экономикалық реформалардың жүзеге асуы және нарықтық қатынастарға өту кезеңінде құқықтық мән-маңызы айрықша. Әсіресе, тауар-ақша және басқару қатынастарын құқықтық реттеуде заңдар мен басқа да нормативтік актілердің маңызы ерекше. Сондықтан да бұл пән арқылы ҚР Конституциясын, оның жаңа қырлары мен ерекшеліктерін және басқа да заңдардың жоғарғы қағидаларын, олардың мағынасы мен мазмұнын, жалпы мемлекетіміздің қоғамдық өмірінің құқықтық негіздерін үйретеді.

Кез келген ғылымның өз пәні, өзі зерттейтін заңдылықтарының анықталған шеңбері болады. заңдылықтар дегеніміз – белгілі бір құбылыстардың маңызын білдіретін шынайы тұрақты қатынастар. Құқық негіздерінің зерттеу пәні болып, мемлекеттің белгілері мен нысандары, оның пайда болуының негізгі теориялары, құқықтық норма және оның құрылымы, мемлекеттің және адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің конституциялық негіздері, әкімшілік-құқықтық нормалардың ерекшеліктері және олардың әрекет ету саласы, билік органдары, азаматтық құқықтардың субъектілері және объектілері, меншік құқығының түсінігі және негізгі мазмұны, құқық бұзушылық және жауапкершілік, қызметкердің құқықтарын қорғау, еңбекті қорғау, мемлекеттік қызмет сияқты құқықтық институттар мен санаттарды дұрыс түсінуді қалыптастыру табылады.

«Құқық негіздері» курсының оқыту барысында тек аса маңызды, құқық саласының негізін құрайтын институттар қарастырылады. Себебі, бұл пән білім стандарттарына сәйкес заңтану мамандығынан өзге мамандықтарға арналған. «Құқық негіздері» оқу пәні құқықтың негізгі салаларының (конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық және т.б.) мәселелерін қарастырады. Құқықтың негіздерін меңгеру болашақ мамандарға өмірлік маңызы бар жағдайларды дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл оқу пәнінің кіріспесінде «Құқық негіздері» пәнінің құрылымы мен әдістемелік жүйесі қарастырылады.

1 Тақырып. «Мемлекет пен құқықтың ұғымы, белгілері және пайда болу теориялары» бұл тақырыпта мемлекет пен құқықтың ұғымы, белгілері және негізгі мәнін анықтайтын мемлекет пен құқыққа берілген түрлі анықтамалар қарастырылады. Келесідей түсініктер талданылады: Мемлекет пен құқықтың пайда болуы туралы теориялар; Мемлекет пен құқықтың пайда болу жолдары; Мемлекет механизмі; Мемлекет функциясы және оның түрлері; Мемлекет типологиясы; Мемлекет нысаны (басқару нысанынан, мемлекеттік құрылым нысанынан, саяси режим) .

2 тақырып. «Құқықтық нормалар мен құқықтық қатынастар» бұл тақырыпта әлеуметтік нормалар және құқықтық нормалар түсінігі, әлеуметтік нормалар мемлекетке дейінгі кезден бастап қоғамдық қатынастарды реттеудің басты құралы болып табылатындығы және түрлері қарастырылады.

3 тақырып. «Қазақстан Республикасының конституциялық құқық

негіздері» бұл тақырып келесідей анықтамаларды ашып көрсетеді: Конституциялық құқық ұғымы, қайнар көздері; Қазақстан Республикасындағы конституционализмнің қалыптасу кезеңдері; азаматтар мен адамдардың конституциялық мәртебесі; Конституциялық-құқықтық реттеу әдістері; Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдарының құрылу, қызмет ету, қайта құру және қызметін тоқтату тәртібі.

4 Тақырып. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары» бұл тақырыпта келесідей сұрақтар қарастырылады: Мемлекеттік билік органдарының ұғымы, жіктелу негіздері; Қазақстан Республикасының Президенті; Қазақстан Республикасының Парламенті; Қазақстан Республикасының Үкіметі; Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі; Қазақстан Республикасының Сот жүйесі; Республика Прокуратурасы; Жергілікті өкілді органдар.

5 Тақырып. «Әкімшілік құқық негіздері» бұл тақырыпта келесідей сұрақтар қарастырылады: Әкімшілік құқық түсінігі, пәні, қайнар көздері және әкімшілік құқық бұзушылық, оның құрамы; Атқарушы билік және мемлекеттік қызмет; Әкімшілік жаза түсініктері.

6 Тақырып. «Азаматтық құқық негіздері» бұл тақырыпта келесідей аспектілер қарастырылады: Азаматтық құқық түсінігі, пәні және азаматтық-құқықтық қатынастар; Азаматтық құқықтың принциптері; Азаматтық құқықтық қатынас субъектілері; заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі; Мәміле ұғымы, түрлері және нысаны.

7 Тақырып. «Қазақстан Республикасының отбасы құқығының негіздері» бұл тақырыпта отбасы құқығының түсінігі және негізгі қайнар көздері, азаматтардың неке-отбасы қатынастары, некеге тұрудың шарттары және кәмелетке толмаған балаларды асыраудың тәртібі мен нысаны қарастырылады.

8 Тақырып. «Құқық қорғау органдарының қызметінің және ұйымдастырылуының негіздері» бұл тақырыпта келесідей сұрақтар қарастырылады: Құқық қорғау органдарының түсінігі және құрылымы; Құқық қорғау қызметінің арнайы принциптері; Құқық қорғау органдарының қызметіндегі негізгі бағыттар; Құқық қорғау органдарының өзге мемлекеттік органдармен әрекеттестігі.

9 Тақырып. «Қаржы және салық құқығының негіздері» бұл тақырыпта келесідей мәселелер талданылады: Қаржы құқығының түсінігі, пәні, әдісі, қайнар көздері; Қаржылық бақылау; Қаржылық бақылаудың субъектісі; Ұйымдастырушылық қаржылық қатынастар; Салық құқығының түсінігі; Салық түрлері.

10 Тақырып. «Қазақстан Республикасының еңбек құқығының негіздері» бұл тақырыпта келесідей аспектілер қарастырылады: Еңбек құқығының түсінігі және жеке еңбек шартының ұғымы; Жұмыс және демалыс уақыттары; Жалақы және еңбекті нормалау; Еңбек нормасы.

11 Тақырып. «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы» бұл тақырыпта Қылмыстық құқық түсінігі, пәні, қағидалары және қайнар көздері; Қылмыстық құқықтың негізгі принциптері; Қылмыс түсінігі, белгілері,

санаттары және қылмыс құрамы; Қылмыс істеу сатылары және жаза түсінігі, мақсаты, түрлері сияқты мәселелер талданылған.

12 Тақырып. «Қазақстан Республикасының экологиялық және жер құқығының негіздері» бұл тақырыпта келесідей сұрақтар қарастырылады: Экологиялық құқықтың түсінігі, объектілері мен субъектілері; Экологиялық құқықтың қайнар көздері; Жер құқығына жалпы сипаттама.

13 Тақытып. «Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері» бұл тақырыпта келесідей аспектілер қарастырылады: Іс жүргізу құқығының жалпы сипаттамасы; Азаматтық іс жүргізу құқығының түсінігі және субъектілері; Қылмыстық іс жүргізу құқығының түсінігі және субъектілері.

14 Тақырып. «Халықаралық құқық негіздері» бұл тақырыпта келесідей сұрақтар қарастырылады: Халықаралық құқық түсінігі, пәні, салалары және қайнар көздері; Халықаралық құқықтағы субъектілер; Халықаралық келісім-шарттар.

«Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері» атты оқу құралы «Құқық негіздері» пәні бойынша студенттердің тәжірибелік (семинар) сабақтарына дайындалуына арналған тапсырмаларынан тұрады. Әрбір тақырып бойынша нақты сұрақтармен негізгі жаңа әдебиеттер, қосымша материалдар көрсетілген. Бұл оқу құралын өз бетінше қазақстандық құқық негіздерін оқимын деген тұлғалар, орта білімді, орта – мамандандырылған оқу орындарында оқитындар және жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттерге қолдануға болады.

1 Мемлекет пен құқықтың ұғымы, белгілері және пайда болу теориялары

1. Мемлекет пен құқықтың ұғымы, белгілері. Құқықтық әдебиеттерде мемлекеттің ұғымына қатысты түрлі анықтамалар кездеседі. Орыстың атақты ғалымы Н.М. Коркунов мемлекетке «тек мемлекеттік органдарға мәжбүрлеу құқығын бере отырып, куштеу арқылы орнатылған бейбіт тәртіпке ие еркін адамдардың қоғамдық одағы» деп анықтама берген. Ал Л. Гумплович мемлекетті «белгілі бір құқықтық тәртіпті қорғау мақсатында табиғи түрде қалыптасқан билік ету ұйымы» деп айтып кеткен. Қазіргі кездегі ғалымдардың тұжырымдауы бойынша «мемлекет - бұл аса маңызды әлеуметтік қатынастарды реттеу мақсатында жалпыға міндетті мінез-құлық ережесін бекітетін, санкциялайтын қоғамдық-тарихи қалыптасқан саяси ұйым».

Мемлекеттің мәнін түсіну мемлекет пен құқықты танып білудегі негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Мемлекеттің мәнін анықтауда бірнеше бағыттар қолданылады, олардың ішіндегі ең негізгісі - бұл таптық көзқарас және жалпы әлеуметтік көзқарас. Таптық көзқарас тұрғысынан қарастырғанда, антогонистік таптар (эксплуататорлар мен эксплуатацияға ұшыраушылар) арасындағы күрес негізге алынады, мұнда мемлекет экономикалық басымыдылыққа ие таптың қолында құрал ретінде әрекет етеді. Ал әлеуметтік жақтан қарастырсақ, мемлекеттік аппарат пен жалпы-әлеуметтік функциялардың көмегімен жүзеге асатын түрлі қоғамдық топтардың мүдделерінің ортақ шешімі ретінде қарастырылады. Мемлекеттің мәні оның қоғамдағы табиғатын және мақсатын ашады. Мемлекеттің мәні – белгілі бір дәрежеде тұрақты санат, дегенмен түрлі процестердің, факторлардың әсерімен ол өзгеріп отыруы мүмкін [1].

Мемлекеттің аса маңызды, тұрақты белгілерін алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік билікпен салыстыру арқылы ажыратуға болады[2]:

1. Қоғамнан ажыратылған ерекше көпшілік (жария) биліктің болуы. Жария билік алғашқы қауымдық қоғамда да танылған, бірақ оның ерекшелігі ол қоғамнан ажыратылмаған еді, оны жүзеге асыруға қоғамның барлық мүшелері қатысатын. Ал, кез келген мемлекетте шынайы билік мемлекеттік аппаратпен жүзеге асырылады. Ол адамдардың басқарумен айналысатын ерекше тобынан құрылады және қоғамның белгілі бір бөлігінің мүддесін көздейді. Мемлекеттегі көпшілік билікке тән қасиет - жалпылық және әмбебаптық сипаты.

2. Тұрғындардың аумақтық ұйымдастырылуы. Мүшелері руға, тайпаға тән болу сипатына қарай бөлінетін алғашқы қауымдық қоғамға қарағанда, мемлекеттілік жағдайында тұрғындар белгілі бір аумақта өмір сүру белгісіне байланысты бөлінеді. Бұл салықтарды алу қажеттілігіне және басқаруды дұрыс жолға қою шарттарына жауап береді. Рулық қауымның ыдырауы халықтардың өзара араласуына және көш-қонға әсер еткен еді. Мемлекеттік билік тек мемлекет аумағында өмір сүріп жатқан тұрғындарға ғана тарайды.

3. Тұрғындардан салық жинау. Салықтар мемлекетпен қалыптастырылып, мәжбүрлі түрде алынады. Мемлекеттің осындай кірістері әскерді, мемлекеттік

аппаратты, құқық қорғау органдарын және әлеуметтік салаларды, мемлекеттің өзге де қажеттіліктерін өтеуді қаржыландыруға кетеді.

4. Мемлекетте арнаулы мәжбүр ету аппараты болады. Тек қана мемлекет прокуратура, сот, ішкі істер органдары, қауіпсіздік органдары тәріздес органдар мен материалдық қосымшаларды (әскер, түрмелер және тағы басқа) құра алады. Олар мемлекеттік шешімдерді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, қажетті жағдайларда мемлекеттік мәжбүр ету құралдарын пайдаланады.

5. Жалпыға міндетті нормативтік актілердің болуы. Мемлекет өз елінің барлық тұрғындарына арналған заңдар және басқа да нормативтік актілер қабылдайды.

6. Мемлекеттің негізгі белгісі – егеменділікке ие болу. Егеменділік - мемлекеттік биліктің саяси-құқықтық ерекшелігі, оның ішкі басқа биліктен және шет мемлекеттерден тәуелсіз өз мақсаттарын шешуге құқығы және еріктілігі. Мемлекет теориясында егеменділікті мемлекеттік және ұлттық егемендік деп ажырату танылған. Қазіргі кезеңде көптеген федеративті мемлекеттерде егеменділік мәселесі күрделі мәселе болып отыр.

Құқық көп жақты күрделі құбылыс. Сондықтан да оған берілетін анықтамаларда сан қырлы. Құқық-адам әділдігі мен бостандықтары идеяларына сүйенетін, көп жағдайда заңнамада көрініс табатын және қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік ережелер жиынтығы. Құқық мемлекетпен бірге қоғамның объективтік даму процесінің нәтижесінде өмірге келді. Алғашқы қоғамдағы әлеуметтік нормалар, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни өсиеттер, мемлекеттік жүйеде бірте-бірте екінші қатардағы нормаға айналып, құқық негізгі әлеуметтік нормаға айналды.

Құқыққа, оның мәніне, құрылымына, қоғам өміріндегі рөліне қатысты көзқарастар ұзақ уақыт бойы қалыптасты. Жалпы алғанда құқықтың басты екі қасиеті аталады: а) нормативтілігі, себебі құқық жалпы сипаттағы жүріс-тұрыс ережелерінің жиынтығы; ә) мемлекетпен өзара тығыз байланыста болуы, себебі құқық нормалары мемлекетпен қабылданады және мәжбүрлі сипатқа ие.

Құқықтың кез келген анықтамасы салыстырмалы сипатқа ие, себебі қандай да болмасын анықтама құқықтың барлық қасиеттерін, сипаттарын, белгілерін, байланыстарын толығымен қамти алмайды. Қысқаша анықтама беру арқылы құқық сияқты күрделі құбылыстың тек жалпы, басты, негізгі белгілерін көрсете аламыз.

Құқықтың маңызды белгілеріне мыналар жатады: 1) мемлекеттік-еріктілік сипаты; 2) нормативтілігі; 3) биліктік-реттеушілік табиғаты [3].

Мемлекет пен құқықтың пайда болуы. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы және оның қалыптасуы ұзақ уақыт жалғасатын процесс. Ол әр халықта әрқилы болып өткен. Алғашқы қауымның қоғамның экономикалық, әлеуметтік, құрылымдық, басқарушылық салаларындағы объективтік даму процестері бір-бірімен тығыз байланыста өзгеріп, жаңарып отырды. Қоғамдық еңбек төрт күрделі санатқа бөлінді:

1. малшылық;
2. жер игеру;
3. өндіріс;

4. саудагерлік.

Мұның бәрі еңбектің өнімділігін арттырды, қоғамның шығысынан кірісін асырды. Нәтижесінде, қоғамдық байлық қалыптасып, оны иемденетін топтар мен таптар пайда болды. Экономикалық өзгерістер әлеуметтік қайшылықтарды өмірге әкелді. Сол қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін құқық пен мемлекет пайда болды.

Сонымен құқық пен мемлекеттің өмірге келуі және қалыптасуының негізгі объективтік заңдылықтарына:

- қосымша өнімнің пайда болуы;
- жеке меншіктің қалыптасуы;
- таптар мен топтардың арасында күрестің басталуы;
- қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін мемлекет пен құқықтың өмірге келуі жатады.

Мемлекет – белгілі бір экономикалық, әлеуметтік және рухани ортада пайда болған, ерекше саяси рөлге және әлеуметтік құндылыққа ие, адам үшін объективті түрде қажет өмір сүру нысаны[4].

Мемлекеттің пайда болуының екі түрлі тарихи жолын атап айтуға болады:

Мемлекеттің пайда болуының шығыстық жолы. Бұл жолмен Африка, Америка, Иран, Индия, Қытай, араб елдері сияқты мемлекеттер пайда болған. Бұл жолмен көшпелі мемлекеттер де пайда болған деген пікірлер бар.

Өздерінің қалыптасуы барысында бұл мемлекеттер шығыстық жолмен дамыған. Бұл жолға келесідей белгілер тән:

- рулық (алғашқы) қауымға тән ерекше белгілер (атрибуттар): жерді қауым болып иелену және оларға ұжымдық меншік ру-тайпа ақсүйектерінің (абыздар, әскери көсемдер және т.с.с) қолына шоғырланған. Бұл шоғырлану ру-тайпалық құрылыстың (яғни қауымның) ыдырауы барысында да сақталған. Ал енді бұлардағы басқарудың қоғамдық құрылымдары мемлекеттік органдарға айналған, ал ру-тайпа ақсүйектері шенеуніктер аппаратына өзгерген, сонда жер қоғамдық сипатынан айырылып, мемлекеттік билікке көшкен.

Шығыс типті (азия типті) мемлекеттер кейінгі ғасырларда Шығыс Еуропа, Африка, Оңтүстік Америка елдерінде де қалыптасты.

Сонымен, Азия типті мемлекеттердің қалыптасу себептері:

- ірі ирригациялық жүйелерді жасау;
- сол жүйелерді іске асыру үшін құлдарды, жұмысшыларды жүйелі түрде топтастыру және біріктіру;
- барлық жұмысты бір орталықтан басқару.

Мемлекеттік басқару аппараты бұрынғы ру-тайпаны басқарған аппараттың дамуының нәтижесінде қалыптасты. Жаңа аппарат қалың бұқарадан алыстай түсіп, әділетсіздікті, қанаушылықты күшейтті. Азия типті мемлекеттер өте бәсең дамып ХІХ-ХХ ғасырларға дейін көп өзгермей сақталып келді (Қытай, Иран т.б).

Мемлекеттің пайда болуының батыстық (еуропалық) жолы. Бұл жолмен дамыған елдерде мемлекет пен меншіктің күрделі дамуы, қоғамның тапқа бөлінуі арқылы қалыптасты. Мемлекеттер дамуында бұл жолды Рим, Афины елдері басынан өткерген. Бұл жолға тән сипаттарға келер болсақ, олар алғашқы

қауымдық құрылыстың (ру-тайпалардың) ыдырауының белсенді түрде болғанын, сөйтіп жеке меншік пен таптардың пайда болғанын атау керек. Мысалы, Римде мемлекеттің пайда болуына үлкен ықпалын тигізген плебейлер мен патрицийлердің күресі болды. Соның нәтижесінде плебейлер демократиялық жеңілдіктер алған.

Афины мен Римде алғашқы қоғамның ыдырауы кезінде экономикалық күшті топтар мен таптар мемлекетті өз қолдарына алып, өз мүдде-мақсатын орындайтын мемлекеттік аппарат орнатты. Бұл мемлекеттер көбінесе демократиялық жүйедегі саяси бірлестік болып қалыптасты. Спарта аристократиялық республика болып қалыптасты. Мұнда құлдардың саны жергілікті халықтан бірнеше есе көп болып, жаңа мемлекеттік басқару аппараты құрылды. Жергілікті халықтың арасында қайшылыққа жол бермеу саясаты қалыптасты. Елімізде қатаң заңдылық, құқықтық тәртіп орнады.

Мемлекеттің пайда болуы мен дамуының себептері :

- қоғамды басқаруды жақсарту, дамыту: қоғамның жұмысының көлемі де, шеңбері де молайып, кеңейіп, ескі басқару аппараты тиісті дәрежеде жұмыс жасай алмады. Жаңа мемлекеттік аппарат қажет болды;

- қалың бұқараның немесе қаналушы таптың үстем тапқа немесе топқа қарсы іс-әрекетін әлсірету және жою үшін күшті мемлекеттік аппарат керек болды;

- қоғамның қорғанысын күшейту үшін, заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау үшін мемлекет керек болды.

Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар. Мемлекеттің пайда болуының жалпы және жеке заңдылықтары ежелден-ақ адамдарды толғандырып, олардың қызығушылығын туғызып келді. Алғашқы қауымдық қоғамның рулық ұйымының мемлекетке орын беруінің себебін білуге тырысу, осы процестерге ықпал ететін және олардың динамикасы мен бағытын анықтайтын факторларды белгілеу, осыған байланысты әр халықтың жалпы және ерекше тәжірибелері көптеген теорияларға, тұжырымдар мен пайымдауларға келіп тоғысты. Олардың кейбіреуі саяси-құқықтың ойдың тарихында айтарлықтай із қалдырмастан, тез ұмытылып қалды, ал енді бір бөлігі ұзақ уақыт бойы адамдардың ақыл-ойын жаулап алды, әлі де болса олардың дүниеге көзқарасы мен түйсігіне әсер етіп келеді.

Аталған теорияларға талдау жасай келе, біз әрбір ойшылдың мемлекеттілік генезисіне деген өзіндік көзқарасы бар екендігін көреміз, олардың басқа ойшылдардан өз позицияларын негіздеу тәсілі де өзгеше. Алайда, ойшылдар айтқан постулаттардың, болжамдар мен ережелердің жиынтығы баға жетпес байлық.

Қоғамдық-саяси және мемлекеттік-құқықтық шындықты оның дамуының өзгермелі кезеңдерінде адамның ойлау логикасын түсінуге мүмкіндік бере отырып олардың негізгілерін білудің, ір түрлі ойшылдың пайдаланған аргументтері мен дәлелдерін салыстырып, талдау жасаудың, олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтап, осы теориялардың адамзаттың кәдесіне жарайтын немесе жараймайтындығына қорытынды жасаудың маңызы зор.

Ежелгі заманнан бері адамдар мемлекет пен құқықтың пайда болу жолдары

мен себептері туралы ойлана бастады. Осылайша сол сұрақтарға түрліше жауап беретін теориялар қалыптасты[5].

Теологиялық және патерналистік теориялар мемлекеттің пайда болуының ең ерте және көне теорияларының қатарына жатады. Теологиялық теория мемлекеттің құдайшыл мәнінен келіп шыққан, бұл теориядан құдайдың идеялары мен тілегінің жүзеге асуын және жазмыштың жазуын ғана көреді. Олардың айтуынша, құдай адамдарды жаратқанда оларды қоғамға және мемлекетке біріктірді, қолында билігі бар билеушілер берді; осы теорияны ұстанғандардың ойынша, құдайдың айқындаушы рөлі оның уәкілетті өкілдері (мемлекет билеушілері, дін қызметкерлері) арқылы да, тікелей де көрінеді. заңдылық пен құқық тәртібін сақтау құдайдың өсиетін орындау болып түсіндірілді, ал мемлекеттік билік құдайдың билігінің жердегі аналогы саналды[6].

Белгілі бір мөлшерде оған бір жақтан мемлекеттік құрылым, екінші жағынан тірі организмнің (атап айтқанда - адамның) арасында параллель жүргізуші органикалық теория келіп жанасты. Жеке ағзаның басы, денесі, қолы және т.б. дене мүшелері болатыны және олардың әрқайсысының орындайтын түрлі функциялары болатыны сияқты, әрбір мемлекеттік құрылымдардың рөлі мен функциясын қайталамауға тиіс. Өздерінің тұтастығымен олар өздерінше бір бірлік құрады. Органикалық теория шеңберінде әр түрлі факторға акцент жасаған ағымдар бөлініп шықты. Алғашқы ағымның өкілдері Платон мен Аристотельдің ойлары бойынша, дене болмаса қолдың өз бетінше әрекет ете алмайтыны сияқты, адам да мемлекеттен тыс тіршілік ете алмайды. Одан әлдеқайда кейін пайда болған ағымның өкілдері Герберт Спенсер және оның ізбасарлары, адамдардың пайда болуымен бірге пайда болған мемлекет қашан қоғам өзінің тіршілік етуін тоқтатқанға дейін өмір сүре береді және егер ағза (мемлекет) жалпы алғанда сау болса, онда оның құрамдас бөліктері де сау болады деген ойды түйіндейді.

Бастауында Г. Гроций, Д. Локк, П. Гольбах, Ж.Ж. Руссо, А.Н. Радищев секілді көрнекті ойшылдар тұрған қоғамдық келісім теориясы кеңінен тарады. Бұл теория бойынша, мемлекеттің пайда болуының негізінде адамдардың келісімі мен олардың келісіп іс істеу факторы жатыр. Бұл теорияны жақтаушылардың пікірінше, адамдар өздерінің күнделікті тіршілігінде қалыпты жағдайды қамтамасыз ету үшін және тәртіпті сақтап, түрлі қол сұғушылықтан қорғану үшін қажетті билік өкіліліктерін беріп, мемлекетке бірігуді шешті деп саналды. Халықтан басқаруға деген мандатты алғаннан кейін мемлекет әрбір адамның мүддесін қанағаттандыратын және барлығының игілігі үшін әрекет ететін бірден бір ұйымға айналды. Егер де ол өзінің бұл миссиясын нашар орындаса немесе мүлдем орындамаса, онда Ж.Ж. Руссо мен А.Н. Радищев ұсынған келісімді теориясын радикалды ағымына сәйкес, халықтың оны өзінің сенімінен айырып, тіпті көтеріліс жасау арқылы өкіметті толық ауыстыруға қол жеткізуге құқығы бар.

Күштеу теориясы мәжбүрлеу факторларын мемлекеттің пайда болу және даму процесіндегі бірінші себебі деп санады. Сонымен, бұл теорияның кейбір өкілдері (Е. Дюринг) ішкі күштеуге баса көңіл бөлсе, басқалары (Л. Гумплович,

К. Каутский) – сыртқы күштеуге назар аударды. Ішкі күштеу жағдайында халықтың қолы билікке жеткен бір бөлігі басқаларға өзіне қолайлы шешімді таңлай бастайды. Осындай жолмен (еркін күштеп тану жолымен) билік институттары, жеке меншік институттары, мемлекет құрылды. Сыртқы күштеу жағдайында бір аумақта тұратын халық келесі бір аумақта тұратын халықты жаулап ала бастады; жаулап алынғандар құл болды, байлық пен жеке меншікті еслеп көбейту үшін пайдаланылды, ал бұл шаруаны мемлекет сияқты мәжбүрлеу ұйымысыз жүзеге асыру мүмкін емес еді. Күштеу теориясына баға бере келіп, күштеу мен мәжбүрлеу мемлекеттің пайда болу процесіне қатысқанымен, таталған теорияда олардың абсолютті сипатқа ие болып, асыра баға оанып кеткендігін айта кету керек. Ал бұл, шындыққа жанаспайды.

Диалектикалық-материалистік теория мемлекеттің пайда болуын табиғи-тарихи себептермен – өндіріс қаржысының негізінде жеке меншіктің пайда болуы, қоғамның тапқа бөлінуі, шиеленіскен әлеуметтік келіспеушіліктер мен қарсыласулар тудыратын таптардың теңсіздігі, таптық қарама-қайшылықтың ымырасыздығы арқылы түсіндіреді. Осы мақсатта мемлекет саяси билікті иеленіп, соның көмегімен өзінің еркін бүкіл қоғамға таратады. Сөйтіп, ол қоғамда өзінің диктатурасын, яғни саяси билігін орнатады. Бұл көзқарас Ф. Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығу тегі» атты еңбегінде, «Мемлекет туралы» атты лекциясында кең түрде негізделді.

Сондай-ақ, К. Маркстың кейбір еңбектерінде мемлекеттің пайда болуының күрделі процесінің көптеген сипаттары дұрыс көрсетілген. Алайда оларды түсіндіру кезінде бұл процестегі таптық фактордың рөлі шамадан тыс көрсетілгендігін ескермеуге болмайды. Шын мәнінде, мемлекет билік етуші таптың өз қарсыластарын басып-жаншып, қанап, қысым көрсету үшін ғана құрылған жоқ, сондай-ақ тұтас алғанда қоғамды басқарып, оның қалыпты жұмыс істеуі және үдемелі дамуы үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету үшін және құқықтық тәртіп орнатып, сақтау үшін де құрылды.

Қорытындылай келе, күрделі әлеуметтік жүйе ретіндегі мемлекет бірнеше элементтерден тұрады: халық, жария билік, мемлекеттің аумағы мен шекарасы, мемлекеттік ресурстар, құқықтық реттеу механизмі, әлемдік қауымдастықтағы ресми өкілдік [7].

Құқықтың пайда болуының негізгі теориялары. Құқықтың пайда болуы туралы тұжырымдамалармен тығыз байланысты, дегенмен бұл ілімдерге тән бірқатар ерекшеліктер бар.

Теологиялық теория құқықты құдай жаратты деп санап, оны мәңгілік құбылыс деп таниды. Алайда бұл теория құқықта табиғи және адамзаттық бастамалардың болуын жоққа шығармайды. Көптеген діни ойшылдар құқықты құдай берген қайырымдылық пен әділдікпен байланыстырды. Бұл теорияның басты ерекшелігі ғылыми дәлелдер мен фактілерге емес, сенімге сүйенуінде.

Табиғи құқықтық теория құқықтың пайда болуына қатысты пікірлердің аса көптігімен ерекшеленеді. Бұл теорияны жақтаушылар мемлекет заңшығару арқылы қалыптастыратын позитивтік құқықпен қатар табиғи құқық та болады деп санайды. Егер позитивтік құқық адамдардың, мемлекеттің еркі бойынша пайда болатын болса, табиғи құқықтың пайда болу себептері басқаша.

Буржуазиялық кезеңге дейін табиғи құқық құдаймен тығыз байланыстырылатын. Капиталистік қатынастар өрлеген заманда көптеген ойшылдар табиғи құқықты құдаймен байланыстыруды жоққа шығарды. Мысалы, осы теорияның аса көрнекті өкілі Г. Гроций табиғи құқықтың анасы адамның табиғатының өзі деп санаған, оның ойынша бұл құқық адам табиғатынан туындайды. Вольтердің пікірінше, табиғи құқық табиғат заңдарынан туындайды. Табиғи-құқықтық теорияда құқықтың пайда болуы антропологиялық тұрғыдан түсіндіріледі. Табиғи құқық адамның табиғатымен тығыз байланысты болғандықтан, ол адамзаттың өмір сүруімен тығыз байланысты, адамзат тіршілігін тоқтатқан жағдайда ғана, өмір сүруін тоқтатады деп саналады.

XVII-XIX ғғ. Германияда құқықтың тарихи мектебінің негізін қалаушылар (Г. Гуго, Ф. Савиньи, Г. Пухта) құқық тіл сияқты тарихи тұрғыдан пайда болады және дамиды деп санаған. Ол ұлттық, халықтық санадан туындайды. Құқықтың тарихи мектебі діни көзқарастарды да жоққа шығармайды.

Құқықтың психологиялық теориясы (Л. Петражицкий және т.б.) құқықтың пайда болу себептерін адамдардың психикасымен байланыстырады. Бұл теорияны жақтаушылардың пікірінше, құқық – жеке тұлғаның психикасында орын алатын ерекше күрделі эмоциялық-интеллектуалдық психикалық процестер.

Материалистік теория бойынша құқықтың түбірі экономикада, қоғамның базисінде жатыр. Сондықтан, құқық экономикадан жоғары тұра алмайды. Ол экономикалық кепілдіксіз өмір сүре алмайды. Соған қоса, бұл теория құқықтың пайда болуын таптармен және таптық қатынастармен байланыстырады, құқықтың экономикалық үстемдікке ие таптың еркін білдіретін құрал ретінде таниды.

Келісімдік теория ежелгі заманда қалыптасқан. Эпикур және Ежелгі Грекияның басқа да ойшылдары құқық адамдардың ортақ игілікті қамтамасыз ету үшін өзара ерікті келісімінің негізінде пайда болады деп санаған. Алайда бұл теория XVII-XVIII ғғ. кеңінен қолдау тапты. Оның өкілдері: Т. Гоббс, Д. Локк, Г. Гроций, Б. Спиноза, Ж.Ж. Руссо, Д. Дидро және т.б.

Мемлекет функциясы. Функция заң ғылымында мемлекет пен құқықтың алдында тұрған мүдде-мақсаттарды, міндеттерді орындау қызметінің негізгі бағыттарын және оның әдіс-тәсілдерін анықтап, іске асыруды біріктіреді. Осы тұрғыдан мемлекеттің, үкіметтің, мемлекет аппаратының функциясы деген ұғымдар қалыптасады.

Мемлекеттің функциялары туралы мәселе тек теориялық қана емес, соған қоса тәжірибелік мәнге де ие. Функциялар арқылы мемлекет қызметінің сипатын, оның даму бағыттарын, ұйымдастырылу деңгейін анықтауға болады[8].

Мемлекеттің функциялары Кеңестік дәуірде өте кең түрде пайдаланылды. Функция мемлекеттің таптық мазмұнына сәйкес өзгеріп, ескіріп, жаңарып отырады. Қазіргі кезеңде Кеңес Одағы ыдырап, республикалар дүниежүзілік қауымдастыққа бет бұрып, либерал-демократиялық даму процесіне көшкенде мемлекеттің функцияларын тек қоғамның таптық мазмұнына сәйкес қарастыру

дұрыс емес.

Себебі функцияның дамуына таптармен бірге халықтың рухани сана-сезімі, мәдениеті, ғаламдық мәселелер де зор әсер етеді. Бұл дүниежүзілік саяси көзқарас. Кеңестік дәуірде де, қазіргі кезеңде де мемлекеттің функциясын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Өйткені функцияның мазмұнын терең түсініп, білу тек мемлекеттің бүгінгі жұмысын, қызметін жақсарту ғана емес, сонымен бірге қоғамның, мемлекеттің тарихи даму процесін зерттеп, дұрыс түсінуге көп үлес қосады. Функция мемлекет пен қоғаммен бірге дамып, бірге өміп сүріп келеді. Бұл объективтік процесс. Қазіргі заманда Қазақстан Республикасының функциялары күрт өзгеріп, дамуда. Олардың негізгі бағыты – нарықтық экономиканы қалыптастыру, либералды-демократиялық мемлекетті орнату.

Функция тек заң ғылымына тән санат емес. Ол физика, математика сияқты ғылымдарда да кеңінен қолданылады. Дегенмен, мемлекет және құқық теориясында қарастырылатын мемлекет функциясы ұғымы жан-жақты сипатқа ие [9].

Мемлекет функциясы – бұл оның іс - әрекеттің негізгі бағыттары. Мемлекет функциясын ішкі және сыртқы функцияларға жіктеп көрсетуге болады. Мемлекеттің сыртқы функциялары бұл келесі бағыттар бойынша жүзеге асатын мемлекеттің сыртқы саяси іс-әрекеті: халықаралық экономика, халықаралық құқық, қауіпсіздікті сақтауға байланысты халықаралық ынтымақтастық, адам құқықтарын халықаралық қорғау, қоршаған ортаны халықаралық қорғау. Мемлекеттің ішкі функциялары - бұл мемлекеттің өз аумақ шектерінде жүзеге асыратын іс-әрекетінің негізгі бағыттары. Бұл келесі функциялар: саяси (тұжырымдамаларды дайындау, қоғам өмірін жақсарту бойынша бағдарламалар), құқық субъектілерін заңдық қорғау (құқық қорғау органдарының іс - әрекеті, сот, прокуратура және т.б.), экономикалық (салық салу, тарифтік реттеу және т.б.), әлеуметтік (зейнетақымен қамсыздандыру және т.б.), мәдени – тәрбиелік (кітапханаларды, музейлерді қамтамасыз ету және т.б.) ғылым мен техниканы дамыту (ғылыми зерттеулерді қаржыландыру және т.б.), экологиялық (қоршаған ортаны қорғау және т.б.).

Мемлекеттің функциялары туралы әр түрлі ой-пікірлер бар. Солардың бірі функция көп өзгеріске ұшырамайды деп, оның бірнеше түрлерін келтіреді: жалпы қоғамдық, әлеуметтік, таптық, ұлттық, ғылыми-техникалық, экологиялық интернационалдық функциялар. Функцияны түрлерге бөлудің негіздері: тұрақты және уақытша функциялар; негізгі және негізгі емес функциялар; заңды қабылдау, орындау, қорғау функциялары. Мемлекеттердің көпшілігі функцияны екіге бөледі: ішкі және сыртқы функциялар. Осы пікірді қазіргі заманда мемлекеттер дұрыс деп қолдануда. Мемлекеттің функциясының орындалуын мемлекеттік аппарат пен органдар қамтамасыз етеді. Әуелі функцияны орындау үшін тиісті мемлекеттік орган құрылады. Бірнеше органдар функцияның мазмұнына қарай мемлекеттік аппараты қалыптастырады.

Функцияның орындалу кезең-сатылары: функция – орган – аппарат – мемлекет. Мемлекеттің функциясы арқылы қоғамның алдында тұрған мүдде – мақсаттардың мазмұнын, оның орындалу бағыттарын толық білуге болады.

Мемлекеттің ұйымдастыру қызметінің түрлері:

- жаңа шыққан заңдарды, нормативтік актілерді насихаттау, түсінік беру;
- мемлекеттік органдарға көмек көрсету, бақылау, тексеру жүргізу;
- материалдық-техникалық операциялар жүргізу; баяндамалар, іс-қағаздарын дайындау, заңдарды нормативтік актілерді басып шығару, басқа да құжаттардың толтырылуын қамтамасыз ету;
- әртүрлі жиналыстар, мәжілістер, конференциялар өткізу;
- мемлекеттік органның тәжірибелерін жинақтап қорытынды жасау;
- қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының мемлекеттің қызметі туралы ой-пікірлерін, ұсыныстарын жинақтап қорытынды жасау.

Мемлекеттік аппарат тиісті мамандармен, іскер, сенімді азаматтармен толықтырылып құрылады.

Сонымен мемлекеттің функциясы – қоғамды әлеуметтік басқарудағы мемлекеттің атқаратын жұмыстарының негізгі бағыттары мен әдістері.

Жалпы алғанда, мемлекеттік аппараттың дербес бөлігі ретіндегі әрбір мемлекеттік орган келесідей белгілерге ие:

- 1) мемлекеттің атынан оның міндеттері мен функцияларын жүзеге асырады.
- 2) Биліктік өкілеттіктерге ие болады.
- 3) Белгілі бір құзыретке ие болады.
- 4) Белгілі бір құрылымға ие болады.
- 5) Қызметінің аумақтық шегі болады.
- 6) заңда белгіленген тәртіп бойынша құрылады[10].

Мемлекеттің функциялары қалыптасу себептеріне қарай екі түрге бөлінеді: таптық қайшылықтарды реттеу функциясы және жалпы қоғамды реттеп, басқару функциясы. Қазіргі заманда мемлекеттердің көпшілігінде таптық күрес бәсеңдеп, демократия дамып, монополияның озбырлығы шектелгенде таптық қатынасты реттеу функциясы өте сирек қолданылады. Дамушы елдерде бұл функция жиі, күрделі түрде пайдаланылады. Мемлекеттердің көпшілігінде функциялар ішкі және сыртқы деп екі күрделі топқа бөлінеді.

Мемлекеттің ішкі функциялары:

1. Экономикалық функция – мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі стратегиялық бағыттарын анықтау, олардың орындалу жолдары, тәсілдерін көрсету. Экономиканың дамуын реттеудің төрт тәсілі болады:

- 1) салық саясаты арқылы мемлекет бюджетінің даямуын реттеп-басқару;
- 2) экономиканың тиісті, қажетті саласына жеңілдік беріп дамыту;
- 3) ғылым мен техниканы дамытып экономиканы көтеру (бұл екі жақты процесс);
- 4) мемлекеттік өндірісті дамыту.

2. Мемлекеттің сыртқы функциялары оның халықаралық аренадағы қызметінің негізгі бағыттарын білдіреді. Олар мемлекеттің келесідей сыртқы міндеттерін шешуге арналған: басқа мемлекеттермен қалыпты қатынастарды қалыптастыру және сақтау, сыртқы агрессиядан мемлекеттің қорғанысын қамтамасыз ету.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Теория государства и права. Под редакцией В.К. Бабаева. Москва: Юрист, 2017
2. К.Т. Байжанова. Мемлекет және құқық теориясы
3. Хропанюк В.Н. Теория государства и права. М.: Интерстиль, 2014.
4. Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права: Учебник. – М.: Юристъ, 2004. – 512 с.
5. Венгеров А.Б. Теория государства и права. М.: Юриспруденция, 2009.
6. Власенко Н.А. Теория государства и права. М.: Юриспруденция, 2016
7. Тихомиров Ю.А. Государство: преемственность и новизна. Научное издание. М.: Юриспруденция, 2016.
8. Марченко М.Н. Теория государства и права. М.: Проспект, 2014.
9. Теория государства и права. Под ред. М.М. Рассалова, В.О. Лучина, Б.С. Эбзеева. М.: закон и право, 2015.
10. Комаров С.А., Малько А.В. Теория государства и права. Теория государства и права. М.: Норма, 2013.

Бақылау сұрақтары :

1. Мемлекет дегеніміз не?
2. Мемлекеттің мәні.
3. Құқық дегеніміз не?
4. Мемлекеттің пайда болуы туралы теорияларды атаңыз.
5. Құқықтың пайда болуы туралы теорияларды атаңыз.
6. Мемлекет механизмі деген не?
7. Мемлекет функцияларының анықтамасы және олардың мәні.
8. Мемлекет пен құқықтың пайда болу және даму жолдары.

ГЛОССАРИЙ

1. Құқық – заңдарда, мемлекетпен танылатын өзге де қайнар көздерде көрініс тапқан құқылы-рұқсатты, сондай-ақ тыйым салынған жүріс-тұрыстың жалпыға міндетті талабы болып табылатын жалпыға міндетті нормалар жүйесі.

2. Заңдылық – барлық заңды нормаларды, барлық субъектілердің заңдар мен заңға бағынышты актілерді сақтауы. заңдылық қоғамды мемлекеттік басқару әдісі ретінде және режим ретінде құқықтық қатынастың барлық субъектілерінің қолданыстағы заңдар мен заңдық нормаларды қатаң және бұлжытпай орындауын білдіреді.

3. Мемлекет - қоғамдағы аса маңызды таптық қатынастарды және өзге де жалпы адамзаттық мәселелерді шешуді және орындауды қамтамасыз ететін, тарихи қалыптасқан қоғамды ұйымдастыратын бірден-бір жан-жақты әмбебап саяси ұйым.

4. Мемлекет механизмі – мемлекет әрекетінің негізгі бағыттарын жүзеге асыратын, қоғамды басқаруды жүргізетін, белгілі түрде ұйымдастырылған, ішкі

тұтастығымен және өзара байланыстылығымен сипатталатын мемлекет органдарының жүйесі.

5. Функция-мемлекет пен құқықтың алдында тұрған мүдде-мақсаттарды, міндеттерді орындау қызметінің негізгі бағыттарын және оның әдіс-тәсілдерін анықтап, іске асыру.

6. Мемлекеттік биліктің егемендігі-мемлекет ішіндегі түрлі биліктерге өкілеттілігін жүргізе алатын, халықаралық құқық нормаларына сәйкес шет мемлекеттермен қарым-қатынас жасай алатын билік.

2 Құқықтық нормалар мен құқықтық қатынастар

Әлеуметтік нормалар мемлекетке дейінгі кезден бастап қоғамдық қатынастарды реттеудің басты құралы болып табылады. Олар қоғамның дағдарысқа ұшырамай, біркелкі дұрыс дамуын қамтамасыз етіп отырады. Бұл объективтік процесс. Әлеуметтік нормалар көне заманнан адам қоғамымен бірге өмір сүріп, диалектикалық процесс арқылы дамып, нығайып келеді. Әлеуметтік нормалар арқылы қоғамдық қатынастар туындап, өзгеріп, жаңарып, дамып жатады. Нәтижесінде қоғам өзгеріп, жаңарады, процестік жолға қарай бет алады.

Әлеуметтік нормалардың негізгі түрі ретінде құқық нормасы – мемлекетпен бекітілген, санкцияланған және қорғалатын және қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған және оны бұзған жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы қарастырылған жалпыға міндетті, формальды анықталған мінез-құлық ережесі. Әлеуметтік нормалардың маңызды түрі – құқықтық нормалар. Әлеуметтік норманың барлық сапаларын иемдене отырып, олар мемлекетпен ажырағысыз байланысы арқылы анықталатын арнаулы ерекшеліктерімен де сипатталады.

Құқық нормасы қоғамда әрекет ететін әлеуметтік нормалардың аса маңызды түрі. Сондықтан қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып табылатын әлеуметтік нормаға тән барлық белгілер құқықтық нормаға да тән болады[1].

Құқықтық норма – мемлекетпен бекітілген, мақұлданған әрекет тәртібі. Құқықтық норма – әлеуметтік құрылым ретіндегі құқықтың бастапқы элементі, бүкіл құқықтық жүйенің негізгі түсінігі. Құқықтық норманың салыстырмалы толық түсінігін анықтау үшін оның қалыптасу процесін, негізделуін, табиғатын, қасиеттерін, әлеуметтік ролін ұғыну керек.

Құқықтық норма – құқықтың бастапқы жасушасы.

Құқықтық норма мемлекетпен құрастырылатын типтік қарым-қатынастардың үлгісі болып табылады. Ол азаматтардың мүмкіндіктері мен дәстүрлі мінез-құлықтарының шектерін, белгілі бір қарым-қатынаста ішкі және сыртқы бостандығын айқындайды.

Құқықтық нормалардың негізгі белгілері:

1. Құқық нормасын мемлекет бекітеді немесе санкциялайды.
2. Құқық нормасы өкілдік-міндеттеушілік сипатқа ие.

3. Құқықтық норманы жүзеге асыру қажет болған жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етіледі.

4. Құқықтық нормалар мемлекеттік қарым-қатынастардың негізгі реттеушісі болып табылады[2].

Құқық нормалары өзіне тән ішкі құрылымға ие. Бұл құрылым құқықтық нормалардың ішкі құрамдас бөліктерінің өзара байланысын көрсетеді. Гипотеза, диспозиция, санкция әрекет тәртібі ретіндегі заңдық норманың құрылымдық элементтері болып табылады.

Гипотеза - нақты жағдайларда өмірлік жағдайларға сілтейтін, солардың болуы арқасында оның диспозициясы жүзеге асатын құқықтық норманың элементі. Гипотезаның көмегімен анықталған абстрактілі әрекет нұсқасы нақты өмірлік жағдайларға, субъектілерге, уақытқа жеке бекітіледі. Гипотезаның шеңберінде жалпы мен жекенің диалектикалық әрекеттестігі жүзеге асады. Гипотеза толық және жартылай анықталған болып бөлінеді.

Диспозиция – шынайы жүріс-тұрысты құқыққа сай немесе құқыққа қайшы деп бағалаудың негізі болатын құқықтық норманың элементі. Диспозиция заңдық норманың түп тамыры - әрекет тәртібі. Сондықтан да, кейде заң әдебиетінде құқық нормасы диспозицияға саяды. Бірақ, құқық нормасы бір диспозициядан тұруы мүмкін емес. Диспозиция гипотезамен, санкциямен ұштаса отырып өзіндік реттеушілік қасиетіне ие болады.

Диспозиция толық анықталған (субъектілердің құқықтары мен міндеттері барынша айқын көрсетіледі), жартылай анықталған (субъектілердің құқықтары мен міндеттері жалпылама көрсетілген) және сілтемелі (әрекет тәртібі толықтай немесе жартылай басқа нормаға сілтенеді) болып бөлінеді.

Санкция - құқықтық норманың диспозицияда көзделген ереже бұзылған жағдайда орын алуы мүмкін салдардан тұратын бөлігі. Санкция – құқықтық норманың диспозициясында көрсетілген талаптардың бұзылуы жағдайында қолданылатын шаралар. Санкция позитивті (өз міндетін дұрыс орындағаны үшін көтермелеу шаралары) және негативті (жазалау шаралары түрінде) болуы мүмкін.

Санкция анықталу дәрежесіне байланысты үш түрлі болады: 1) толық анықталған санкция (мысалы, өлім жазасына кесу); 2) салыстырмалы анықталған санкция (жауапкершіліктің бастапқы мен жоғары мөлшерін анықтау); 3) альтернативті санкция (санкцияның бірнеше түрін ұсыну)[3].

Құқық нормалары келесідей негіздер бойынша түрлерге бөлінеді:

1. Құқық салалары бойынша конституциялық, әкімшілік, еңбек, азаматтық, қылмыстық және тағы да басқа құқық салаларының нормалары ажыратылады.

2. Құқықтық нормалар жүзеге асыратын функциялары бойынша реттеуші және қорғаушы болып жіктеледі.

3. Құқықтық нормаларда бекітілген жүріс-тұрыс ережелерінің сипаты бойынша міндеттеуші, тыйым салушы және өкілеттік беруші құқықтық нормалар ажыратылады.

4. Нормативтік құқықтық актілердің баптарында құқықтық норма элементтерінің көрініс табу дәрежесіне қарай абсолютті анықталған, салыстырмалы және балама құқықтық нормалар болып жіктелінеді.

5. Тұлғалар арасында таралуына байланысты жалпыға ортақ және арнайы құқықтық нормалар ажыратылады.

6. Мамандандырылған құқықтық нормалар. Олар құқықтық реттеу процесінде қандай рөл атқаратындығына қарай ажыратылады. Мамандандырылған нормалар келесідей түрлерге жіктеледі: бекітуші нормалар, дефинитивтік нормалар және норма-қағидалар [4].

Қоғамдағы адамдар арасындағы қатынастар алуан түрлі болып келеді. Олар көбінесе моральдық, саяси, ұлттық, діни сонымен қатар құқықтық нышанда болып келеді. Құқықтық қатынас қоғамдағы адамдардың бір-бірімен қатынасын реттеп отыратын құқық нормалары болып табылады.

Құқықтық қатынас - қатысушылардың субъективті құқықтары мен заңды міндеттері болатын, құқық нормалары мен заңда көрсетілген фактілерге сәйкес туындайтын, ерік-ықтиярды білдіретін қоғамдық қатынастар.

Құқық нормасы құқықтық реттеудің статикалық жағдайын білдіретін болса, құқықтық қатынас оның динамикалық, яғни қозғалыстағы жағдайын көрсетеді. Құқықтық қатынас абстрактілі құқықтық нормаларды жекеленген байланыстар, яғни белгілі бір субъектілер үшін субъективті құқықтар мен заңды міндеттер деңгейіне аударуға мүмкіндік береді.

Құқықтық қатынастардың белгілері:

- әлеуметтік субъектілер арасындағы екі жақты нақты байланысты көрсететін қоғамдық қатынас;
- құқық нормасы негізінде туындайтын іс жүзіндегі қоғамдық қатынастардың нысаны;
- адамдар арасындағы субъективті құқықтар мен заңды міндеттер көмегімен жүзеге асырылатын байланыс;
- ерікті қатынастар болып табылады, себебі оның пайда болуына қатысушылардың ең болмаса біреуінің еркі қажет;
- қатынас белгілі бір объектінің, құндылықтың төңірегінде жүргізіледі;
- мемлекеттің мәжбүр ету күшімен қорғалатын және қамтамасыз етілетін қатынас.

Құқықтық қатынастар әртүрлі негіздер бойынша бірнеше түрлерге жіктелінеді:

1. Құқықтың функцияларына қарай:

- реттеуші құқықтық қатынастар-қоғамдық қатынастарды реттеу мақсаттарында туындайды;

- қорғаушы құқықтық қатынастар - белгіленген құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қорғау мақсаттарында туындайды, реттеуші қатынастарды жүзеге асыруға жағдай жасайды.

2. Анықтау дәрежесіне қарай:

- абсолютті анықталған құқықтық қатынастар;

- салыстырмалы анықталған құқықтық қатынастар.

3. Құқықтық қатынастардың құрамына қарай:

- жай құқықтық қатынастар- екі субъектінің арасындағы бір құқықтық норманың ережесін жүзеге асырумен байланысты қатынастар;

- күрделі құқықтық қатынастар – бірнеше субъектінің арасындағы бірыңғай мақсатпен біріккен құқықтық нормалар кешенін жүзеге асыру барысында қалыптасатын қатынастар.

Құқықтық қатынас дегеніміз-қатысушыларының субъективтік құқықтары мен заңда көрсетілген міндеттері болатын, құқық нормалары мен заңда көрсетілген айғақтарға (фактілерге) сәйкес туындайтын, ерік ықтиярды білдіретін қоғамдық қатынастар. Құқықтық қатынас күрделі құрамға ие. Оның құрамы маңызды төрт элементтен тұрады: субъект, объект, субъективті құқық және заңды міндет (заңдық мазмұн).

Құқық субъектісі- мемлекет субъективтік құқықтар мен заңды міндеттерді иеленуші деп танытын тұлға немесе ұйым. Қазіргі заң әдебиеттерінде «құқық субъектісі» түсінігі көп жағдайда «субъект» және «құқықтық қатынастар қатысушысы» терминдерінің синонимі ретінде қолданылады[5].

Құқықтық қатынас субъектілері өзінің құқық, әрекет қабілеттілігін пайдаланған құқық субъектісі. Құқықтық қатынас субъектілері екі топқа жіктеледі: жеке субъектілер және ұжымдық субъектілер. Жеке субъектілерге мыналар жатады: азаматтар, қос азаматтылығы бар адамдар, азаматтығы жоқ адамдар, шет ел азаматтары. Ал ұжымдық субъектілерге: мемлекет, мемлекеттік ұйымдар және мемлекеттік емес ұйымдарды жатқызуға болады.

Құқықтық қатынас субъектісі – жеке адам және заңды тұлғалар. Қазақстан Республикасының және басқа елдердің азаматтары сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып ұғынылады (ҚР АҚ, 12 б.).

Қатынас субъектісі болу үшін олардың құқықтық қабілеті және әрекеттілігі қалыптасуы керек.

Құқықтық қабілет- азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті. Құқықтық қабілет адам туған сәттен басталып, өлгенде аяқталады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі азаматтардың құқықтық қабілетінің негізгі мазмұнын келесідей негізде анықтайды: азаматтың Қазақстан Республикасы шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлікті, соның ішінде шетел валютасын меншіктенуге; мүлікті мұраға алып, мұраға қалдыруға; республика аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жер тандауға; республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға; дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп заңды тұлғалар құру; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысу; өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына, интеллектуалдық қызметтің өзге де туындыларына интеллектуалдық меншік құқығы болуға; материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы болады; басқа да мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары болады(ҚР АҚ, 14 б.).

Әрекет қабілеттілік – адамның өз әрекетімен құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі. Әрекеттіктің басты шарты кәмелеттік немесе құқықтық нормада белгілі жасқа толу болып табылады[6].

Әрекет қабілеттілік субъектінің психикалық және жастық қасиеттеріне

байланысты болады. Қазақстан Республикасында толық әрекет қабілеттілік 18 жастан бастап танылады. Әрекет қабілеттіліктің бірнеше түрі кездеседі:

- толық әрекет қабілеттілік (18 жастан басталады);
- жартылай әрекет қабілеттілік (14 пен 18 жас аралығында);
- шектелген әрекет қабілеттілік (ішімдікке немесе нашақорлыққа салынуына байланысты өзін немесе отбасын ауыр материалдық жағдайға әкелетін болса, жақын туыстарының өтінішімен немесе прокурордың талабымен 18-ден асқан азаматтың сот арқылы әрекет қабілеттілігі шектеледі);
- әрекет қабілеттілігінің болмауы. Жүйке ауруларымен ауруына байланысты кәмелетке толған субъект өз әрекетіне жауап бере алмайтын жағдайда болса, сот органының шешімімен әрекет қабілетсіз деп танылады.

Қазіргі кезде азаматтық құқықта 16 жасқа толған жасөспірімдерді еңбек шарты бойынша еңбек ететін болса немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, ата-анасының не болмаса қамқоршыларының келісімімен, толық әрекет қабілетті деп сот арқылы тануға рұқсат етіледі.

Құқықтық қатынастың объектісі – қоғамдағы көп түрлі, көп салалы саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбектік т.б. қарым – қатынастар. Материалдық дүние – заттар, рухани-шығармашылықтың өнімдері, жеке мүліктік емес игіліктер, құқық субъектілерінің іс-әрекеті және құқықтық қатынастардың нәтижелері – құқықтық қатынастың объектілері[7].

Құқықтық қатынастардың объектілері көп жағдайда материалдық және материалдық емес деп бөлінеді. Материалдық объектілер – жеке тұлғаны, адамдар тобының ұжымның және т.б. қажеттіліктерін қанағаттандыратын объективтік әлемнің заттары. Мысалы, зат-мүлік, асыл заттар, ақша және т.б. Олар азаматтық-құқықтық қатынастарға тән болады. Ал материалдық емес объектілер - жеке, саяси, мәдени және т.б. қажеттіліктерді қанағаттандыратын игіліктер. Оларға: адам өмірі, денсаулығы, ар-ұяты, намысы, оның бостандығы және қауіпсіздігі, тұлғасына қолсұғылмаушылық, құрметті атақтары және сол сияқты құндылықтар жатады.

Құқықтық қатынастың объектісі – тек қоғамдық және жеке тұлғалардың мүдде-мақсатын реттеп, басқарып отыратын қарым-қатынастарды қамтиды. Осы мүдде – мақсаттарды орындаудағы субъектілердің іс-әрекеті, атқаратын жұмыстары құқықтық қатынастың объектісі болады.

Құқықтық қатынастардың объектісі (заты) - табиғат құбылыстары, мүліктік, өзіндік мүліктік емес игіліктер. Субъективтік құқық пен заңды міндеттер аталған объектілерге бағытталған.

Субъективтік құқық – субъектіге жеке мүддесін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін заңды мүмкін болатын әрекет мөлшері. Оның негізгі ролі, маңызы субъектіге өз мүддесін қанағаттандыруға, белгілі бір құндылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беру болып табылады[8].

Субъективтік құқықтың орындалу әдіс-тәсілдері: 1) құқықтың алдында қойылатын өз мүдде – мақсатын анықтау; 2) құқықтық норманны дұрыс пайдалану; 3) құқықтық тәртіпті қатаң орындау.

заңды міндет – заң белгілеген әрекетті істеу немесе істемеу шарттары.

Мұндай міндет басқа тұлғаның мүддесін қанағаттандыру үшін жүктеледі. заңды міндеті бар тұлға оны өз еркімен орындамаса, оған мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Малько А.В., Матузов Н.И. Теория государства и права: Курс лекций / Москва: Юрист, 2014
2. Хропанюк В.Н. Теория государства и права. М.: Интерстиль, 2014.
3. К.Т. Байжанова. Мемлекет және құқық теориясы.
4. Комаров С.А., Малько А.В. Теория государства и права. Теория государства и права. М.: Норма, 2013.
5. Теория государства и права. Под редакцией В.Я.Кикотя, В.В. Лазерева. Москва: ИНФРА-М, 2015.
6. Марченко М.Н. Теория государства и права. М.: Проспект, 2014.
7. . Власенко Н.А. Теория государства и права. М.: Юриспруденция, 2016
8. Теория государства и права. Под ред. М.М. Рассолова, В.О. Лучина, Б.С. Эбзеева. М.: закон и право, 2015.

Бақылау сұрақтары :

1. Құқық нормалары дегеніміз не?
2. Құқық нормаларының құрылымы?
3. Құқық дегеніміз не?
4. Мемлекеттің пайда болуы туралы теорияларды атаңыз.
5. Құқықтың пайда болуы туралы теорияларды атаңыз.
6. Құқық қатынас ұғымы.
7. Құқық қатынастың құрылымы.
8. Мемлекет пен құқық қалай пайда болып, дамыды?

ГЛОССАРИЙ

1. Құқық нормасы (құқықтық норма) – нормативтік құқықтық актіде тұжырымдалған, бірнеше рет қолдануға арналған және нормативтік реттелген ахуал шеңберінде барлық тұлғаларға қолданылатын жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі.

2. Құқықтық қатынас- құқық нормаларымен реттелген ерікті қоғамдық қатынас.

3. Гипотеза – өмірде болатын нақтылы жағдайларға құқықтың норманың қолданылуы.

4. Диспозиция – құқық нормасы бекіткен субъектілердің мінез – құлық ережесі.

5. Санкция - құқықтық норманың диспозициясында көрсетілген талаптардың бұзылуы жағдайында қолданылатын шаралар.

6. Құқық қабілеттілік – құқыққа, бостандықтар мен міндеттерге ие болу

қабілеті.

7. Әрекет қабілеттілік – адамның өз әрекетімен құқығын пайдалана алу және оны жүзеге асыру, өзі үшін міндеттер тудырып, оларды орындау қабілеті.

8. Құқықтық қатынастың объектісі – қоғамдағы көп түрлі, көп салалы саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбектік т.б. қарым – қатынастар.

9. Субъективтік құқық – субъектілердің ықтимал мінез – құлықтарының түрлі және мөлшері.

3. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық негіздері.

Конституциялық құқық — еліміздегі құқық жүйесінің жетекші саларының бірі. Конституциялық құқық ол өзінің ішкі тұтастығымен сипатталатын біртұтас құқықтық нормалар жүйесін білдіреді және басқа құқық жүйесінің нормаларынан ерекшеленеді. Конституциялық құқық – бұл мемлекеттік билік органдарын қызметтеу, тұлға мен мемлекет арасындағы өзара қатынастардың қағидаларын, негізгі конституциялық құрылымын бекітуші, реттеуші және қамтамасыз етуші, жоғарғы заңдық күшке ие құқықтық нормалардың жиынтығын білдіретін құқық саласы. Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар оның пәнін құрайды. Кез келген құқық саласы сияқты конституциялық құқық та құқықтық нормалардың жиынтығынан тұрады[1].

Конституциялық құқық пәнінің өзіндік ерекшеліктері бар. Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар мемлекет пен қоғам өмірінің негізгі бастауларын құрайды және мемлекеттік биліктің жүзеге асуымен тікелей байланыста жүргізіледі.

Конституциялық құқық - бұл ішкі бірлікпен сипатталатын және құқықтық реттеудің тәуелсіз субъектісі болып табылатын біртекті әлеуметтік қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын құрайтын Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің саласы.

Конституциялық құқықтың зерттеу пәні болып мемлекеттік билікті жүзеге асырумен тікелей байланысты қоғамдық қатынастар және оның ұйымдары, мемлекет құрылымы, сондай-ақ адам мен мемлекет арасындағы қатынастар табылады. Демек, конституциялық құқықтың құқықтық реттеу пәні болып, мемлекет пен қоғам өмірінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларын қамтитын іргелі әлеуметтік қатынастар қарастырылады. Бұл конституциялық құқық саласын Қазақстан Республикасының жетекші құқық салаларының бірі деп тануға мүмкіндік береді.

Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қатынастардың асыя айтарлықтай кең және жан- жақты. Ол мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларын қамтып, оларды тікелей реттей алады және мемлекетпен қоғам өмірінің негізгі бастауларын реттеуді пәндік ерекшелік ретінде қарастырады .

Конституциялық құқықтық нормалар заңның басқа да салаларының нормаларының барлық белгілеріне тән. Олар сондай-ақ қоғамдық қатынастарды реттейтін құрал болып табылады және мемлекетпен қабылданып, реттеуші

және құқық қорғау функцияларын жүзеге асырады.

Сонымен қатар, ол мемлекет пен қоғамдағы кең таралған саяси, экономикалық, әлеуметтік, діни қатынастардың негізін қалайды.

Конституциялық құқықтың пәні болып аса маңызды қоғамдық қатынастар табылады, олар келесі институттарды қамтиды:

- мемлекеттің конституциялық (қоғамдық) құрылысы, мемлекетте билікті жүзеге асырудың нысандары мен тәсілдері;
- тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері;
- мемлекеттік құрылымы, яғни мемлекетті аумақтық ұйымдастыру;
- мемлекеттегі мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін – өзі басқару органдарының жүйесі, олардың қызметі мен ұйымдастыру негіздері, қағидалары[2].

Конституциялық құқық, мемлекеттік және қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тәсілдері мен әдістерінің көмегімен реттейді.

Конституциялық – құқықтық қатынастарды реттеу үшін төмендегідей әдістер қолданылады: 1) міндеттеу әдісі; 2) тыйым салу әдісі; 3) рұқсат ету әдісі; 4) тану әдісі. Міндеттеу әдісі мемлекеттік органдар мен жеке тұлғаларға қатысты, барлық қызмет салаларында қолданылады. Еліміздің Ата заңының 18-бабында: «Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылған. Еліміздің Ата заңының 6-бабы бұл әдісті қолданудың тағы бір көрінісі болып табылады. Яғни: «Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс». Осы конституциялық норма мемлекеттік органдарды да, жеке меншік иелеріне де меншікті тек өз мүддесіне ғана емес, сонымен қатар, қоғам мүддесіне де пайдалануға міндеттейді[3].

Конституциялық құқықта тыйым салу әдісінде қолданылады. Бұл әдіс мемлекеттік органдарға, қоғамдық құрылымдарға және азаматтарға қатысты шек қою жағдайларында ғана орын алады. Ата заңымыздың 39-бабының 3 – тармағында былай делінген: «Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді». Тыйым салу әдісі субъектінің қандай да бір әрекет жасауына тыйым салады.

Рұқсат ету әдісі – конституциялық-құқықтық қатынастың субъектісінің әрекет ету мүмкіндігі. Рұқсат ету әдісі мемлекеттік органдардың конституциялық өкілеттіктерімен, сонымен қатар Конституцияда кепілдендірілген құқықтар және бостандықтармен анықталады.

Еліміздің Ата заңы 1995 жылдың 30 тамызында қабылданды. Ата заңның қабылдау күні - 30 тамыз 1995 жыл, ал оның күшіне ену уақыты - 5 қыркүйек 1995 жыл. Осы күні «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде Конституция қабылданған референдумның нәтижелері жарияланды. Біздің Ата заңымыз 9 тарауға біріктірілген 98 баптан тұрады: Жалпы ережелер, Адам және азамат, Президент, Парламент, Үкімет, Конституциялық Кеңес, Сот және әділ сот, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару, Қорытынды және өтпелі ережелер.

Ата заңның кіріспе бөлімінде (преамбула) анықталғандай, өзін азаматтық қоғам деп танып, Қазақстан халқы мемлекеттілік құрған, еркіндік, теңдік және келісім идеалын ұстанып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымыздың негізінде Ата заңымызды қабылдаймыз делінген.

Бірінші бөлімде конституциялық құрылым негіздері бекітілген және мемлекетімізді демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу. Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағына таралады, ол біртұтас, қол сұғылмайтын және бөлінбейтін болып табылады. Өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға беретін, еркін сайлау және республикалық референдум арқылы мемлекеттік билікті жүзеге асыратын, биліктің бірден-бір бастауы - халық. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар.

Ата заңда заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну қағидасына сәйкес және олардың өзара іс-қимыл жасауда тепетеңдік және тежемелік жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асыратын, мемлекеттік биліктің біртұтастығы бекітілген.

Еліміздегі әрекет етуші құқық ретінде заңға және басқада нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетін Ата заң нормалары, халықаралық шарттар мен Республиканың басқа да міндеттемелері, сондай-ақ Республиканың Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары анықталады. Ата заңның ең жоғары заңды күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

Парламент пен ратификацияланған, халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады. Барлық заңдар және халықаралық шарттардың қатысушысы болып Қазақстан танылса, олар арнайы жариялануы қажет, бұлар азаматтардың құқықтырына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты болса, бұл оларды қолданудың міндетті талабы болып табылады.

Ата заңның әрекеті республиканың бүкіл аумағында қоғамдық қатынастарға тиімді және шынайы құқықтық әсер етуімен анықталады. Бұл бүкіл қазақстандық қоғам мен мемлекет үшін конституция нормалары тек қана бағдарлама, саяси акт ғана емес, қоғамдық қатынастарды тікелей реттейтін

заңды құжат екендігін түсіндіреді.

Ата заң мемлекеттің негізгі заңы және ол сол мемлекеттің құқықтық жүйесінде приоритетті жағдайды иеленеді. Ата заң құрамына мемлекет және құқықтың әлеуметтік сфералары саясаттың, экономиканың, қоғамның мәнін анықтайтын базалық идеялар біріктіріледі. Ата заңда мемлекеттік реттеудің мәні мен шектері бекітілген, мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бастаулары анықталған, ұлттық және халықаралық құқықтардың ара-қатынасы көрсетілген. Халықаралық шарттардың маңыздылығының өзі еліміздің Ата заңында ерекше орын алған. Оған біз Ата заңымыздың 4 бабына сілтеме жасай отырып куә боламыз. 1. Ата заңымыздың ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады. 2. Республика бекіткен халықаралық шарттың Республика заңдарынан басымдылығы болады, және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады. 3. Барлық заңдар Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

Ата заңның ерекше белгілеріне тоқталатын болсақ, қоғамдық қатынастардың конституциялық құқықтық реттілігінің дамуын мінездейтін әлемдегі мынандай үш ерекшелікті атап көрсетуге болады.

1. Конституцияларды, жалпы алғанда конституциялық құқықты тұрақты социализацияландыру көрініс табуда. Дүние жүзіндегі алғашқы конституциялар, әдетте, саяси сферамен шектелген. Олар жеке (азаматтық) және саяси құқықтар мен бостандықтарын уағыздаған. Тек, ерекше жағдайда ғана құқық меншігін (мәні жағынан әлеуметтік-экономикалық тұрғыда) мәлімдеген. ХХ ғасырдағы әлеуметтік шиеленістердің нәтижесінде конституцияға бүкіл қоғамдық құрылысты реттеудің белгілі бір нысандарын (саяси, әлеуметтік-мәдениет жүйелерін қосқанда) енгізу қажеттігі талап етілді. Осындай дәстүрді іс жүзінде енгізіп, нығайтуға «социалистік» деп аталатын елдердің (КСРО) конституциялары көп әсерлерін тигізді. Алғашқы жылы кеңестік конституциялары Қазан революциясынан кейін пайда болды. 2. Конституциялық құқықты демократизацияландыру. Бұл тенденция барлық жерлерде сайлаудың жалпыға бірдей, тең және төтелігінен туындайды. Өйткені, біз, Республика Президентінің, Парламент Мәжілісінің, Сенатының және мәслихаттарының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін жасырын дауыс беру жағдайында, лауазымына қарамастан, тек Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық заңы негізінде ғана өткіземіз. Бұдан да басқа қазіргі кездегі, өз егемендігімізді алғаннан бері дүниеге жаңа демократиялық институттар келіп, дами бастады. Солардың бірі-әкімшілік пен конституциялық әділеттілік, адам құқығы жөніндегі мемлекеттік ұйымдар, т.б. Конституциялық құқықты интернационализациялау. Бұл тенденцияның басты өзегі әрбір демократиялық мемлекеттің Ұлттық конституциялық құқығының халықаралық құқықпен жақындасып, олардың арасындағы алшақтықтың бірте-бірте жойылуы. Жеке мемлекеттің

конституциялық құқық мәселесіндегі айтарлықтай жетістіктері халықаралық деңгейде қорытындылап, олар халықаралық актілерге пактілер, конвенциялар, және т.б. түрінде енеді. Мұның өзі әрбір мемлекеттің ұлттық заңдарына тиісті демократиялық конституциялық құқықтық институттарды кіргізуге өз әсерін тигізеді деген сөз. Қазақстан Республикасының Ата заңындағы «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару, талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады» және «барлық заңдар, Республика қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады», делінген тұжырымдар осының куәсі. Демек, біздің Ата заңымызда тікелей көрсетілмесе де, тек республика бекіткен халықаралық шарттар ғана өзіміздің құқықтық жүйелердің, құрамдас бөлігі деп есептеуімізге күмән жоқ.

Елімізде идеологиялық және саяси әр-алуандылық таңылады. Ата заң мемлекеттік органдарда саяси партиялар ұйымдарын құруға жол берілмейді. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға және мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар қалыптастыруға тыйым салынады. Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының қызметіне, діни негіздегі партияларға, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Ата заңы мемлекеттік меншік пен жеке меншік таниды және бірдей қорғайды. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. (20 маусым 2003 ж. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі).

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Ата заңда Қазақстанмен халықаралық саясатты жүзеге асыруда келесі қағидалар бекітіледі: Республика халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады.

Қазақстан Республикасы Ата заңында адам мен азаматтардың конституциялық мәртебесі бекітілген. Конституциялық мәртебе өзінде субъективтік құқықтар, құқықтық міндеттер, адам мен азаматтардың

бостандығын қамтиды. Тұлғаның конституциялық мәртебесінің дамуы конституциялық құқықтар мен міндеттер жекешелендірілетін салалық заңнамаларда көрініс табады. Жалпы заңнамада бекітілген құқықтар, міндеттер, заңды мүдделер жиынтығы тұлғаның құқықтық мәртебесі деп аталады. Қазақстан Республикасында Ата заңға сәйкес азаматтардың құқықтары мен бостандықтары танылады, кепілдендіріледі, оған әркім тумасынан ие, олар абсолютті, және де заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің қолданылу тәртібін анықтайды. Республика азаматтары өз азаматтығына байланысты құқықтарды иеленіп, міндеттерді атқарады. Шетел азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар заңнамамен өзгеше көрсетілмесе азаматтар иеленетін құқықтар мен міндеттерді атқарады. Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға кедергі жасамауы тиіс, конституциялық құрылым мен қоғамдық тәртіпке қол сұқпауы тиіс.

Әдетте азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын келесідей жіктейді:

1) Саяси құқықтар - азаматтардың мемлекеттік органдардың шешім қабылдауда, сондай-ақ басқаруда азаматтардың қатысумен байланысты мүмкіндіктер (мысалы, сайлау құқығы, мемлекеттік қызметпен айналысу). 2) Азаматтық құқық - азаматтың заңмен бекітілген жалпыға танылған құндылықтарды, яғни өмір сүру, денсаулық сақтау, әркімге тиесілі табиғи құндылықтарды пайдалануға байланысты азаматтардың мүмкіндіктері. 3) Экономикалық құқықтар-мемлекетпен қамтамасыз етілген, табыс алуға бағытталған азаматтардың мүліктік және мүліктік емес мүмкіндіктері (мысалы, кәсіпкерліктің түрлі түрлерімен айналысу). 4) Әлеуметтік құқықтар - азаматтардың заңмен белгіленген жағдайларда заңдық және экономикалық қамтамасыз етілген көмекті мемлекеттен алу мүмкіндіктері (мысалы, зейнет жасына жету т.б.). 5) Мәдени құқықтар - тұлғаның заңды қамтамасыз етілген интеллектуалдық даму мүмкіндіктері (мысалы, білім алуға құқығы, шығармашылыққа құқығы).

Ата заңда бекітілген азаматтардың міндеттері. 1) Қазақстан Республикасын әскери қызмет туралы заңдылықпен бекітілген тәртіп пен түрлер бойынша қорғауға міндетті. 2) Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті. 3) Табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге,

әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған жариялау мен агитацияларға жол берілмейді.

Азаматтық түсінігі, оны алу немесе тоқтату тісініктері 1991 жылдың 20 желтоқсанында қабылданған «Азаматтық туралы» Қазақстан Республикасының заңында регламенттеледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығы – бұл адамның мемлекетпен тұрақты саяси-құқылық байланысын айқындайды, бұл байланыс олардың өзара құқылары мен міндеттерінің жиынтығынан көрінеді[4]. Азаматтық: а) тууы бойынша; б) азаматтықты қабылдау нәтижесінде; в) халықаралық шарттар негізінде, г) заңда көзделген өзге де негіздер бойынша алынады. Азаматтықтың тоқтатылуы: 1) азаматтықтан шығу; 2) азаматтығынан айырылу салдарында. Қазақстан Республикасы азаматтығынан: а) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген реттерді қоспағанда, адамның басқа мемлекетте әскери қызметке қауіпсіздік қызметіне, полицияға, юстиция органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан; б) егер Қазақстан Республикасының азаматтығы көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынса; в) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша; г) егер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адам дәлелсіз себептермен үш жыл бойы консулдық есепке тіркелмесе; д) егер тұлға басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса, айырылады.

Азаматтық, оның қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады. Басқа мемлекеттің азаматтығы Республика азаматы ретінде танылмайды. Халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, азамат шет мемлекетке берілмеді. Қазақстан Республикасы өзінің одан тыс жерлерде жүрген азаматтарын қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді.

Конституциялық құқық сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдарының құрылу, қызмет ету, реорганизациялау және ликвидациялау тәртібін анықтайды және бекітеді.

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі.

Сайлау жүйесі деп мемлекеттің және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің құрылу тәртібін түсінеміз. Мұның ішінде бізге ерекше таныс түрлері – бұл сайлаушы органдардың қалыптасуы кезіндегі принциптері мен қатысу шарттары болып табылады.

Республикадағы сайлау Республика азаматының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді. Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ.

Демократияны құру жолындағы мемлекеттер азаматтардың сайлау құқығын шектейтін әр түрлі цензалар кеңінен қолданады. Бұл цензалардың көбісі тарихи, дәстүрлі түрінде қалыптасты. Демократияны құру жолындағы мемлекеттер азаматтардың сайлау құқығын шектейтін әр түрлі цензалар

кеңінен қолданады. Бұл цензалардың көбісі тарихи, дәстүрлі түрінде қалыптасты.

Сайлау цензі дегеніміз бұл Конституция немесе заңдарды бекіткен сайлау құқығын іске асыруға, пайдалануға жасалатын жағдайды айтамыз. Оның бірнеше түрлері анықталған: жас мөлшерінің цензі; тұрғылықтылық немесе отырықшылық цензі; білімдік цензі.

Жас мөлшерінің цензі деп бұл жерде белгілі бір жас мөлшеріне толған кезде ғана адамға берілетін құқық айтамыз. Бұл заң талабына сай жүзеге асырылады.

Тұрғылықтылық немесе отырықшылық цензі болса- азаматтардың сайлау өткізу кезінде елде тұрақты тұратындығын ескеріп, Конституциямен басқада заңдарда бекітілген талап негізінде сайлау құқығын алу.

Білімділік цензі деп негізінен сайлау заңының талабына сәйкес, сайлау құқығы (негізінен бәсең) білім деңгейі тиісті құжаттарда көрсетілген айқындалған азаматтарға ғана берілуін айтамыз.

Жалпыға бірдей белсенді сайлау құқығы - Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы.

Бәсең сайлау құқығы - Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Никулин В.В. Конституционное право России: Учеб. пособие. – Тамбов: Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2016. -98с.
2. Козлова Е.И., Кутафин О.Е. Конституционное право России. М., 2014. - 545с.
3. Сагиндыкова А.Н. Конституционное право Российской Федерации и Республики Казахстан. Общие черты и особенности. – Алматы: Білім, 2015. - 228с.
4. Сапарғалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан. Академический курс. Изд.3-е,с доп.- Алматы: Жеты Жаргы, 2007. -544с.

Бақылау сұрақтары:

1. Конституциялық құқық қандай құқық саласы?
2. Конституциялық құқықтың қайнар көздері.
3. Конституциялық құқықтың зертеу пәні.
4. Ата заң дегеніміз не?
5. Ата заңға тән заңдық қасиеттерді атаңыз.
6. Конституциялық құқықтың әдістерін атаңыз.

7. Біздің мемлекеттің Ата заңына сипаттама бер.

8. Біздің мемлекеттің Ата заңы қай мемлекет Ата заңына сәйкестендіріліп жасалған.

9. Қазақстан Республикасының сайлау жүйесінің ерекшеліктері туралы не білесіз?

ГЛОССАРИЙ

1. Конституциялық құқық – конституциялық құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар.

2. Конституциялық құқықтық қағида – конституциялық құқықтың негізін қалыптастыратын бастама ережелер.

3. Конституциялық құқықтық қайнар көздер – конституциялық құқық саласы сүйенетін, содан бастау алатын заңдар жинағы.

4. Конституциялық құқық субъектісі – белгілі бір құқықтары мен міндеттері бар тұлға. Субъектілердің құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі болуы керек.

5. Заңдар – белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы.

6. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер – заң актілері болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заң актілерінің негізінде және соларды орындау үшін шығарылған, өзге де нормативтік құқықтық актілер.

4. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары

Республикада мемлекеттік билік біртұтас. Билік бөліну қағидасына сәйкес заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына жіктелініп, Конституция мен заңдардың негізінде жүзеге асырылады.

Республика Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Ол халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Ата заңның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық жағдайы Ата заңмен және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (өзгерістер мен толықтырулармен қоса) Конституциялық заңымен белгіленген.

Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Ол Конституциялық заңға сәйкес Республиканың кәмелеттік жасқа жеткен азаматтарының жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында бес жыл мерзімге сайланады. Қазақстан Республикасының Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын және жоғары білімі бар

Республика азаматы сайлана алады. Бір тұлға қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды. Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне - Елбасына қолданылмайды. Республика Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға хақы жоқ.

Парламент - заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы. Парламенттің өкілеттігі Ата заңмен және 1995 жылғы 16 қазандағы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңымен жүзеге асырылады.

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды. Мәжіліс жүз жеті депутаттан тұрады. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады.

заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;
- 2) меншік режиміне және өзге де мүліктік құқықтарға;
- 3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;
- 4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;
- 5) республикалық бюджетке;

- б) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;
- 7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;
- 8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;
- 9) айналадағы ортаны қорғауға;
- 10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;
- 11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты

негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік даусымен енгізіледі. Конституциялық заңдар Конституцияда көзделген мәселелер бойынша әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен қабылданады. Парламент пен оның Палаталарының заң актілері, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті.

Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретін, ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібін белгілейді. Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

6) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7) Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8) Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

1) Үкімет қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді;

2) Үкімет қаулыларына қол қояды;

3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке баяндап отырады;

4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басшылық жасауға байланысты басқа да қызметтерді атқарады.

Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербестікке ие әрі өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында жеке-дара жауап береді. Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не ол лауазымнан босатылуға тиіс.

Үкіметтің қаулылары және Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заң актілеріне, Республика Президентінің жарлықтары мен өкімдеріне қайшы келмеуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Конституциялық заң және Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қызметінің тәртібі мен ұйымдастырылуы белгіленген.

Конституциялық Кеңес:

1) Дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;

3) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;

4) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

5) Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді;

6) Конституцияда көзделген реттерде қорытындылар береді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не, тиісінше, бекітілмейді және күшіне енгізілмейді. Конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.

Конституциялық Кеңестің шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады. Республиканың сот жүйесі Конституциясымен және 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңмен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының

пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады. Республика соттарының судьяларына заң бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық, жергілікті және басқа да соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады.

Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады.

Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді. 2017 жылғы 30 маусымдағы «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан Республикасының Прокуратурасының қызметінің тәртібі мен ұйымдастырылуы белгіленген.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Жергілікті өкілді органдар - мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды. Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық

сайлайды. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады. Мәслихаттардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Республика заңдарымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Жергілікті атқарушы органды Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарады. облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде тиісінше Республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға

хақылы. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

Қазақстанда орталық және аумақтық билік органдарынан бөлек салалық органдарда бар. Олардың қатарына Президентке тікелей бағынатын органдар: Ұлттық қауіпсіздік комитеті, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік. Орталық салалық қызметті жүзеге асыратын және де үкіметтің құрамына кіретін негізгі органдар болып министрліктер табылады. Министрлік - бұл мемлекеттік басқарудың сәйкес саласына (сфера) басшылық жүргізетін республиканың орталық атқарушы органы, сондай-ақ заңнамамен көрсетілген шекте салааралық координацияны жүзеге асырады (ішкі істер министрлігі, қорғаныс министрлігі, білім және ғылым министрлігі және т.б.).

Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган Премьер-министрдің ұсынуы бойынша Республика Президентімен құрылатын және жойылатын Қазақстан Республикасының агенттігі болып табылады. Агенттік мемлекеттік басқарудың сәйкес саласына басшылық жүргізетін республиканың орталық атқарушы органы, сондай-ақ заңнамамен көрсетілген шекте салааралық координацияны және басқа да арнайы атқарушы және шешуші функцияны жүзеге асырады (мемлекеттік қызмет істері бойынша Агенттік).

Басқарма республиканың орталық атқарушы органдар комитеті болып табылады. Басқарма өзінің аумақтық бөлімшелерін құра алады. Басқарманы Үкімет құрады, қайта құрады, қызметін тоқтатады. Басқарма республикалық орталық атқарушы орган уәкілеттігі шегінде арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау қызметін, сондай-ақ салааралық координацияны немесе мемлекеттік басқарудың саласына басшылық ету қызметін жүзеге асырады. (Қаржы Министрлігінің кедендік бақылау Комитеті, Ішкі Істер Министрлігінің нашақорлық бизнеспен күрес пен нашақорлықтық өнімдер айналымын бақылау жөнінде Комитеті және т.б.). Мемлекеттік органдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің қызмет ету тәртібі әкімшілік құқықтың пәні болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзгерістер енгізілген 07.1 0.1 998, 21 .05.2007., 02.02.201 1 ., 1 0.03.1 7) // Егемен Қазақстан. – 2017. – 26 наурыз.
2. Кубеев Е.К. Основы конституционного строя. – Караганда, 2010.
3. Амандыкова С.К. Становление доктрины конституционализма в Казахстане. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2015.
4. Сапарғалиев Г.С. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы, 2007.
5. Копобаев О.М. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы, 2017.

Бақылау сұрақтары :

1. Мемлекеттік орган дегеніміз не?
2. Қазақстан Республикасының Президенті.
3. Қазақстан Республикасының Парламенті.
4. Қазақстан Республикасының Үкіметі.
5. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі.
6. Қазақстан Республикасының сот билігі?
7. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар.
8. Қазақстан Республикасының Прокуратурасы
9. Мемлекеттік биліктің өзге органдарының құрылу және әрекет ету тәртібі

ГЛОССАРИЙ

1. Республика Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы.

3. Үкімет- алқалы орган болып табылады, Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

4. Жергілікті атқарушы орган (әкімдік) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

5. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган - жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға әкімдік уәкілеттік берген, тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме;

6. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары — жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу жөніндегі функциялар жүктелген органдар;

7. Жергілікті өкілді орган (мәслихат) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган;

8. Министрлік - бұл мемлекеттік басқарудың сәйкес саласына (сфера) басшылық жүргізетін республиканың орталық атқарушы органы, сондай-ақ заңнамамен көрсетілген шекте салааралық координацияны жүзеге асырады (ішкі істер министрлігі, қорғаныс министрлігі, білім және ғылым министрлігі және т.б.).

5. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық негіздері

Әкімшілік құқықтың түсінігі, пәні және әдістері.

Әкімшілік құқық Қазақстанның құқықтық жүйесінің дербес саласы ретінде қоғамдық қатынастардың ерекше тобын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады [1].

Әкімшілік деген сөз латын тіліне аударылғанда “басқару” деген мағынаны білдіреді. Яғни, әкімшілік құқық басқару саласындағы биліктік қатынастарды реттейді. Жалпы ғылыми тұрғыдан алғанда басқару әр түрлі мәні бар ұйымдасқан жүйелердің өздерінің тұтастығын, яғни олардың алдында тұрған мақсатқа қол жеткізуді, құрылымын сақтауды, қызметінің жиынтығы.

Әкімшілік құқық- мемлекеттік басқару саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар тәртібін қолдануды қамтамасыз ететін функциясы болып табылады [2].

заң энциклопедиясы әкімшілік құқықтың түсінігін мемлекеттік басқару органдарының атқарушылық қызметі процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастармен байланыстырады.

Әкімшілік құқықтың пәні - бұл мемлекеттік басқару аясында туындайтын, дамитын және тоқтатылатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы.

Теорияда әкімшілік құқықтың пәнін шартты түрде екі топқа бөліп қарастырады:

- ішкі аппараттық қатынастар – мұнда сәйкес құқықтық нормалар атқарушы билік органдарының жүйесін, оларға бағынышты мекемелерді, олардағы қызметті ұйымдастыруды және жұмыстардың нысандары мен әдістерін бекітеді;

- әкімшілік биліктің кәсіпорындармен, мекемелермен, кез-келген ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы ұйымдармен, азаматтармен қарым – қатынастары.

Әкімшілік құқық тек әкімшілік әсер ету құралдарының жүйесін құрайды: әкімшілік мәжбүрлеу, лицензиялау, тіркеу. Әкімшілік мәжбүрлеу – әкімшілік құқық пәнінің маңызды бөлігі болып табылады. Сонымен қатар әкімшілік құқықтың пәніне басқарудағы атқарушы билік органдарының әкімшілік – биліктік өкілеттіліктерді жүзеге асыру барысы мен олардың әрекетінің өзара сипаттарын жатқызуға болады.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай отырып, әкімшілік құқықтың пәніне келесідей тұжырымдама беруге болады.

Әкімшілік құқықтың зерттеу пәні болып мемлекеттік әкімшіліктің қалыптасу және қызмет ету процесінде және әкімшілік-құқықтық мәжбүрлеу шараларын, басқа да әкімшілік әсер ету шараларын қолдану, азаматтардың шағымдарын соттан тыс тәртіпте қарау барысында пайда болатын билік қатынастары табылады.

Әкімшілік құқықтың басты міндеті болып азаматтардың құқықтары мен міндеттерін құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету табылады. .

Әкімшілік құқық құқықтық қатынастарды реттеуде келесідей әдістерді

қолданады:

1) міндеттеу – құқықтық нормада қарастырылған жағдайға сәйкес белсенді түрде белгілі бір әрекетті орындауға тікелей заңды міндетті жүктеу;

2) тыйым салу - құқықтық нормада көзделген жағдайларға сәйкес белгілі бір әрекеттерді жасамауға тікелей заңды міндетті жүктеу;

3) рұқсат беру – құқықтық нормамен көзделген белгілі бір әрекеттерді субъектінің қалауына қарай орындауға немесе орындамауға заңды түрде рұқсат ету.

Кез келген құқық саласының өзіне тән ерекшеліктері болып оның пәні және әдістерімен жүйесі танылады. Жалпы теориялық тұрғыдан алғанда құқықтың кез келген саласы мынандай түзілістен тұрады: құқық саласы – саланың бөлігі-құқықтық институттар – құқықтық нормалар[3].

Әкімшілік құқықтың жүйесі - бұл салаларды құрайтын салааралық жиыстырылған топтар – құқықтық институттар бойынша бөлінген құқық нормаларының ғылыми – ұйымдастырылған жиынтығы – біртұтас нормативті құрылым. Әкімшілік құқық – реттеудің әдістерін, қағидаларын, мақсаттарын, пәнін біріктіретін құқықтық нормалардың біртұтас жүйесі. Бұл нормалар ортақ қағидаларға негізделген, бір – бірімен өзара байланысты, бірдей түсініктер жүйесін пайдаланады. Сала ішінде әртүрлі заң күшіне ие, жалпы және арнайы нормалардың субординациясы айқын көрінеді.

Әкімшілік құқықтың жүйесі жалпы және ерекше бөлімдерден құралған.

Жалпы бөлім мемлекеттік әкімшілік үшін жалпы реттеуші және жалпы қорғаушы нормаларды құрайды. Сондықтан да, өз кезегінде жалпы бөлімнің нормалары екіге бөлінеді: жалпы реттеуші және қорғаушы нормалар.

Ерекше бөлім әкімшілік биліктің әрекет етуінің жекелеген салаларындағы арнайы реттеуші және қорғаушы нормалардан тұрады.

Әкімшілік құқықтың қайнар көздері – бұл басқару қатынастарының субъектілерінің мінез-құлық ережелері көрсетілген және бекітілген мемлекеттік билік ресми түрде мақұлдаған нысандар немесе әкімшілік құқықтық нормалардан тұратын мемлекеттік органдардың актілері. Басқа құқық салаларындағыдай әкімшілік құқықтың да басты қайнар көзі болып – Қазақстан Республикасының Конституциясы танылады.

Құқықтың қайнар көздері қай орган немесе лауазымды тұлға шығарғанына және заңды күшінің деңгейіне қарай мынадай топтарға бөліп қарастыруға болады. Олар мынадай тәртіпте көрініс табады:

- референдумда және заң шығарушы органда қабылданған актілер (Конституция, Конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар);

- Қазақстан Республикасының Президенті қабылдаған актілер (жарлық, өкім);

- Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған актілер (қаулы, өкім);

- Орталық атқарушы органдар қабылдаған актілер (ереже, бұйрық, шешім, нұсқаулық, қаулы);

- Жергілікті атқарушы және өкілді органдар қабылдаған актілер (ереже, бұйрық, шешім, нұсқаулық, қаулы).

Әкімшілік құқықтың арнайы қайнар көзі болып 2014 жылғы 5 шілдеде

қабылдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі» табылады. Осы Кодексте көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығаруды талап ету туындайтын жағдайлардан басқа кезде, тікелей қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады. Яғни, халықаралық шарттар мемлекетпен ратификацияланған болса, қайнар көз ретінде заңды күшіне ие болады және де ол Қазақстан Республикасының заңдарынан жоғары тұрады.

Әкімшілік құқықтық нормалар мен қатынастар.

Кез келген құқық саласы белгілі бір құқықтық нормалардың жиынтығынан тұрады. Әкімшілік – құқықтық нормалар дегеніміз заң шығарушы, атқарушы органдармен рұқсат етілетін іс-қимылды және атқару билігіндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін ережелер[4].

Әкімшілік құқықтық қатынастар әкімшілік құқық нормаларымен реттелетін мемлекеттің атқарушы билік қызметі саласындағы басқаруға байланысты құқықтық қатынастар.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 25-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық – бұл жеке тұлғаның құқыққа қарсы және осы Кодекс бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделген, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпке, белгіленген басқару тәртібіне қайшы қалыптасқан, кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік ретінде туындап, сол үшін арнайы заңнамада көзделген ретте әкімшілік жауаптылықтың туындауына әкеп соғады.

Құқық бұзушылық жасауда кінәнің екі түрін атап өтуге болады: қасақаналық және абайсыздық. Қасақаналық тікелей және жанама түрде жасалады. Абайсыздық немқұрайдылықпен және менмендікпен жасалады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өзінің әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қарсы сипатын сезінсе, оның зиянды салдарын алдын ала білсе және осы салдардың туындауын қаласа немесе оған саналы түрде жол берсе не оларға немқұрайлы қараса, әкімшілік құқық бұзушылық қасақана жасалды деп танылады (ӘҚБК 26 - бап).

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) зиянды салдарының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ жеткілікті негізсіз олардың алдын алуға болады деп ұшқары ойласа не тиісті назар салған және көре білген жағдайда, олардың алдын алуға тиіс және солай ете алатын болса да осындай салдардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалды деп танылады (ӘҚБК 27 бап).

Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы деп қоғамға қайшы әрекет әкімшілік жауапкершілік тудыратын құқықтық нормалармен бекітілген

белгілердің жиынтығы. Әкімшілік құқық бұзушылық ерікті мінез-құлық актісі – іс-қимыл болып табылады және мінез-құлықтың екі аспектісінен тұрады: әрекет немесе әрекетсіздік. Әрекет - бұл міндеттерді, заңды талаптарды белсенді орындамау, сонымен қатар тиым салушылықты бұзу (мысалы, егінді улау немесе ауыл шаруашылық дақылдарын жою, көкнәр немесе сораны заңсыз егу және өсіру). Әрекетсіздік - бұл міндеттемелерді бәсең орындамау, мысалы, мемлекеттік статистикалық байқауды жүргізуден бас тарту, өндіріс қалдықтарын көму бойынша және ағынды суларды төгудің талаптарын орындамау. Әрекет немесе әрекетсіздік құрамының барлық белгілері болған жағдайда ғана құқық бұзушылық болып табылады. Бұл белгілер: объект, объективтік жақ, субъект, субъективтік жақ.

Жалпылаудың деңгейіне қарай құқық бұзушылық объектісінің мынадай түрлері ажыратылады: жалпы, тектік, түрлік және тікелей объектілер[5]. Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі дегеніміз әкімшілік жауапкершілік шараларымен қорғалып, реттеліп отырылатын қоғамдық қатынастар жиынтығын айтамыз.

Құқық бұзушылықтың объективтік жағы сыртқы көрінісін сипаттайды, яғни әрекет немесе әрекетсіздік. Объективтік жағы арқылы құқық бұзушылықтың жасалу тәсілі, сипаты, орны, уақыты, салдары және пайдаланған құралдары анықталады.

Құқық бұзушылықтың субъектісі болып оны жасаған тұлға, яғни, әкімшілік деликт қабілеттілікке ие, Қазақстан Республикасындағы заңдарға сәйкес құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тартыла алатын тұлғалар танылады. Әкімшілік-деликтік құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың құрамдас бөлігі болып табылады.

Субъективтік жақ – бұл субъектінің өзі жасаған құқыққа қайшы әрекетіне немесе әрекетсіздігіне және олардың мүмкін салдарына психикалық қатынасы.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі белгілері:

1) қоғамдық қауіптілік - бұл іс-әрекеттің қоғамның, мемлекеттің, азаматтардың мүдделеріне зиян келтіруі, мысалы, ұсақ бұзақылық, мас күйінде көлік құралдарын басқару;

2) құқыққа қайшылық – құқық нормасын бұзатын іс-әрекеттерді жасауы;

3) кінәлілік – бұл ерікті, саналы іс-әрекет. Кінә тұлғаның істеген ісіне және оның салдарына психикалық қатысын білдіреді. Іс-әрекетті құқық бұзушылық деп тану үшін оның ерік-жігерлік және саналы көрініс екендігін анықтау қажет, яғни саналы ойлайтын адамның психикалық қызметінің нәтижесі екендігін анықтау қажет;

4) жазаланушылық – бұл іс-әрекет әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады, егерде оны істегені үшін заңнамада әкімшілік жауаптылық қарастырылған болса;

5) жаппай өріс алуы (массовость) - бұл егерде қандайда болмасын іс-әрекетті істеудің таралуы, жаппай өріс алуы қоғамдық қатынастарға қауіп

төндірсе, заң шығарушы осы қатынастарға қорғалатын мәртебе беруге мәжбүр, заңнамалық түрде мінез-құлық ережесін бекітуге және оны бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеуге мәжбүр болады[6].

Әкімшілік құқық бұзушылықты жасау әкімшілік жауаптылықтың, тұлғаға әкімшілік жаза қолданудың фактілік негізі болып табылады (нормативті негізі – құқық нормасы, соған сәйкес әкімшілік жауаптылық белгіленеді және қолданылады).

Әкімшілік жауапкершілік – заңды жауапкершіліктің ерекше бір түрі болып табылады. Оған заңды жауапкершіліктің мынадай ортақ белгілері тән: әкімшілік жауапкершілік құқықтық нормалардың негізінде және соларды бұзғаны үшін туындайды; күзіретті мемлекеттік органның актісімен бекітіледі және де ерікті түрде орындалмаған жағдайда, мемлекеттік мәжбүрлеумен байланыстырылады[7].

Қазақстан Республикасының ӘҚБК–нің 28 - бабына сәйкес он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс адам және заңды тұлғалар әкімшілік жауаптылыққа жататын тұлғалар болып ажыратылған.

Әкімшілік жауапкершіліктің мынадай арнайы белгілері бар[8]:

- әкімшілік жауапкершіліктің негізі болып әкімшілік құқық бұзушылық (кейде теріс қылық) табылады;

- ол әкімшілік жаза тағайындауға бағытталған;

- әкімшілік жауапкершілікке тартуға заңмен сондай өкілеттіліктер берілген органдар жүзеге асырады. Олардың барлығы өз қызметі барысында әкімшілік жаза қолданатын функционалдық билік субъектілері болып табылады. Ол соттар мен басқа да атқарушы билік органдары;

- әкімшілік жауапкершіліктің субъектілері ретінде жеке адамдар және ұжымдық құрылымдар да болуы мүмкін;

- ол әкімшілік құқық нормаларымен реттелген. заңда әкімшілік құқық бұзушылықтың нақты құрамы мен оған тағайындалатын жазалар, әкімшілік істерді жүргізетін уәкілетті органдар және іс жүргізу тәртібі нақты көрсетілген.

Әкімшілік жаза, осыған заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және осындай құқық бұзушылық жасаған адамның құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе оларды шектеуге саяды. Әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға тән азабын тарттыруды немесе оның адамгершілік қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян тигізуді мақсат тұтпайды[9].

Әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

ӘҚБК–нің 41 -бабында әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қолданылатын келесідей жаза түрлері қарастырылған:

- 1) ескерту жасау;

- 2) әкімшілік айыппұл;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;
- 4) арнайы құқықтан айыру;
- 5) рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау;
- 6) қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;
- 7) заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты мәжбүрлеп бұзу;
- 8) әкімшілік қамаққа алу;
- 9) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар:

- 1) кінәлі адамның өкінуі;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның құқық бұзушылықтың зиянды салдарын болғызбауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықты қатты жан толқынысының әсерімен не жеке басының немесе отбасының ауыр мән-жайлары салдарынан жасау;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған адамның жасауы;
- 5) әкімшілік құқық бұзушылықты жүкті әйелдің немесе он төрт жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы;
- 6) әкімшілік құқық бұзушылықты күшпен немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау;
- 7) әкімшілік құқық бұзушылықты қажетті қорғаныстың заңдылық шарттарын бұзу, құқыққа қарсы қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу, бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде жасау;
- 8) әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет абайсызда жасау.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар:

- 1) прокурордың заңды түсіндіргеніне және (немесе) осыған уәкілетті тұлғалардың оны тоқтату талабына қарамастан құқыққа қарсы мінез-құлықты жалғастыру;
- 2) бұрын біртекті әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жазаға тартылған, ол бойынша ӘҚБК-нің 61 - бабында көзделген мерзімі өтпеген адамның оны бір жыл ішінде қайталап жасауы;
- 3) кәмелетке толмаған адамды әкімшілік құқық бұзушылыққа тарту;
- 4) кінәлі адамға психикасының ауыр түрде бұзылуынан зардап шегетіні көрінеу белгілі адамдарды не әкімшілік жауаптылық туындайтын жасқа толмаған адамдарды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту;
- 5) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша, басқа адамдардың заңды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ басқа құқық бұзушылықты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатында әкімшілік

құқық бұзушылық жасауы;

6) адамға немесе оның жақындарына қатысты осы адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

7) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі тұлғаға тәуелді адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жасау;

8) адамдар тобының әкімшілік құқық бұзушылық жасауы;

9) дүлей зілзала жағдайларында немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасау;

10) алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде әкімшілік құқық бұзушылық жасау.

ӘҚБК – нің 6 - бабының 1 - тармағына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың міндеттері – адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылықты, меншікті, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті және мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтардан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алу.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдар әкімшілік жауаптылықтың негіздері мен қағидаларын белгілейді.

Бұл қағидалар бұзылған жағдайда, істің сипаты мен мәніне қарай оны жарамсыз деп тануға, іске қатысты шешімдердің және осы орайда жиналған материалдардың күшін жоюға әкеп соғады.

Атқарушы билік қызметінің әдістері

Атқарушы биліктің қызметі өзінің мазмұны бойынша биліктік сипаттағы қызмет болып табылады. Яғни, мемлекеттік билік субъектісі біржақты түрде өзіне бағынысты тұлғалардың жүріс-тұрысын анықтай алады, өз еркіне бағынуға бағытталған белгілі бір мақсаттарды орындауды талап ете алады. Қоғамдағы мемлекеттік биліктің еркі заң актілерінде көрініс табады. Алайда, қызметтің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік ерік бекітілген нормаларды шығару жеткіліксіз, ең алдымен, азаматтар мен ұйымдардың осы заңдардың ережелеріне бағынуын қамтамасыз ету қажет. Құқықтық ережелерді жүзеге асыру бойынша жұмысты мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар жүргізеді. Билік субъектілерінің еркіне бағынысты тұлғалардың еркін бағындыру әртүрлі әдістермен жүзеге асырылады.

Атқарушы билік органдары өз қызметтерін жүзеге асыруда келесідей әдістерді қолданады: субординация және координация әдістері, тікелей және жанама әсер ету әдістері.

Атқарушы билікті жүзеге асыруда мемлекет сендіру және көтермелеу әдістерін кеңінен қолданады[10]. Сендіру – бұл зейінді өзіне бағындыру, санаға, эмоцияларға әсер ету сияқты элементтерден құралған әрекеттерді кезекті түрде жүзеге асыру процесі. Сендіру тәрбиелеудің бір нысаны болып

табылады.

Көтермелеу – бұл қызығушылық, сана арқылы адамдардың еркін пайдалы әрекеттерді жасауға бағыттайтын әсер ету тәсілі.

Атқарушы билік органдары арнайы өкілеттіліктерін жүзеге асыруда құқықтық мәжбүрлеу әдісінде жиі қолданады. Әкімшілік құқықтық мәжбүрлеу – бұл билік субъектілерінің құқыққа қайшы әрекеттерге қатысты әкімшілік – құқықтық нормаларымен орнықтырылған мәжбүрлеу шараларын қолданудан көрініс табатын мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше түрі.

Қолданған әдебиеттер:

1. Баянов Е. Әкімшілік құқық. Алматы 2010.
2. Алехин А., Кармолицкий А., Козлов Ю. Административное право РФ. М., 2016
3. Тихомиров Ю.А. Курс административного право и процесса М., 2015
4. Баққұлов С.Д. Құқық негіздері. Алматы, 2004
5. Таранов А.А. Административное право РК. Алматы, 2010
6. Ибрагимов Х.Ю. Административное право РК. Алматы, 2014
7. Папов Л.Л. Административное право. Москва, 2015
8. Под ред. Р.А. Подопригоры. Административное право. Алматы, 2010
9. Ефремов М.О. Административные процедуры как форма реализации компетенции органов публичной власти во взаимоотношениях с частными лицами. Москва, 2015.
10. Под ред. В.П. Сальникова. Административное право. Санкт-Петербург, 2013

Бақылау сұрақтары:

1. Әкімшілік құқық жүйесі дегеніміз не?
2. Әкімшілік құқықтың пәнін не құрайды?
3. Әкімшілік құқық үшін тән құқықтық реттеу әдістерін атаңыз.
4. Әкімшілік құқықтың қайнар көзі дегеніміз не?
5. Әкімшілік құқық бұзушылық дегеніміз не?
6. Әкімшілік құқық бұзушылықтың негізгі белгілерін атаңыз.
7. Әкімшілік – құқықтық нормалар дегеніміз не?
8. Әкімшілік деликт қабілеттілік дегенімізді қалай түсінесің?
9. Әкімшілік жазаның қандай түрлері бар?
10. Әкімшілік құқықтық норманың құрылымы
11. Әкімшілік құқықтың әдісі.
12. Әкімшілік жауаптылықтан босату негіздері.
13. Әкімшілік жауаптылықтың белгілері.

ГЛОССАРИЙ

1. Әкімшілік – құқықтық нормалар – заң шығарушы, атқарушы органдар

орнататын, рұқсат етілген іс-қимылды және атқару билігіндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін ережелер.

2. Деликт қабілеттілік – әкімшілік құқық субъектілерінің өзінің іс-әрекеті үшін дербес заңдық жауапты болатын мүмкіндігі.

3. Мемлекеттік әкімшілік қызметші – мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші.

4. Мемлекеттік басқару – заңда баянды етілген міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік басқару органдарының атқарушылық қызметі.

5. Әкімшілік құқық – билік пен бағыну негізінде құрылған және ұйымдастыру жұмысын қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару органдарының атқару қызметі аясындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

6. Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі.

6. Қазақстан Республикасының азаматтық құқық негіздері

Азаматтық құқық – құқықтың бір саласы, тауар-ақша және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүлікпен байланысты (немесе байланысы жоқ) мүліктік емес қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы болып табылады [1].

Қазақстан Республикасы азаматтық құқығының пәнін тауар – ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастармен байланысты мүліктік емес қатынастар құрайды (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1 -бабы, 1 - тармағы). Сонымен қатар мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі, өйткені олар заң құжаттарында өзгеше көзделмеген, не мүліктік емес жеке қатынастар мәнінен туындамайды құрайды (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1-бабы, 2-тармағы). Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың қатысушылары азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бөліністер болып табылады.

Бұл құқық саласымен реттелетін қоғамдық қатынастар негізінде мүліктік қатынастар болып табылады. Материалдық игіліктермен, мүлікпен, жұмыспен, қызмет көрсетумен, ақшамен, құнды қағаздармен басқа да мүліктермен байланысы бар қоғамдық қатынастар мүліктік қатынастар деп аталады. Мұндай қатынастар иелену немесе мүліктің тиістілігіне қарай (заттық қатынас) мүліктің (тиістілігіне қарай) меншік иесінің қайтыс болуына байланысты заттың тағдырын шешу (мұрагерлік қатынас) тәрізді қатынастар тұрғысынан көрінсе, онда олар азаматтық заңмен реттеледі.

Мүліктік қатынас дегеніміз мүліктерді сатып алу, иелену, басқа адамдарға

беру мен пайдалану жөніндегі қатынас болып табылады.

Азаматтық құқық мүліктік қатынастардың бәрін бірдей реттей береді деген ұғым тумауы тиіс. Өйткені олардың өзі әр түрлі сипатта кездеседі. Мәселен, мүліктік дегеніміз заңды белгі болып табылмайды, ол тек экономикалық түсінік. Сондықтан да азаматтық құқық пәнінің мазмұнын оны біріктіретін әрі мән-мағанасын ашатын тұсын бөліп қарауды қажет етеді. Қоғамдық қатынастарды бір-бірінен ажырататын мүліктік қатынастардың мынадай белгілері, атап айтқанда, белгілі бір экономикалық құндылыққа ие болумен байланысты материалдық объектілер жайында адамдардың арасындағы қатынастар болғандықтан оның ерік сипатында болатындығы нарықта дербес тауар иеленуші ретінде қимылдауы, қатысушылардың өзара келісім және өзара шарт жасауы[3].

Мүліктік емес жеке қатынастар, мүліктік қатынастарға тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастар және мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар болып екі топқа бөлінеді.

Осы құқық саласындағы заңдармен реттелетін мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастарға құндық маңызы жоқ қатысушылардың қоғамдық сипатын белгілейтін материалдық емес құндылықтар жатады. Мәселен, әдеби шығармамен, ғылыми еңбекпен айналысушылар немесе өнертапқыш өзінің авторлық анықтайтын мәселе қойса, өзінің жекелігін қорғай отырып, бұл мәселе бойынша қоғамдық дербес қатынасқа түседі. Бұл қатынас мүліктік болып табылмаса мүлікпен тығыз байланыты, өйткені өнертабысын пайдаланғаны үшін онда авторлық сыйақы алу құқығы пайда болады.

Азаматтық заңдармен реттелетін мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастарға азаматтың есімі, жеке келбеті құқығы, жеке өмірден құпиялылығы, тұрғын үйге қол сұқпаушылық, азаматтық немесе заңды тұлғаның абыройына, қадір-қасиетіне, іскерлік беделіне байланысты туындайтын құқықтық қатынастарға жатқызуға болады[4].

Азаматтық заңдар өздері реттейтін қатынастарға қатысушылардың теңдігін, меншігіне қол сұқпаушылықты, шарт еркіндігін, жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін, оларды соттың қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тануға негізделеді.

Азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болады және оларды жүзеге асырады, сондай-ақ егер заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, құқықтарынан бас тартады. Олар шарт негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда және оның заңнамаға қайшы келмейтін кез келгент талаптарын белгілеуде ерікті.

Құқықтың әрбір негізгі саласының өзіне тән құқықтық реттеу әдістемесі болады. Ал оның жеке қырлары субъектілердің құқықтық мәртебесінде, олардың мазмұнын айқындау әдістерінде және заң санкцияларында топтастырылып көрсетілген.

Азаматтық – құқықтық қатынастарға тән бірқатар өзіндік белгілері бар [5]:

- азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың жалпы құқықтық жағдайы олардың тауар-ақша және басқа қатынастарына негізделген заңды түрдегі теңдігімен сипатталады;

- тараптар азаматтық құқықтық қатынастарда тең дәрежеде қорғану құқығына ие және қорғанудың белгілі бір мүмкіндігін таңдауға ерікті (теңдік және тұлғалардың өз құқықтарын толық пайдалану мүмкіндігі);

- азаматтық –құқықтық жауапкершілік өзіндік сипатымен, атап айтқанда, мүліктік және өтем түрінде айқындалады.

Азаматтық құқықтық қағидалары - ол нормативтік сипаты бар, қоғамдық қатынастарды азаматтық - құқықтық реттеу бастамасын басшылыққа алатын негіз[б]. «Қағида» (принцип) термині латын тілінен енген сөз, аударғанда «бастау», «негіз» дегенді білдіреді.

Азаматтық құқықтың мынадай принциптері бар:

- азаматтық- құқықтық қатынастарға қатысушылардың теңдігі;

- меншікке және басқа заттық құқыққа қол сұқпаушылық;

- шарт еркіндігі;

- жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығы;

- азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру;

- нұқсан келтірген құқықтарды қалпына келтірілуін қамтамасыз ету;

- азаматтық құқықты сот арқылы қорғау.

Құқық жүйесі дегеніміз құқықтың құрамдас бөліктерінің ішкі өзара сәйкестігі мен бірлігін көрсететін және объективті түрде оны салалар мен институттарға бөлетін, қоғамның экономикалық құрылысына негізделген құқықтың ішкі құрылымы. Ол мемлекеттегі құқықтық нормалардың жиынтығын қамтыған, ғылыми әрі нақты құбылыс ретінде де көрініс табады.

Қазақстан Республикасының азаматтық-құқық жүйесі жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады.

Жалпы бөлім келесі бөліктерден тұрады: жалпы ережелер; меншік құқық және басқа да заттық құқықтар; міндеттемелік құқықтар. Ерекше бөлім: міндеттеменің жеке түрлері, интеллектуалдық меншік құқығы, мұрагерлік құқық, жеке халықаралық құқық.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі және соған сәйкес қабылданған өзге де заңдарынан, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлықтарынан, Парламенттің қаулыларынан, Парламенттің Сенаты мен Мәжілісінің қаулыларынан (заң актілерінен), Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарынан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларынан тұрады.

Азаматтық қатынастар, егер әдеттегі құқықтар, соның ішінде іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген азаматтық заңдарға қайшы келмесе, солармен реттелуі мүмкін.

Азаматтық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының

заңнамасында көзделген негіздерден, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеттерінен пайда болады, өйткені, ол әрекеттер азаматтық заңдарда көзделмегенімен, олардың жалпы негіздері мен мәніне байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызады

Осыған сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер:

- заңдарда көзделген шарттардан және өзге де мәмілелерден, сондай-ақ заңдарда көзделмегенімен, оларға қайшы келмейтін мәмілелерден;
- заңдарға күшімен азаматтық-құқықтық салдарларға алып келетін әкімшілік актілерден;
- азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеген сот шешімінен;
- заң актілерінде тыйым салынбаған негіздер бойынша мүлікті жасау және иемдену, жою, сатып алу, сондай-ақ мүлікке құқық нәтижесінде;
- өнертабыстарды, өнеркәсіптік үлгілерді, ғылым, әдебиет және өнер шырғармаларын және интеллектуалдық қызметтің өзге де нәтижелерін жасау негізінде;
- басқа тұлғаға зиян келтіру салдарынан, сол сияқты басқа тұлға есебінен мүлікті негізсіз сатып алу немесе жинау (негізсіз баю) салдарынан;
- азаматтар мен заңды тұлғалардың өзге де әрекеттері салдарынан;
- заңдар азаматтық-құқықтық жағдайлар басталуын байланыстыратын оқиғалар салдарынан пайда болады.

Азаматтар мен заңды тұлғаларға тиесілі құқықтардың жүзеге асырылмауы, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл құқықтардың тоқтатылуына әкеп соқпайды.

Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру басқа құқық субъектілерінің құқықтарын және заңдармен қорғалатын мүдделерін бұзбауға, айналадағы ортаға зиян келтірмеуге тиіс.

Азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік сот немесе аралық сот: құқықтарды мойындату; құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерді болдырмау; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, төленетін айыпты өндіріп алу; дау көзделген мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның заңға сәйкес келмейтін актісін жарамсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану; азаматтың немесе заңды тұлғаның құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органынан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы, сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырады.

Құқығы бұзылған адам, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, өзіне келтірілген залалдың толық өтелуін талап ете алады.

Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар азаматтық құқықтардың субъектілері болып танылады.

Азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті (азаматтық құқық қабілеттілігі) барлық азаматтарға бірдей деп танылады.

Азаматтың құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып қайтыс болған соң тоқтатылады.

Азамат тегі мен есімін, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің атын қоса отырып, өз атымен құқықтар мен міндеттер алады және оларды жүзеге асырады.

Азамат тұрақты немесе көбінесе тұратын елді мекен оның тұрғылықты жері деп танылады.

Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі (азаматтық әрекет қабілеттілігі) кәмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады.

заң құжаттарында он сегіз жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады.

Егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, барлық азаматтардың әрекет қабілеттілігі тең болады.

Кәмелетке толмаған адамды толығымен әрекетке қабілетті деп жариялау (эмансипация) оның заңды өкілдерінің келісімімен қорғаншы және қамқоршы органның шешімі бойынша не ондай келісім болмаған жағдайда соттың шешімі бойынша жүргізіледі.

Жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін, соған байланысты оған қорғаншылық белгіленеді.

Әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған азаматтың атынан мәмілелерді оның қорғаншысы жасайды.

Әрекет қабілеттілігі жоқ адам сауығып кеткен немесе денсаулығы едәуір жақсарған жағдайда сот оны әрекет қабілеттілігі бар деп таниды, бұдан кейін одан қорғаншылық алынады.

Спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан азаматтың әрекет қабілеттілігін сот Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіп бойынша шектеуі мүмкін. Оған қамқоршылық белгіленеді. Ол тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Басқа мәмілелер жасауды, сондай-ақ табысын, зейнетақысын және өзге де кірістерін алуды және оларға билік етуді ол тек қамқоршысының келісімімен ғана жүзеге асыра алады.

Егер азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы бір жыл бойы деректер болмаса, мүдделі адамдардың арызы бойынша сот оны хабар-ошарсыз кетті деп тануы мүмкін.

Хабар-ошарсыз кеткен азамат туралы соңғы деректер алынған күнді анықтау мүмкін болмаған жағдайда жоқ адам туралы соңғы деректер алынған айдан кейінгі айдың бірінші күні, ал бұл айды анықтау мүмкін болмаған жағдайда келесі жылғы бірінші қаңтар хабар-ошарсыз кетудің басталған күні деп есептеледі.

Хабар-ошарсыз кетті деп танылған адамның мүлкіне сот шешімінің негізінде қорғаншылық белгіленеді. Осы мүліктен хабар-ошарсыз кеткен адам асырауға міндетті адамдарды асырауға қаражат беріледі және хабар-ошарсыз кеткен адамның салықтар мен басқа да міндеттемелер бойынша берешегі өтеледі.

Егер азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы үш жыл бойы деректер болмаса, ал егер ол өлім қатері төнген немесе жазатайым оқиғадан қаза тапты деп жорамалдауға негіз болатын жағдайларда алты ай бойы хабар-ошарсыз жоғалып кетсе, мүдделі адамдардың арызы бойынша сот оны өлді деп жариялауы мүмкін.

Соғыс қимылдарына байланысты хабар-ошарсыз жоғалып кеткен әскери қызметші немесе өзге адам соғыс қимылдары аяқталған күннен бастап кемінде екі жыл өткеннен кейін өлді деп жариялануы мүмкін.

Өлді деп жарияланған адам тірі оралған немесе оның тұрған жері белгілі болған жағдайда сот тиісті шешімнің күшін жояды.

Азамат өзінің қай уақытта оралғанына қарамастан, кез келген адамнан азамат өлді деп жарияланғаннан кейін сол адамға тегін көшіп, сақталып қалған мүлкін қайтарып беруді талап ете алады.

Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады.

заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс.

заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады.

Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді көздейтін (коммерциялық ұйым) не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін (коммерциялық емес ұйым) ұйым заңды тұлға бола алады.

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік нысанында және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

Мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады.

Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыс, қызмет, шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады.

Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол

сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады.

Жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын заттар) жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер жатады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, «өзен-теңіз» жүзу кемелері, ғарыш объектілері, магистральдық құбырлардың желілік бөлігі де жылжымайтын заттарға теңестіріледі. Заңнамалық актілермен жылжымайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылуы мүмкін.

Бөлінетін мүлік дегеніміз - бөлу нәтижесінде бөліктері өз мақсатын (міндетін) жоғалтпайтын мүлік.

Бөлінбейтін мүлік дегеніміз - өзінің шаруашылық мақсатын (міндетін) өзгертпей бөлуге болмайтын немесе заң құжатында ұйғарылуына қарай бөлуге жатпайтын мүлік.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады.

Мәмілелер біржақты және екі немесе көпжақты (шарттар) болуы мүмкін.

заңдарға немесе тараптардың келісіміне сәйкес жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет және жеткілікті болатын мәміле біржақты мәміле деп есептеледі.

Шарт жасасу үшін екі тараптың (екіжақты мәміле) не үш немесе одан да көп тараптың (көпжақты мәміле) келісілген ерік білдіруі қажет.

Мәмілелер ауызша және жазбаша нысанда жасалады (жай немесе нотариалдық).

Мынадай мәмілелер жазбаша түрде жасалуға тиіс:

- егер мәмілелердің жекелеген түрлері үшін заңдарда өзгеше арнайы көзделмесе немесе іскерлік қызмет өрісінің әдеттегі құқықтарынан туындамаса, мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде жүзеге асырылатын;

- мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, бір жүз айлық есептік көрсеткіш жоғары сомаға;

- заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген өзге де реттерде.

Мәміленің нысанына, мазмұнына және мәмілеге қатысушыларға, сондай-ақ олардың осы Кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде белгіленген негіздер бойынша ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған кезде мәміле жарамсыз деп танылады.

Қажетті лицензия алмай не лицензияның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін жасалған мәміле жарамсыз болады.

Теріс пиғылды бәсеке мақсатын көздейтін немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзатын мәміле жарамсыз болады.

Он төрт жасқа толған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің

келісімінсіз жасаған мәмілесін, заң бойынша оның өзі дербес жасауға құқығы бар мәмілелерді қоспағанда, сот заңды өкілдерінің талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін. Есуастық немесе ақыл-есі кем болуы салдарынан әрекет қабілеттігі жоқ деп танылған адам жасасқан мәміле маңызсыз болады. Сот әрекет қабілеттілігін шектеген адам жасасқан мәмілені сот оның қамқоршысының талап етуі бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілені, сондай-ақ басқа тарап пайдаланған жағдайларға қарағанда адам өзі үшін мүлде тиімсіз ауыр мән-жайлардың салдарынан жасауға мәжбүр болған мәмілені (кіріптарлық мәміле) сот жәбірленушінің талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы.

Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі. Меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады. 1 Иелену құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету.

Пайдалану құқығы дегеніміз мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. Пайда кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін.

Билік ету құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі.

Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

Жеке меншік азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі ретінде көрінеді.

заң құжаттарына сәйкес азаматтарға немесе заңды тұлғаларға тиесілі бола алмайтын жекелеген мүлік түрлерінен басқа кез келген мүлік жеке меншікте болуы мүмкін.

Жеке меншікте болатын мүліктің саны мен құны шектелмейді.

Мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншік түрінде көрінеді.

Республикалық меншік мемлекеттік қазынадан және заң құжаттарына сәйкес мемлекеттік республикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады.

Коммуналдық меншік жергілікті қазынадан және заң құжаттарына сәйкес коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады.

Жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Жер заң актілерінде белгіленген меншік құқығымен қатар заттық құқықтарға:

-жерді пайдалану құқығы;

- шаруашылық жүргізу құқығы;
- оралымды басқару құқығы;
- бөтеннің жылжымайтын мүлкін шектеулі түрде нысаналы пайдалану құқығы (сервитут);

- басқа да заттық құқықтар.

заттық құқықтарға, егер заңдарда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, меншік құқығы туралы нормалар қолданылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мүлікке меншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы осы мүлікке басқа да заттық құқықты тоқтату үшін негіз болып табылмайды.

Екі немесе бірнеше адамның меншігіндегі мүлік оларға ортақ меншік құқығымен тиесілі болады.

Мүлікке ортақ меншік үлестік меншік болып табылады, бұған мүлікке ортақ меншік құру заңда көзделген реттер қосылмайды.

Егер үлесті меншікке қатысушылар үлестерінің мөлшері заң құжаттары негізінде анықталуы және оған барлық қатысушылардың келісімімен белгіленуі мүмкін болмаса, үлестер тең деп саналады.

Үлесті меншікке барлық қатысушылардың келісімімен олардың әрқайсысының ортақ мүлікті құру мен көбейтуге қосқан салымдарына қарай қатысушылардың үлестерін анықтау мен өзгерту тәртібі белгіленуі мүмкін.

Ортақ бірлескен меншік:

- ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі;
- шаруа қожалығы мүшелерінің ортақ меншігі;
- жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ меншік түрінде болады.

заң құжаттарында ортақ бірлескен меншіктің басқа да түрлері көзделуі мүмкін.

Ортақ бірлескен меншік, егер оған қатысушылар арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, тағайындалады және қолдануда болады.

Ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкі, егер бұл мүлік ерлі-зайыптылардың үлесті меншігі болатыны, не олардың әрқайсысына тиесілі немесе меншік құқығында тиісті бөліктерде ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі екені олардың арасындағы шартта көзделмесе, олардың бірлескен меншігі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың некеге тұрғанға дейін тиесілі болған, сондай-ақ олардың некеде тұрған кезінде сыйға тартылған немесе мұрагерлік тәртіппен алған мүлкі олардың әрқайсысының меншігі болып табылады.

Шаруа қожалығының мүлкі, егер оның мүшелерінің арасындағы шартта өзгеше белгіленбесе, оларға бірлескен меншік құқығында тиесілі болады.

Бірлескен қызмет туралы шарт негізінде жай серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығының мүлкі оның мүшелеріне ортақ үлестік меншік құқығында тиесілі болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік және тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес жалдаушы сатып алған немесе тегін алған мемлекеттік тұрғын үй қорының үйіндегі тұрғын жай, егер олардың

арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, жалдаушының және онымен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелерінің, соның ішінде кәмелетке толмаған және уақытша тұрмайтын мүшелерінің бірлескен меншігіне көшеді.

Жекешелендірілген тұрғын үйге бірлескен меншік құқығының ерекшеліктері тұрғын үй қатынастары туралы заң актілерінде белгіленеді.

Меншік иесі бар мүлікке меншік құқығына басқа адам сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту немесе осы мүлікті иеліктен айыру туралы өзге мәміленің негізінде ие болуы мүмкін.

Азамат қайтыс болған ретте оған тиесілі мүлікке меншік құқығы өсиетке немесе заңға сәйкес мұрагерлік бойынша басқа адамдарға көшеді.

Меншік құқығы меншік иесі өз мүлкін басқа адамдарға берген, меншік иесі меншік құқығынан бас тартқан, мүлік қираған немесе жойылған және заң құжаттарында көзделген өзге де реттерде мүлікке меншік құқығынан айрылған жағдайда тоқтатылады.

Мүлікті меншік иесінен мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жол берілмейді, бұған мына реттер:

- меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүлікке өндіріліп алынған ақы айналымға түскен;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгілі бір адамға тиесілі бола алмайтын мүлікті ықтиярсыз иеліктен айырған;
- реквизицияланған;
- тәркілеген;
- жер учаскесін алып қоюға байланысты қозғалмайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарған;
- күтімсіз ұсталған тарих және мәдениет ескерткіштерін, мәдени құндылықтарды алып қойған;
- мемлекет меншігіне алып қойған реттер кірмейді.

Міндеттемеге сәйкес бір адам (борышкер) басқа адамның (несие берушінің) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және тағы да сол сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал кредитордың борышкерден өз міндеттерін орындауын талап етуге құқығы бар. Несие беруші борышкерден атқарылғанды қабылдауға міндетті.

Тараптар (борышқор мен несие беруші) және үшінші жақ міндеттемеге қатысушылар болып табылады.

Міндеттемеде оның әр тарабы - несие беруші немесе борышқор ретінде бір мезгілде бірнеше адам қатыса алады. Мұндай реттерде ынтымақты немесе жәрдем берушілік міндеттеме пайда болады

Егер міндеттемеге бірнеше несие беруші немесе бірнеше борышқор қатысса (адамдар көп болған міндеттеме), несие берушілердің әрқайсысы міндеттемені орындауды талап етуге құқылы, ал борышқорлардың әрқайсысы заңдардан немесе міндеттеме шарттарынан өзгеше туындамайтындықтан, басқалармен тең үлесті орындауға міндетті (үлесті міндеттеме).

Несие берушілердің әрқайсысы міндеттемені толық атқаруды талап етуге құқылы, ал борышқорлардың әрқайсысы орындауға міндетті болуына сәйкес

көп жақтар қатысатын міндеттеме ортақтасқан міндеттеме деп танылады.

Егер бұл шартта көзделмесе немесе заң құжаттарында белгіленбесе, соның ішінде міндеттеменің мәні бөлінбейтін кезде ортақтасқан міндеттеме немесе ортақтасқан талап пайда болады.

Кәсіпкерлік қызметпен байланысты міндеттеме бойынша бірнеше борышқордың міндеттері, сол сияқты мұндай міндеттемелердегі бірнеше несие берушінің талаптары, егер заңдарда немесе міндеттеме шарттарында өзгеше көзделмесе, ортақтасқан міндет болып табылады.

Негізгі борышқор несие берушінің міндеттемені орындау туралы талабын қанағаттандырмаған жағдайда бұл талап орындалмаған бөлігінде басқа борышқорға (субсидиялық борышқорға) мәлімдеуі мүмкін екендігі заң құжаттарында немесе несие беруші мен борышқордың арасындағы міндеттеме ережелерінде көзделуі мүмкін.

Үшінші жақ ретінде міндеттеме тараптарының біреуіне міндеттемелер немесе өзге де құқық қатынастары арқылы байланысты жақтар қатысады.

Міндеттеме үшінші жақ үшін міндеттер туғызбайды. Заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген реттерде міндеттеме үшінші жақтар үшін міндеттеменің бір немесе екі тарапына да қатысты құқықтар туғызуы мүмкін.

Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Міндеттемеде ол орындалатын мерзім көзделмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса, ол міндеттеме пайда болғаннан кейін ақылға қонымды мерзімде орындалуға тиіс.

Егер міндеттеме орындалатын жер заңдарда немесе оның шарттарында белгіленбесе немесе міндеттеме мәнінен немесе іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан көрінбесе, ол:

- міндеттеме бойынша қозғалмайтын мүлікті беру - мүлік орналасқан жерде;

- міндеттеме бойынша тауарды немесе өзге де мүлікті тасымалдауды пайдалана отырып беру - мүлікті несие берушіге жеткізу үшін оны бірінші тасымалдаушыға тапсыратын жерде;

- егер бұл жер міндеттеме пайда болған кезде несие берушіге белгілі болса, кәсіпкердің басқа міндеттемелері бойынша тауар немесе өзге де мүлікті беру - мүлік дайындалған немесе сақталатын жерде;

- ақшалай міндеттеме бойынша - несие берушінің міндеттеме пайда болған кездегі тұрғылықты жерінде, ал егер несие беруші заңды тұлға болса - міндеттеме пайда болған кезде оның болған жерінде; егер несие беруші

міндеттеменің орындалу кезінде тұрғылықты жерін немесе тұрған жерін өзгертіп, бұл туралы борышқорға хабарласа - орындалатын жердің өзгертілуіне байланысты барлық шығындарды соның есебіне жатқыза отырып, оның жаңа тұрғылықты жерінде немесе тұрған жерінде;

- басқа да барлық міндеттемелер бойынша - борышқордың тұрғылықты жерінде, ал егер борышқор заңды тұлға болса - оның орналасқан жерінде орындалуға тиіс.

Ақшалай міндеттемеге байланысты бір адам (борышкер) екінші адамға (кредиторға) ақша төлеуге міндетті, ал кредитордың борышкерден ақша төлеу жөніндегі міндеттерін (ақша қарызы және басқа да міндеттемелер) орындауын талап етуге құқығы бар. Өтеу туралы шарт, залалды өтеу және тұрақсыздық айыппұлын төлеу туралы міндеттемелер, сондай-ақ зиян келтіру не негізсіз баю салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша ақша төлеу жөніндегі міндеттерге, егер ҚР АҚ (Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі), Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе немесе міндеттеме мәнінен туындамаса, ақшалай міндеттемелер туралы ереже қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай міндеттемелер теңгемен көрсетіледі.

Міндеттемені орындау, заңдарда немесе шартта көзделген айып төлету, кепіл, борышқордың мүлкін алып қалу, аманат, кепілдік, кепілпұл, кепілдік жарна және басқа да әдістер арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

Міндеттемені қамтамасыз ету туралы келісімнің жарамсыздығы бұл міндеттеменің (негізгі міндеттеменің) жарамсыздығына әкеліп соқтырмайды.

Негізгі міндеттеменің жарамсыздығы оны қамтамасыз ететін міндеттемені жарамсыз етеді.

Борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Айып төлеу туралы келісім, негізгі міндеттеменің нысанына қарамастан, жазбаша түрде жасалуға тиіс.

Жазбаша нысанды сақтамау тұрақсыздық айыбы туралы келісімнің маңызсыздығына алып келеді.

Міндеттемеге сәйкес несие берушінің (кепіл ұстаушының) борышқор кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған ретте кепілге салынған мүлік құнынан ҚР АҚ белгіленген алып тасталатындарды қоспай, осы мүлік тиесілі адамның (кепіл берушінің) басқа несие берушілердің алдында артықшылықпен қанағаттандырылуға құқығы бар міндеттемені атқаруының осындай әдісі кепіл деп танылады.

Міндеттеме орындалса, талаптан бас тарту төлемі төленсе, борышты есепке жатқызылса, жаңғыртылса, борышты кешіру арқылы борышқор мен несие беруші бір тұлға болса, орындауға мүмкіндік болмаса, мемлекеттік

органның құжаты шығарылса, азамат қайтыс болса, заңды тұлға таратылса, толық немесе ішінара тоқтатылады.

Екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп танылады.

Шарттан міндеттемелік, заттық, авторлық немесе өзге құқықтық қатынастар туындауы мүмкін.

Тараптар заңдарда көзделген түрлі шарттардың элементтері бар шарт жасаса алады (аралас шарт). Тараптардың аралас шарт бойынша қатынастарына, егер тараптардың келісімінен немесе аралас шарттың мәнінен өзгеше туындамаса, аралас шартта элементтері бар шарттар туралы заңдардың тиісті бөліктері қолданылады.

Шарт бойынша тарап өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы алуы немесе бір-біріне бір нәрсе беруі керек болса, бұл ақылы шарт болып табылады.

Бір тарап екінші тарапқа одан ақы алмай немесе ешнәрсе бермей бір нәрсені ұсынуды міндетіне алған шарт ақысыз шарт болып табылады.

Егер заңдарда немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, осы мерзімнің аяқталуы, шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеліп соқтырады.

Қолданылу мерзімі көрсетілмеген шарт тараптардың онда белгіленген міндеттемелерді орындауы аяқталып біткен кезге дейін қолданылады деп танылады.

Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы тараптарды осы мерзім біткенге дейін орын алып келген шартты бұзғандық үшін жауапкершіліктен босатпайды.

Коммерциялық ұйыммен жасалған және өз қызметінің сипатына қарай оған жүгінетін әркімге қатысты жүзеге асырылуға тиіс тауарларды сату, жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету жөніндегі оның міндеттемелерін белгілейтін шарт жария шарт деп танылады (бөлшек сауда, көпшілік пайдаланатын көлікпен тасымалдау, байланыс қызметі, энергиямен жабдықтау, медицина, қонақүй қызметін көрсету және т.б.).

Коммерциялық ұйымның заңдарында көзделген жағдайлардан басқа, жария шарт жасасуға қатысты бір тұлғаға басқалардың алдында артықшылық көрсетуге құқығы жоқ.

Ережелерін тараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгілеген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолы деп қабылдай алатын шарт қосылу шарты деп танылады.

Алдын ала жасалатын шарт бойынша тараптар алдын ала жасалатын шартта көзделген жағдайларда мүлік беру, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету туралы болашақта шарт (негізгі шарт) жасасуға міндеттенеді.

Тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі.

Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарда елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың

мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады.

Егер шарт жасасу үшін заң құжаттарына сәйкес мүлікті беру қажет болса, шарт тиісті мүлік берілген кезден бастап жасалды деп есептеледі.

Егер тараптар белгілі бір нысанда шарт жасасуға уағдаласса, заң бойынша шарттардың осы түрі үшін бұл нысан талап етілмесе де, шарт оған уағдаласқан нысан берілген кезден бастап жасалды деп есептеледі.

Офертада акцептіге арналған мерзім көрсетілген жағдайда, егер оферта жіберген жақ акцепті онда көрсетілген мерзім ішінде алса, шарт жасалған болып есептеледі.

Егер ҚР АҚ-де, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

- екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

- ҚР АҚ, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі.

Шартты өзгерту және бұзу тәртібі туралы келісім, егер заңдардан, шарттан немесе іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан өзгеше туындамаса, шарт жасалатын сияқты нысанда жасалады.

Шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Төлеуғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Жоғарғы оқу орындарына арналған акад. Курс. 1 -том. – Алматы: «Жеті жарғы», 2014.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) 27 желтоқсан 1994ж. (201 7.01 .07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

3. Азаматтық құқық. Жайлин Ғ.А., Оқулық, Ерекше бөлім. 1 том.- Алматы: заң әдебиеті.-2015

4. Гражданское право: Учеб. / Под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина. Алматы, 2000.

5. Басин Ю.Г. Избранные труды по гражданскому праву (Сер. Классика казахстанской цивилистики). Алматы, 2003.

6. Басин Ю.Г. Принципы гражданского законодательства Республики Казахстан // Гражданский кодекс РК (Общая часть) – толкование и комментирование. Алматы, 2011 . Вып. 1 .

Бақылау сұрақтары:

1. Азаматтық құқық дегеніміз не?
2. Азаматтық құқықтық қатынастарға қандай қатынастар жатады?
3. Азаматтық құқықтың негізгі қағидаларын атаңыз.
4. Азаматтық құқықтық қатынастадың субъектілеріне кімдер жатады?
5. Азаматтық құқықтық қатынастардың объектілеріне нелер жатады?
6. Азаматтардың құқықтық қабілеттілігі дегеніміз не?
7. Азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз не?
8. Мәміле дегеніміз не?
9. Мәміленің қандай түрлері бар?
10. Азаматтық құқық теориясында мәмілелердің жарамсыз болуы қандай түрлерге бөлінеді?

ГЛОССАРИЙ

1. Жеке тұлға – Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар.

2. заңды тұлға – меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым.

3. Банкроттық – борышкердің соттың шешімімен танылған оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі.

4. Акционерлік қоғам – өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға.

5. Мәміле – азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері.

6. Жеке меншік – азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі ретінде көрінеді.

7. Келісім шарт – екі немесе одан да көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату.

8. Акцепт – оферта жолданған жақтың оны қабылдағаны туралы жауап.

7. Қазақстан Республикасының отбасы құқығының негіздері

Некелесу, туыстық, бала асырап алу және баланы отбасы тәрбиесіне қабылдаудың басқа да нысандарына орай, пайда болатын, яғни отбасы қатынастарын өзіндік және соған байланысты мүліктік қатынастарын реттейтін құқық саласы болып табылады.

Отбасы құқығының пәнін құрайтын қоғамдық қатынастар өзіндік (мүліктік емес), немесе мүліктік болуы мүмкін. Мүліктік және өзіндік қатынастар құқықтың басқа да саласының, бірінші кезекте азаматтық құқықтың реттейтін пәнін құрайды. Бірақ, аталған қатынастардың басымдылығы бір жағынан, азаматтық құқықта, екінші жағынан, отбасы құқығында бірдей емес.

Азаматтық құқықтың негізгі міндеті – мүліктік қатынастарды реттеу болып табылады. Ол жеке қатынастарды, мүліктік қатынастардан туындайтын анықтай отырып, немесе қандай да болмасын жеке қатынастарды реттеу туралы арнайы нұсқау болса ғана реттейді. Бұған керісінше жеке қатынастарды реттеу отбасы құқығының пәніне кіретін мүліктік қатынастар жеке адамның құқықтары мен міндеттеріне байланысты болды. Отбасы құқығының азаматтық құқықтан айырмашылығы да, міне, осында.

Отбасы құқығы - бұл жеке құқық саласы. Отбасы құқығының негізгі қайнар көздері болып Конституция және 2011 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі табылады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 7 бөлімнен, 33 тараудан және 283 баптан тұрады.

Неке-отбасы заңдары:

1) некеге тұрудың, некені тоқтатудың және оны жарамсыз деп танудың шарты мен тәртібін белгілейді;

2) отбасы мүшелерінің: ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың (асырап алушылар мен асырап алынғандардың) арасындағы, ал неке-отбасы заңдарында көзделген жағдайларда және шектерде басқа туыстар мен өзге де адамдардың арасындағы азаматтық құқықтар мен міндеттерді, мүліктік емес және мүліктік жеке қатынастарды реттейді;

3) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың нысандары мен тәртібін айқындайды;

4) азаматтық хал актілерін тіркеу және заңдарда белгіленген тәртіппен ақылы қызмет көрсету тәртібін реттейді.

Отбасы құқығы азаматтық құқықпен тығыз байланысты, отбасы құқығымен реттелмеген отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік және мүліктік емес қатынастар азаматтық заңнамамен реттеледі, себебі ол отбасылық-некелік қатынастар мазмұнына қайшы келмейді.

Отбасы құқығы өзіне мына тарауларды қамтиды: жалпы ережелер, неке, отбасы, қамқоршылық пен қорғаншылық, отбасы мүшелерінің алименттік қатынастары, азаматтық хал актілері, отбасы-неке заңнама нормаларының

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ азаматтарға қатысты қолданылуы.

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңдарының негізгі қағидаларына мыналар жатады:

- 1) еркек пен әйелдің некелі одағының еріктілігі;
- 2) ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтарының теңдігі;
- 3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік;
- 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу;
- 5) балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық жасау;
- 6) отбасының кәмелетке толмаған және еңбекке қабылетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру;
- 7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, бұл құқықтарды сот қорғауының мүмкіндіктері;
- 8) отбасының барлық мүшелерін салауатты тұрмыс салтына ынталандыру принциптеріне негізделеді.

Мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылған неке ғана танылады (АХАЖ органы). Некеге тұруы кезінде және отбасылық қатынастарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық тіл және діни белгілері бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тыйым салынады. Азаматтардың неке-отбасы қатынастарындағы құқықтары тек заң негізінде және отбасы мүшелері мен өзге де азаматтардың денсаулығын, адамгершілігін, құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау мақсатында қаншалықты қажет болса, сондай шамада ғана шектелуі мүмкін. Егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, азаматтар өздеріне тиесілі неке-отбасы қатынастарынан туындайтын құқықтарды, оның ішінде осы құқықтарды қорғауға арналған құқықты өз қалауы бойынша қолданады. Неке-отбасы құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерді орындау отбасының басқа мүшелері мен құқықтың өзге субъектілерінің құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін бұзбауға тиіс. Неке-отбасы құқықтары заңмен қорғалады, бұған осы құқықтардың мақсатына қайшы келетін жағдайлар қосылмайды.

Некеге тұрудың шарттары: некеге тұрушы еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі қажет болып табылады. Неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді. Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін. Неке жасын төмендету туралы өтінішті некеге тұруға тілек білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғаншылары (қамқоршылары) белгіленген неке жасын төмендету қажеттігін туғызатын себептерді көрсете отырып қозғай алады.

Некеге тұруға тілек білдіруші адамдарға медициналық, сондай-ақ медициналық-генетикалық мәселелер және репродукциялық денсаулық қорғау мәселелері бойынша консультация беру мен тексеруді мамандандырылған денсаулық сақтау мекемелері және некеге тұратын адамдардың екеуінің келісімімен ғана жүргізеді. Некеге тұратын адамдарды

тексерудің нәтижелері медициналық құпия болып табылады және ол некеге тұруға ниеттенген адамға тексеруден өткен адамның келісімімен ғана хабарлануы мүмкін.

Неке ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы немесе сот оны өлді немесе хабар-ошарсыз кеткен деп жариялау салдарынан тоқтатылады. Неке ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де өтініші бойынша, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайдың қорғаншысының өтініші бойынша оны бұзу жолымен тоқтатылуы мүмкін. Некені әйелдің жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде әйелдің келісімінсіз бұзуға болмайды.

Азаматтық хал актілерін жазу (АХАЖ) органдарында некені бұзу кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүлкітік және өзге де талаптар қоймайтын ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісуі жағдайында жүргізіледі. Ерлі-зайыптыларға ортақ кәмелетке толмаған балаларының болуына қарамастан, АХАЖ органдарына ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша, егер ерлі-зайыптылардың екіншісін: 1) сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса; 2) сот әрекетке қабілетсіз деп таныса; 3) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталса, неке азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылады.

Қарастырылған жағдайлардан басқада жағдайларда, ерлі-зайыптыларда кәмелетке толмаған балалардың болуы кезінде, некені бұзу соттық тәртіпте, сондай – ақ сот тәртібі қолданылады: а) ерлі-зайыптыларда кәмелетке толмаған ортақ балалардың болуы; б) ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде; в) ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүлкітік талаптары болған жағдайларда жүргізіледі.

Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері азаматтық хал актілерін жазу органдарында некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап туындайды. Ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді таңдауда ерікті. Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқаты жағдайына қамқорлық жасауға міндетті.

Егер неке шартында өзгеше белгіленбесе, ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігінің режимі олардың мүлкінің заңды режимі болып табылады. Ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке құқығы некеде тұрған кезеңде үй шаруашылығын жүргізуді, балаларды бағып-күтуді жүзеге асырған немесе басқа да дәлелді себептермен жеке кірісі болмаған жұбайға да тиесілі. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіні иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Мыналар ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болып табылады:

1) некеге тұрғанға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған

мүлік;

2) ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезеңінде сыйлыққа, мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де мәміле жасау бойынша тегін алған мүлкі;

3) қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, некеде тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен сатып алынса да, жеке пайдалану заттары (киім-кешек, аяқкиім және басқалар).

Некенің іс жүзінде тоқтатылуына байланысты бөлек тұрған кезде ерлі-зайыптылардың әрқайсысы тапқан мүлікті сот олардың әрқайсысының меншігі деп тануы мүмкін.

Некеге тұрушы тұлға немесе жұбайлар, кез келген уақытта некеге тұрғаннан кейін несесе некеге тұрғанға дейін неке шартын жасай алады (некені бұзған жағдайдағы және (немесе) неке кезіндегі мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын, келісім).

Он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған тұлға бала деп танылады. Әрбір баланың мүмкін болғанынша отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын білуге құқығы, олардың қамқорлығына құқығы, өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, олармен бірге тұруға құқығы бар. Баланың өз ата-анасы тәрбиеленуіне, оның мүдделерін қамтамасыз етуіне, жан-жақты өсіп-жетілуіне, оның адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар. Баланың ата-анасының екеуімен де, аталарымен, әжелерімен, аға-інілерімен, апа-сіңілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар. Ата-анасының некесінің бұзылуы, оның жарамсыз деп танылуы немесе ата-анасының бөлек тұруы баланың құқығына әсер етпеуге тиіс.

Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға құқығы бар. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды ата-анасы (олардың орнындағы адамдар), ал заңда көзделген жағдайларда қорғаншы және қамқоршы орган, прокурор және сот жүзеге асырады. Кәмелетке толғанға дейін заңға сәйкес әрекетке толық қабілетті деп танылған кәмелетке толмаған адамның өз құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде қорғалу құқығын өз бетінше жүзеге асыруға құқығы бар. Баланың ата-анасының (олардың орнындағы адамдардың) тарапынан жасалған қиянаттан қорғалуға құқығы бар. Баланың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кезде, оның ішінде ата-анасының (олардың біреуінің немесе олардың орнындағы адамдардың) баланы асырап-бағу, тәрбиелеу, оған білім беру жөніндегі міндеттерін орындамауы кезінде немесе тиісті дәрежеде орындамауы кезінде не ата-ана (қорғаншы, қамқоршы) құқығын теріс пайдалану кезінде бала қорғаншы және қамқоршы органға, ал он төрт жасқа толғанда - сотқа өзінің құқықтарын қорғау үшін өз бетінше өтініш жасауға құқылы.

Ата-аналары өз балаларына қатысты тең құқықтар мен міндеттерге иеленеді. Олар өз балаларының денсаулығын сақтауға міндетті, өз балаларын тәрбиелеуге құқылы және міндетті. Өз балаларын тәрбиелеуде басқада тұлғалардың алдында ата – аналары жоғарғы құқыққа

Ата-аналардың өз балаларына қатысты құқықтары мен міндеттері (ата-ана құқықтары) өзара тең болады. Ата-аналар өз балаларының денсаулығына

қамқорлық жасауға міндетті. Ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеуге құқығы бар және оған міндетті. Ата-аналардың басқа да барлық адамдарға қарағанда өз балаларын тәрбиелеуге басым құқығы бар. Бала тәрбиелеуші ата-аналар өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде, оның физикалық, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болады.

Егер ата-аналар (олардың біреуі):

1) ата-ана міндеттерін орындаудан, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтаратын болса;

2) өз баласын перзентханадан (бөлімшесінен) не өзге де балаларды тәрбиелеу, емдеу немесе басқа да мекемелерден алудан дәлелді себептерсіз бас тартса;

3) өздерінің ата-ана құқықтарын пайдаланып қиянат жасаса;

4) балаларға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде олардың денесіне немесе психикасына зорлық-зомбылық жасаса, олардың жыныстық пәктігіне қастандық жасаса;

5) заңдарда белгіленген тәртіппен маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған болса, олар ата-аналық құқығынан айырылуы мүмкін.

Ата – аналар (олардың біреуі) өз балаларының өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыс жасаған жағдайда ата-аналық құқығынан айырылуы мүмкін. Ата-аналық құқығынан айыру сот тәртібінде прокурор мен қорғаншы және қамқоршы органның қатысуымен қаралады.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды асыраудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуына алмаса, кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға арналған қаражат (алимент) ата-аналардан сот тәртібімен өндіріп алынады. Алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға - ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бірін; екі балаға - үштен бірін; үш және одан да көп балаға - тең жартысын өндіріп алады. Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып кемітуі немесе көбейтуі мүмкін. Еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар өздерінің еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж ата-аналарын асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті.

Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуді он алты жасқа толған және атын және (немесе) әкесінің атын, тегін ауыстыруға тілек білдірген адамның жеке өтініші бойынша тіркеуші органдар жүргізеді.

Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу үшін:

1) медициналық ұйым берген, қайтыс болу туралы белгіленген нысандағы құжат;

2) қайтыс болу фактісін белгілеу туралы немесе адамды қайтыс болды деп жариялау туралы соттың заңды күшіне енген шешімі негіз болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1 . ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1 995ж. (1 0.03.2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулар).

2. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2011 жыл 26 желтоқсан.

3. Н.О.Дулатбеков, С.К.Амандыкова, А.В.Турлаев. Қазақстанның құқық және мемлекет негіздері: Оқулық бағдар. - Астана: ИКФ «Фолиант», 2000.

4. Ынтымақов С.А. Отбасы құқығы. Алматы: заң әдебиеті, 2016ж.

Бақылау сұрақтары:

1. Отбасылық құқықтық қатынастар дегеніміз не?
2. Отбасы заңдары қандай қатынастарды реттейді?
3. Отбасылық құқықтық қатынастардың субъектілеріне кімдер жатады?
4. Отбасылық құқықтық қатынастардың объектілерін атаңыз.
5. Неке отбасы заңдары қандай қағидаларға негізделген?
6. Неке дегеніміз не?
7. Некеге отыру жасы неше жас?
8. Некеге отыруға қандай жағдайларда жол берілмейді?
9. Неке қандай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін?
10. Неке қандай жағдайларда бұзылуы мүмкін?
11. Отбасы дегеніміз не?
12. Ата-аналар немесе олардың біреуі ата-аналық құқықтан қандай жағдайларда айырылуы мүмкін?

ГЛОССАРИЙ

1 . неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ;

2. жалған неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылардың немесе олардың біреуінің отбасын құру ниетінсіз, Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен қиылған неке (ерлі-зайыптылық);

3. отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы;

4. адамның некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) құқығына жеткендегі жасы;

5. суррогат ана – суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер үшін қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін құрсақ көтеретін және бала (балалар) туатын әйел;

6. патронат – жетім балалар, ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы (балаларды) тәрбиеге алуға тілек білдірген адам жасайтын шарт бойынша отбасыларға патронаттық тәрбиеге берілетін тәрбие нысаны;

7. алименттер – бір адам оны алуға құқығы бар екінші адамға беруге міндетті ақшалай немесе материалдық қаражат;

8. азаматтық хал актілері – адамды дараландыратын және оның құқықтары мен міндеттерінің туындауымен, болуымен және тоқтатылуымен байланысты болатын заңдық тұрғыдан ресімделген мән-жайлар;

9. қамқоршылық – он төрттен он сегіз жасқа дейінгі баланың (балалардың), сондай-ақ спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарына салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген кәмелетке толған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;

10. қорғаншылық – он төрт жасқа толмаған балалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;

11. суррогат ана – суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер үшін қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялар қолданылғаннан кейін құрсақ көтеретін және бала (балалар) туатын әйел.

8. Құқық қорғау органдарының қызметінің және ұйымдастырылуының негіздері

Мемлекет пен оның органдарының қызметінде басым бағыттардың бірі ретінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін қамтамасыз етуге, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің тұрақты әрі дәйекті дамуын, халықаралық аренада Қазақстанның қызметін құқықтық қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыру орын алатыны белгілі.

Құқық қорғау органдары өз қызметтерін мемлекеттің атынан, заңның үстемдігін қамтамасыз ету бағыттарында, жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекет пен азамат арасында өзара заңдық жауапкершілікті белгілеу негізінде жүзеге асырады[1].

Кез келген мемлекет өмірдің барлық қоғамдық салаларында, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарда қатаң тәртіп пен сақтықты орнатуға мүдделі. Онсыз қоғамның бірқалыпты дамуы, экономиканың, мәдениеттің, игіліктің көтерілуі және халықтың қауіпсіздігінің артуы мүмкін емес.

Сондықтан мемлекет азаматтардың олардың бірлестіктерінің, шаруашылық ұйымдарының, мемлекеттік органдарының, олардың лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін белгілейді.

Мемлекет өзі қабылдаған заңдарды барлық адамдардың қатаң сақтауын, заңдардың талаптарын бұзушылардың заңмен жауапқа тартылуын әрдайым қадағалап отырады.

Мемлекеттің мұндай қызметі, яғни заң талаптарынан ауытқуларға жол бермеу үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық бұзушылықтан сақтандыру мақсатында түрлі шараларды жүзеге асыру және заңды істерді қарау, оларды шешу мақсаттарындағы жұмыстарды орындау құқық қорғау органдарының қызметтік нысандарына жатады.

Құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган [2].

Құқық қорғау органдарындағы қызмет Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің қағидаларына және құқық қорғау қызметінің арнаулы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Құқық қорғау қызметінің арнайы қағидалары мыналар болып табылады:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау міндеттілігі;

2) азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық;

3) құқық қорғау органдарында құқық қорғау қызметін ұйымдастыруға көзқарастың біртұтастығы;

4) дара басшылық пен субординация (бағыныстылық);

5) саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу.

«Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР заңына сәйкес Құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады.

Құқық қорғау органдарына қызметке жасы он сегізге толған, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімінің даму жағдайы, білім деңгейі жөнінен өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

Құқық қорғау қызметіне:

1) заңмен белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерді орындауға кедергі келтіретін сырқаты бар және қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық

немесе психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден өтпеген;

3) қызметкер құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаудан бас тартқан;

4) құқық қорғау қызметіне тұрар алдында бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

5) құқық қорғау қызметіне тұрғанға дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

6) қызметке тұрғанға дейін өзіне қатысты үш жылдың ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қызметке орналасқанға дейін үш жылдың ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

7) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жұмыстан шығарылған;

9) бұрын сотталған не қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептер бойынша шығарылған адам қабылданбайды[3].

Құқық қорғау органдарына қызметке қабылдау лауазымға тағайындау жолымен, оның ішінде құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға түскен адамдармен келісімшарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Құқық қорғау қызметі мемлекеттік қызметтің бір түрі ретінде құқықты қорғауға, демократиялық қоғамда заңдылық режимін қамтамасыз етуге тиіс.

Құқық заңдардың көмегімен бостандық шегін белгілейді, қоғамдық өмірді реттеудің негізгі мәселелері бойынша мемлекеттің ырқын білдіреді. Құқық жалпыға бірдей және құқықтық қатынастарға қатысушыларды түгел қамтитындықтан, заңдылық барлық құқықтық жүйенің қалыпты жұмыс істеуінің қажетті шарты болып табылады. Бұл ретте табиғи құқықты мойындауға негізделген, демократиялық құқықтар мен бостандықтарға сай келетін заңдардың үстемдігі қамтамасыз етілуге тиіс. Заңдылықтың жайы заңдардың мазмұнына тікелей байланысты.

Осы айтылғандарды ескерсек, заңдылықты барлық заң нормаларын, бәрінен бұрын заңдарда, барлық құқықтық актілерді көрсетілген нормаларды азаматтардың, олардың бірлестіктерінің, лауазымды адамдардың, мемлекеттік органдардың бұлжытпай сақтауы және орындауы деп ұғыну керек. Мызғымастай құқықтық тәртіп заңдылық режимінің ойдағыдай жүзеге

асырылғандығының нәтижесі болып табылады.

Құқықтық тәртіп дегеніміз қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтірудің құқық пен заңдылыққа негізделген күйі. Құқықтық тәртіп мемлекет белгілеген тәртіпте қабылданған құқықтық нормалармен реттеледі.

Жоғарыда аталған мақсатқа жетудің құралы болып табылатын құқық қорғау қызметі заңдылықтың сақталуын қадағалау және бақылау, бұзылған құқықты қалпына келтіру және кінәлі адамды жауапқа тарту жөніндегі қызметтерді қамтиды.

Айта кету керек, ғылымда да, заң әдебиетінде де құқық қорғау қызметінің субъектілерін анықтауда ортақ пікір, ал Қазақстан Республикасының заңнамада «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР заңы қабылданғанша «құқық қорғау органдары» ұғымына нақты түсінікте беретін құқықтық норма жоқ болды. Мысалы, Б. Т. Безлепкин өз оқулығында құқық қорғау органдарының тек алты түрін көрсетеді: прокуратура органдары, федералдық қауіпсіздік қызметі органдары, ішкі істер органдары, салық полициясы органдары, кеден органдары, шекара қызметі органдары.

Құқық қорғау органдарының санын бұл оқу құралында әр түрлі авторлар 5-тен 16-ға дейінгі аралықта береді. А. В. Ендолыдеваның, О. А. Галустьянның және А. П. Кизлықтың редакциясында басылып шыққан «Құқық қорғау органдары» оқулығында құқық қорғау органдарына сот органдары, прокуратура, қауіпсіздік органдары, ішкі істер органдары, есірткі айналымын бақылау органдары, кеден органдары және әділет органдары жатқызылған. Бұл аталған жеті құқық қорғау органдарының әрқайсысы оның өзара байланыстағы элементтерінің жиынтығын құрайды. Өз кезегінде барлық құқық қорғау органдары да өзара байланысты. Белгілі ғалымдардың ғылыми еңбектерін жинақтап қорыту мынадай екі тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

- мемлекеттің құқыққа қатыстығын алғанда ол алғашқы болып табылады, себебі ол бұл құқықты құрайды.

- мемлекет өзі құрған құқықты қорғайды. Сондықтан да, құқық қорғауға арнаулы уәкілеттігі бар мемлекеттік орган ғана құқық қорғау органы болып табылады.

Құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын органдар қатарына сот органдарын жатқызу мәселесі құқық қорғау органдарының теориясында да, мамандар арасында да пікір таласын тудыруда.

Құқық қорғау органдарына қызметке қабылдау құқық қорғау органы басшыларының немесе уәкілетті басшылардың бұйрықтарымен ресімделеді. Бұйрық қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қол қойдырып жарияланады.

Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында оқуға орта білімі бар, жасы он алтыға толған адамдар қабылдана алады.

Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін құқық қорғау органының басшысы айқындайды.

Жоғары білімі бар адамдар құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін қабылдануы мүмкін.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсетін адамдар, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен оқу ақысын төлей отырып, құқық қорғау органдарының жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсетін адамдар білім беру ұйымдарындағы оқу мерзіміне және сонымен бір мезгілде білім беру ұйымдарында оқуын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында орта және аға басшы құрам лауазымдарында қызмет өткеру туралы күнтізбелік есеппен бес жылға келісімшарт жасасады.

Жасы он сегізге толмаған адамдармен келісімшарт жасалған жағдайда, олардың ата-аналарының, бала асырап алушыларының немесе қамқоршыларының келісімі қажет.

Құқық қорғау органдарының жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқуын бітірген қызметкерлер құқық қорғау органдарында кемінде бес жыл, жалпы орта және кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын іске асыратын қызметкерлер кемінде үш жыл қызмет өткеруге міндетті.

Құқық қорғау органдарына қызметке отыз бес жастан аспаған, тиісті білімі бар және әскери қызмет өткерген немесе Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери оқытылған резервті даярлау жөніндегі әскери дайындықтан өткен азаматтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке әскерге шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырылған азаматтар қабылданады.

Құқық қорғау қызметіне құқық қорғау органы басшысының шешімі бойынша орта және аға басшы құрам лауазымына отыз бес жастан асқан, жоғары кәсіптік даярлығы не белгілі бір мамандықтар бойынша едәуір жұмыс тәжірибесі бар адам қабылдануы мүмкін.

Қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына құқық қорғау органының лауазымдары санатына қойылатын біліктілік талаптарына байланысты кемінде орта білімі бар азаматтар қабылданады немесе қызметкерлер тағайындалады.

Орта басшы құрам лауазымдарына құқық қорғау органының лауазымдары санатына қойылатын біліктілік талаптарына байланысты техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар азаматтар қабылданады немесе қызметкерлер тағайындалады.

Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын әскерге шақыру жасындағы азаматтар орта және аға басшы құрам лауазымдарына жоғары білімі болған жағдайда ғана қабылдана алады.

Аға және жоғары басшы құрам лауазымдарына жоғары білімі бар азаматтар қабылданады немесе қызметкерлер тағайындалады.

Құқық қорғау қызметіне алғаш тұратын адамдар үшін тиісті лауазымға тағайындала отырып, үш айға дейін сынақ мерзімі белгіленеді.

Сәйкестіліктің кезеңдік бақылауының нәтижелері бойынша сынақ мерзімі үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

Прокуратура органдарына қызметке алғаш тұратын адамдар үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайтын тәртіппен бір жылға дейін сынақ мерзімі белгіленеді. Жас қызметкерлерді бейімдеу және тәлімгерлікті жүзеге асыру тәртібін құқық қорғау органының басшысы айқындайды[4].

Сынақ мерзімі оның құқық қорғау қызметінде атқарып жүрген лауазымына сәйкестігін тексеру мақсатында белгіленеді. Сынақ мерзімі кезеңінде арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілмейді, біліктілік сыныбы белгіленбейді. Сынақ мерзімінен өту туралы шарт құқық қорғау органы басшысының немесе уәкілетті басшының құқық қорғау қызметі лауазымына тағайындау туралы бұйрығында көзделеді. Егер сынақ мерзімі аяқталса, ал қызметкер құқық қорғау органдарындағы қызметін жалғастыра берсе, ол сынақтан өткен болып есептеледі және сынақ мерзімі құқық қорғау органдарындағы қызмет өтіліне есептеледі. Сынақ мерзімі кезеңінде қызметкерге құқық қорғау қызметі туралы заңның және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінің ережелері қолданылады. Қызметкер сынақ мерзімі кезеңінде өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындайды, атыс қаруын, арнаулы құралдарды алып жүру және сақтау құқықтарын қоспағанда, өзіне берілген құқықтарды толық көлемде іске асырады.

Прокуратура органдарының қызметкерлерін қоспағанда, құқық қорғау органдарына қызметке кіретін және аға және жоғары басшы құрамның басшы лауазымдарына тағайындалатын адамдарға, құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының түлектеріне, бұрын құқық қорғау органдарында қызмет өткерген адамдарға сынақ мерзімі белгіленбейді[5].

Қызметкердің өзі қызмет өткеретін құқық қорғау органына байланысты оның құқық қорғау қызметіне тиесілігін көрсету мақсатында қызметкерлердің арнаулы атақтары, сыныптық шендері немесе біліктілік сыныптары бойынша нысанды киім және айырым белгілері белгіленеді.

Арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген немесе біліктілік сыныптары белгіленген қызметкерлер нысанды киіммен тегін қамтамасыз етіледі.

Нысанды киімнің сипаттары, айырым белгілері, киіп жүру тәртібі және онымен қамтамасыз ету нормасы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Құқық қорғау қызметі мемлекеттік қызметтің бір түрі ретінде құқықты қорғауға, демократиялық қоғамда заңдылық режимін қамтамасыз етуге тиіс.

Құқық заңдардың көмегімен бостандық шегін белгілейді, қоғамдық өмірді реттеудің негізгі мәселелері бойынша мемлекеттің ырқын білдіреді. Құқық жалпыға бірдей және құқықтық қатынастарға қатысушыларды түгел қамтитындықтан, заңдылық барлық құқықтық жүйенің қалыпты жұмыс істеуінің қажетті шарты болып табылады. Бұл ретте табиғи құқықты мойындауға негізделген, демократиялық құқықтар мен бостандықтарға сай келетін заңдардың үстемдігі қамтамасыз етілуге тиіс. заңдылықтың жайы заңдардың мазмұнына тікелей байланысты.

Негізгі бағыттар деп құқық қорғау органдарының ақтық нәтижеге жету

жолындағы басты іс-әрекеттерін айтуға болады, олар: Конституцияның және заңдардың бұзылғандығын айқындап, оларды қалпына келтіру; қылмыстың бетін ашып, оны жасаған адамды әшкерелеу; азаматтық, қылмыстық және өзге істерді әділ талқылап шешу; жазаны орындаудың және өтеудің тәртібі мен шарттарын реттеу, сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне көмектесу. Құқық қорғау органдары қызметінің негізгі бағыттары дегеніміз олардың атқаратын функциясы. Құқық қорғау органдарына тән функциялар оның ұйымын, құрылымын және құзырын анықтайды. Кейбір құқық қорғау органдары тек бір функция, ал кейбіреулері бірнеше функция атқарады. Бұл тұрғыдан алғанда сотты құқық қорғау органдарына жатқызуға болады, себебі, сот органдары, мемлекеттік биліктің бір тармағы болғандықтан сот билігін жүзеге асырады, құқық қорғау органдарының барлық аталған белгілеріне жауап береді.

Құқық қорғау қызметі арнаулы уәкілеттігі бар органдар мен адамдардың билікті өкілеттік берілген қызметі, ол белгілі процессуалдық формада жүргізілетін мәжбүрлеу сипаты бар айрықша әрекеттер арқылы азаматтар мен қоғамының құқықтары мен бостандығын қорғауға, мемлекетте заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуге бағытталады.

Құқық қорғау органдары өзге мемлекеттік органдармен, және де мемлекеттік емес органдармен өзара әрекеттестікте болады. Құқық қорғауға көмектесетін органдар да бар, олар «құқық қолдану органдары» деп аталады. «Құқық қорғау органдары» ұғымына қарағанда «құқық қолдану органдары» ұғымы кең. Құқық қолдану органдары құқықты қолдану сөзінен шыққан, яғни заң нормалары негізінде әрекет етуді білдіреді. Құқық қорғау органдары көп, сондықтан олардың ішінен құқық қорғауға белсенді көмек көрсететінін ғана алайық. Ресей ғалымы Громов Н.А. «барлық органдарды құқық қорғау және құқық қолдану деп бөлу орынды, ал соңғысы өз кезегінде мемлекеттік және мемлекеттік емес болып бөлінеді» деп дұрыс айтады[6].

Құқық қорғауға көмегін тигізетін құқық қолдану органдарына нотариалдық органдар, адвокатура, күзет қызметі, төрелік сот, салық және өзге қаржы органдары, сот-сараптама мекемелері жатады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995ж. (1 0.03.2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулар).

2. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы заңы. (11.07.2017.берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

3. В.И.Качалов, О.В.Качалова Прав и судебные органы Учебник, Алматы, 2016. Вып. 1 .

4. Султанбекова Г.Б. Некоторые проблемы и современные тенденции прокурорского надзора в Республике Казахстан// Материалы 28-ой научно-практической конференции профессорско-преподавательского состава, аспирантов, магистрантов и студентов КарГУ им.Е.А.Букетова - Караганды: Изд-во КарГУ, 2005. С.209-212.

5. Сухотерин В.Е. Некоторые проблемы законодательного регулирования прокурорского надзора в Республике Казахстан.// Академик Е.А.Букетов - ученый, педагог, мыслитель: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию Е.А.Букетова - Т.2: Гуманитарные науки. - Караганды: изд-во КарГУ, 2005, - С.51 7-521 .

6. А.В.Гриненко, Ю.С.Жариков, Громов Н.А. Прав орг РФ Краткие учебные курсы юридических наук 2-е изд. Алматы, 2013.

Бақылау сұрақтар:

1. Құқық қорғау қызметінің ұғымы және белгілері
2. Құқық қорғау органдары
3. Құқық қорғау қызметі туралы заң
4. Құқық қорғау органдарындағы қызметтің құқықтық негізі
5. Құқық қорғау қызметінің принциптері
6. Құқық қорғау органдарында лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру және жоғарылату мәселелері

ГЛОССАРИЙ

1. Құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган;

2. Құқық қорғау органының қызметкері (бұдан әрі – қызметкер) – құқық қорғау органдары жұмыскерлерінің арасынан арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілген не біліктілік сыныбы белгіленген Қазақстан Республикасының азаматы;

3. Мансаптық өсу – лауазымдық ауыстырылу және кәсіби даму кезеңдеріне сәйкес қызметкерді қызмет бойынша жоғарылату;

4. Ротация – қызмет мүддесіне орай кадрлық әлеуетті ұтымды пайдалану мақсатында жүзеге асырылатын, басшылық лауазымдарды атқаратын қызметкерлерді жоспарлы ауыстыру;

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет – мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сыбайлас жемқорлық қылмыстардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге бағытталған қызметті жүзеге асыратын жедел-тергеу бөлімшелері;

6. Уәкілетті басшы – құқық қорғау органының аумақтық немесе оған теңестірілген мамандандырылған бөлімшесінің басшысы, құқық қорғау органы мекемесінің, ведомствосының басшысы;

7. Тәлімгер – жас қызметкер бекітіліп берілген, оның кәсіби даярлығы мен дамуына практикалық көмек көрсететін қызметкер;

8. Тәртіптік жаза – қызметкерге қолданылатын тәртіптік жауапкершілік шарасы;

9. Тәртіптік жауапкершілік – тәртіптік теріс қылықтар, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, қызметкерлер көтеретін заңдық жауапкершілік түрі.

9 Қаржы және салық құқығының негіздері

Мемлекеттің қаржылық қызметі – қоғам дамуының әр сатысындағы мемлекет қызметінің тұрақты жұмыс жасауы үшін, мемлекеттің орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қорлардағы ақша құралдарын қалыптастыру, қайта бөлу және қолдану қызметі.

Кірістердің аккумуляциясы және қорлардағы ақша құралдарын жұмсауды жүзеге асыруды дұрыс жүргізу үшін, мемлекетте қаржы жылын жоспарлаудан бұрын кірістердің барлық көздері анықталып, шығыс құралдарының бағыттары дұрыс белгіленуі тиіс. Мемлекеттің кірістері мен шығыстарының корреляциясы бойынша жұмыс әртүрлі көздер мен бағыттарда жүргізілуі тиіс. Ағымдағы бюджет жылын орындауда мемлекеттің қаржы органдары келесі жылдың бюджет кірістері мен шығыстарын жоспарлай бастайды. Мемлекеттің жыл ішіндегі кірістері мен шығыстары белгілі бағдарлама бойынша жоспарлық ассигнациялаулардың аумағында ғана орындалуы тиіс. Кірістер ақша құралдары қорына қатаң белгіленген арнайы бекітілген қаржы жоспарының мерзіміне сәйкес белгілі төлеушілерден белгілі ауқымда түсуі тиіс. Осыған орай, мемлекеттің қаржылық қызметі қаржы жоспарына негізделген міндетті жоспарлы қызмет.

Қаржылық қызметті жүзеге асыру және мемлекет ақша құралдары қорларының кірістері мен шығыстарын қалыптастыруда үнемі түзетулер мен келісімдер, корреляция жасап отырады. Сайып келгенде қаржылық жоспардың негізгі мақсаты кірістер мен шығыстардың сәйкестігі.

Мемлекеттегі ақша құралдарының қорлары орталықтандырылған және орталықтандырылмаған болып бөлінеді. Олар өзара сабақтасқан және келісімді болып келеді. Мемлекет қаржылық қызметті жүзеге асыруды екі жағдайда жүргізеді: кесімді қорларды жинастыруға бағытталған саясат жүйесінің субъектісі және ақша құралдарының иесі ретінде.

Қаржылық қызметті жүзеге асыра отырып, мемлекет негізгі үш тапсырманы орындайды:

- қоғамның ақша жүйесін құру және оның дұрыс қызмет жасауын қалыптастыру;
- өзін – өзі қамтамасыз ету және өз қызметін жүзеге асыру үшін ақша құралдарын табу;
- қоғамға қолайлы деп тапқан, ақша құралдарының көмегімен әлеуметтік-

экономикалық іс- әрекеттерге мемлекетпен әсер ету [1].

Мемлекеттегі әрбір қаржылық қызметі кірістердің аккумуляциясы және қажетті шығыстарды қалыптастырумен байланысты. Мемлекет шаруашылығында алатын кірістерден шығыстар артық болуы мүмкін, бұл кезде мемлекет қажетті шығыстарды жабу үшін кіріс көздерін іздестіре бастайды. Осы тұрғыда банктік және мемлекеттік несие, бағалы қағаздарды айналымға шығару, және орталықтандырылған қорлар қолданыла бастайды. Жалпы бюджет жүйесі бюджет тапшылығымен жоспарланады. Қаржы , мемлекетте болып жатқан экономикалық және әлеуметтік іс-әрекеттерді ғана емес, сонымен қатар саясат, этика, демография, экология және т.б. саладағы іс-әрекеттерді абстрактілі нысанда көрсетеді. Мемлекетте қаржы құралдарын қайта бөлуді қалыптастырмай, яғни құқықтық нысанда жүзеге асыратын мемлекеттің қаржылық қызметінсіз, қандай да болмасын іс-шараларды өткізуге болмайды.

Қаржы – экономика ғылымының ең күрделі санаттарының бірі. Жалпы – бұл ақша құралдарын бөлу және қолдануға байланысты туындаған, құн мөлшерінің құрамы [2].

Мемлекет тіршілігінің материалдық негізі болып қаржы табылады. Осыған байланысты мемлекеттік қаржылардың басты бағыты – бұл мемлекет қызметін ақшалай қамтамасыз ету.

Ғылымда «қаржы» санатының 3 мағынасы қолданылады. Осы санаты қарастыра отырып, материалдық мағынадағы түсінігі «ақша» мағынасымен тұспа- тұс келеді [3].

Кең мағынада «қаржы» сөзі «ақша» сөзінің синонимі болып табылады. Ақшалай қатынастардың барлығы қаржылық болмайды.

«Қаржы» сөзінің тары мағынадағы түсінігі кездеседі, ол мемлекеттің және заңды тұлғалардың ақша құралдарының жинақтайды.

Ақша қатынастарын қаржылық санатқа жатқызу үшін екі өлшемді қолдану қажет:

- а) ақша операцияларының субъектілері – мемлекет және заңды тұлға,
- б) айқындалу аясы – бөлу сатысы.

заңды тұлғалардың мемлекеттік және мемлекеттік емес, ал ақша қорлары мемлекеттік және жеке бола алатындығына байланысты қаржыларды мемлекеттік және жеке деп бөлу пайда болады.

Арнайы мағынадағы қаржыларға (материалдық мағынада) тек мемлекеттік ақшалар жатады, олар ақша құралдары қорларындағы қоғамдық табыстарды іс-әрекетіне бағытталған. Материалдық мағынадағы мемлекеттік ақшалар, мемлекет меншігіндегі ақша құралдарының жиынтығын құрайды. Ақшалар (қаржылар да) қолма-қол нысанда және қолма-қолсыз нысанда болады.

Экономикалық санат ретіндегі қаржы «қаржылық» ұғымдағы анықталған қатынастардың жиынтығы.

Қаржылық қатынастар ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және жұмсау қатынастарымен анықталады.

Экономикалық мағынадағы мемлекеттік қаржылар мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыруы және бөлу мен байланысты экономикалық

қатынастарының жиынтығы.

Ақша қорларын қалыптастыруға байланысты қаржы қатынастары, мемлекеттің ақша құралдарын табуына сәйкес пайда болады. Ақша қорларын бөлуге байланысты қаржы қатынастары, мемлекеттің өзінің шығыстарын қаржыландыруын жүзеге асыруынан пайда болады (мәдениет, қорғаныс, ғылым, денсаулық сақтау және мемлекеттік ақпаратты қамтамасыз етудегі шығыстарда қаржыландыру).

Қаржының реттеу және бақылау қызметтері бар.

Реттеу қызметінің мазмұны болып қоғамдық табыс құнының жиынтығын бөлу және қайта бөлуді жүзеге асырудағы қаржылардың негізінде ақша құралдарының бір тұлғадан екінші тұлғаға өтуі, осыдан ақша қорларын қалыптастыру немесе жұмсау іс-шараларының орын алуы.

Мемлекеттің қаржылық қызметі - ол мемлекеттегі ақшаның ішкі құрылымын жасау және оның қызметін қамтамасыз ету, сонымен қатар мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және жұмсауды ұйымдастырудағы мемлекеттің немесе өкілетті органның қызметі.

Мемлекеттің қаржылық қызметі мына қағидалар негізінде қалыптасуы тиіс: 1) қоғамның қажеттілігін ескеру және оның мүддесіне бағыну, 2) ашықтық және жариялық, қоғамға бақылаушылық және есеп берушілік, 3) қоғам санасына қол жетімділік және алдын ала болжау, 4) заңдылық, 5) ғылыми негізділік, тиімділік, 6) ақша құралдарын жұмсаудағы үнемділік және ұқыптылық, 7) жоспарлылық және нормативтілік.

Қаржы, мемлекеттің ақша құралдарының жиынтығы ретінде арнайы қорларға бөлінеді. Ақша қоры – бұл арнайы мақсатқа бағытталған және жеке қызметке ие ақша құралдарының бөлігі.

Материалдық мағынадағы қаржы жүйесі ақша қорларының жиынтығын құрайды. Экономикалық мағынадағы әрбір қор ақша қорларын бөлуді қалыптастыру және жұмсауды ұйымдастыру қатынастары жиынтығының қаржылық – экономикалық институты.

Қаржы жүйесі - қаржылық – экономикалық институттардың нақты жиынтығы.

Қаржы жүйесі мына институттардан тұрады: 1) бюджет жүйесі, 2) бюджеттік емес орталықтандырылған және орталықтандырылмаған мақсатты қорлар, 3) кәсіп орындардың, мекемелердің, халық шаруашылық саласының қаржылары, 4) мүліктік және жеке сақтандыру, 5) несие (мемлекеттік және банктік).

Қаржы жүйесін қалыптастырудың негізінде қаржыны мемлекеттік және жеке деп бөлу жатыр. Жалпы мемлекеттің қаржылық жүйесінен мемлекеттің қаржылық жүйесін ажырата білу қажет.

Жеке қаржылар мыналардан тұрады: 1) мекемелердің қаржысы (коммерциялық және коммерциялық емес), 2) сақтандыру мекемелерінің қаржысы, 3) банктің қаржысы, 4) мемлекеттік емес арнайы қорлардың қаржысы (мысалы, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары).

Мемлекеттік қаржылар мына қаржылық – экономикалық институттардан тұрады: 1) бюджет жүйесі, 2) бюджеттік емес мақсаттық қорлар, 3) мемлекеттік

сақтандырудың қаржылары, 4) мемлекеттік банктердің қорлары, 5) мемлекеттік мекемелермен кәсіпорындардың және шаруашылық жүйенің орталығының қаржысы (мемлекеттік басқару органдары).

Қаржы мемлекеттік органдардың және мекемелердің жиынтығы ретінде қаржы органдарының және несиелендіру мекемелерінің мемлекеттік қаржылық қызметін жүзеге асырудағы байланысын құрайды.

ҚР қаржы министрлігі қаржы органдары жүйесінің басшылығы болып табылады және Қазақстан Республикасында бірыңғай қаржылық, бюджеттік, салықтық және валюталық саясатты жүргізетін атқарушы орган.

Несие жүйесін несиелендіру аясында басшылық жасайтын Қазақстан Республикасының Орталық банкі басқарады.

Қаржы жүйесіне салық қызметі, кеден және кез-келген меншік нысанындағы мекемелердің бухгалтерлері кіреді.

Мемлекеттің қаржылық қызметі әртүрлі әдістермен жүзеге асырылады. заң әдебиетінде қаржылық қызметті жүзеге асыру әдісі екі топқа бөлініп қарастырылады:

- 1) ақша құралдарын жинау әдісі,
- 2) бөлу және жұмсау әдістері.

Ақша құралдарын мемлекеттік және жергілікті бюджеттерге жинаудың ең маңызды әдісі салық белгілеу әдісі- салықтық әдіс. Мемлекет осының көмегімен міндетті түрде, әртүрлі нысанда, белгіленген мөлшерде және уақытта анықталған бюджет көзіне ақша құралдарын аударады. Бұл мемлекет бюджеттің маңызды қайнар көзі. Салық арқылы дамыған мемлекеттер жалпы салықтық өнім (ЖСӨ) 27-29%- дан бастап (АҚШ, Жапония) 53%- ға дейін (Швеция) жүзеге асырады.

Ақша құралдарын жинау әдісі болып мемлекеттік бюджеттік емес қорларға міндетті төлемдер әдісі танылады (зейнетақы қорлары, халықты мемлекеттік қамсыздандыру қоры, әлеуметтік сақтандыру қоры). Мұнда міндеттеуші сипаттағы салықтық әдіс емес, ерікті әдіс қолданылады.

Мемлекеттің ақша құралдарын бөлу және жұмсауда екі басты әдіс қолданылады: қаржыландыру және несиелендіру.

Қаржылық әдіс ақша құралдарының қайтарусыз берілетіндігін көрсетеді.

Несиелендіру ақша құралдарын қайтару негізінде беруді білдіреді.

Қаржыландыру тек мемлекеттік мекемелер арасындағы қатынастарға қолданылады, ал несиелендіру- мемлекеттік және өзге де мемлекеттік емес мекемелерге сәйкес қолданылады.

Анықталған құқықтық нысандарда қаржылық қызмет мыналарды жүзеге асырады:

- 1) нормативтік сипатқа ие құқықтық актілер шығару;
- 2) мемлекеттің нақты қатынасындағы субъектілерімен іс-әрекетті реттеуде, жеке қаржылық- құқықтық актілер шығару;
- 3) екі жақты қаржылық-құқықтық актілер қабылдау, яғни қаржылық келісім шарт жасау;
- 4) мемлекеттің қаржылық құқық қатынастың нақты субъектісі ретінде өзінің құқықтарымен міндеттерін жүргізу.

Қаржылық-құқықтық акт – мемлекеттік органдардың мемлекеттің қаржылық қызметіне байланысты туындайтын сұрақтары бойынша өз құзыреті шегінде қабылдайтын құқықтық актісі. Қаржылық-құқықтық актілерді өзінің құқықтық жағына сәйкес нормативтік және құқық қолдану актілер деп бөлу қарастырылған. Нормативтік акт құқықтық нормалардан тұрады, яғни жалпы тәртіп ережесі. Жеке акт белгілі іс-әрекетке байланысты нақты бір тұлғаға бағытталады, қажет уақытта ғана қолданылады.

Қаржы құқығының пәні болып мемлекеттік қаржылармен шектелген, мемлекеттің қаржылық қызметі аясында пайда болатын қоғамдық қатынастар танылады.

Мемлекеттің қаржылық қызметі аясында пайда болатын қатынастар, өзінің экономикалық табиғаты бойынша қаржылық болып табылады. Жеке қаржылар қаржы құқығының пәні болып табыла алмайды. Мемлекет жеке ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және жұмсау тәртібін бекітеді және ол әкімшілік, азаматтық және басқа да құқық салалары аясында жүзеге асырылады. Мемлекеттің қаржылық қатынастары аясында туындаған қатынастар, қаржылық емес тәртіп негізінде және қаржылық емес нормалармен реттелетін болса, онда ол жүзеге асырылмайды.

Мемлекеттің қаржылық қызметі аясында туындаған қоғамдық қатынастар, мемлекеттің қаржылық қатынастарын көрсете отырып, мемлекеттің қаржыларын қалыптастырады және қаржы құқығының пәні болып табылады.

Мемлекеттің қаржылық қызметі аясында қаржы құқығының пәні болып табылатын қаржылық қатынастардың екі тобы пайда болады: материалдық және ұйымдастырушылық. Материалдық қаржылық қатынастар мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру және бөлу іс-әрекетін көрсете отырып, ақша құралдарының ағымын реттейді. Бұл қатынастар нақты ақша ағымымен байланысты, яғни төлеушіден мемлекеттік қорға немесе қордан алушыға (мысалы, салықтық қатынастар). Ұйымдастырушылық қаржылық қатынастар – мемлекеттің ақша жүйесін толық және мемлекеттің қаржылық жүйесін ішінара ұйымдастыру іс-әрекетінде олардың қызметін қамтамасыз ету кезінде пайда болатын қатынастар. Ұйымдастырушылық және материалдық қаржылық қатынастардың жалпы белгісіне, олардың мемлекет тіршілігімен шартталуы және оның қаржылық қызметінің өнімі болып табылатындығы жатады.

Қаржы құқығының пәні болып мемлекеттің қаржылық қызметінде пайда болатын қатынастар танылады.

Қаржы құқығы – мемлекеттің дамуының әрбір нақты кезеңінде оның міндеттері мен қызметтерінің үздіксіз атқарылуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттің қаржылық қызметінің барысында және мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және жұмсауды ұйымдастыру іс-әрекетінде пайда болатын қоғамдық қатынастар. Қаржылық заңнама қаржы құқығының тіршілік нысаны ретінде қалыптасады. Қаржылық заңнама- мемлекеттік қаржылық қызметі аясында пайда болатын қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы.

Құқықтық реттеу әдісі негізінде мемлекеттің қаржылық қатынасқа қатысушыларының іс-әрекетіне, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтау

арқылы әсер ету жағдайлары түсіндіріледі.

Бұл құқық саласы құқықтық реттеудің императивтік және диспозитивтік әдістерін қолданады.

Негізгі әдіс- бұл императивті әдіс, ол біржақты- әміршіл, ертеде оны әкімшілік деп атаған.

Бұл әдіс келесі белгілермен ерекшеленеді:

1) мемлекет қаржылық қатынас субъектілерінің іс-әрекетін құқықтық актілерде мазмұндалған нормативтік тәртіпке негізделген, біржақты- әміршіл шаралармен анықтайды;

2) бұл шара тараптардың іс-әрекеін толық анықтайды;

3) тараптардың келісілген құқықтары мен міндеттері осы қатынастарды реттейтін, мемлекетпен пайда болған нормативтік актіден бастау алады;

4) тараптар мемлекет белгілеген ережені орындаудан шегінуіне құқығы жоқ;

5) мемлекет белгілеген ережені орындау, мемлекеттің уәкілетті органдарымен, сот арқылы немесе бір жақты тәртіппен мәжбүрлі түрде қамтамасыз етіледі,

6) тараптардың тәртіпті таңдауы өзара келісім негізінде немесе келісімсіз жүреді,

7) ережені орындамау құқықтық жауапкершілікке соқтырады;

8) қаржылық құқықтық қатынасқа мемлекеттің атынан түсетін субъекті, басқаларға қарағанда кең құқықтырғы ие.

Диспозитивті әдіс (келісім-шарттық, автономды)-императивті әдіске қарағанда қаржылық қатынас субъектілерінің іс-әрекетіне жұмсақтау. Бұл жерде қаржылық қатынас келісімдік нысанда жүргізіледі.

Қаржы құқығының жүйесі жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады.

Жалпы бөлімге жалпы ережелер, анықтамалар, пәні мен әдісі, ақша жүйесінің құқықтық негізі, мемлекеттің қаржылық құрылымының құқықыты негізі мен өзгеде институттары кіреді. Ерекше бөлім келесі институттардан тұрады: бюджет құқығы, салық құқығы, сақтандыру құқығы, банк құқығы және қаржылық-шаруашылық құқығы.

Қаржы құқығының қайнар көзі болып: Қазақстан Республикасының Конституциясы, салық кодексі, бюджет кодексі, бюджет заңнамасы, валюталық реттеу және валюталық бақылау заңы, Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы туралы заңы және т.б. нормативті құқықтық актілер танылады.

Бюджет- ақша құралының қалыптасу және жұмсау нысаны. Бюджет ақша құралдарына есеп жүргізілу, жоспарлау және жұмсаудың өзара сәйкестігі. Бюджет қордың тепе- теңдігін, оның кірісі мен шығысын тексерудің құралы[4].

«Бюджет жүйесі» түсінігі - дәстүрлі бюджет жүйесі білдіретін нақты бекітілген ғылыми санат. Ол осы мағынада қаржылық-құқықтық актілер мәтіндерінде де қолданылады. Осыған орай бюджеттік құрылым түсінігі үлкен әрекеттілікпен ерекшеленеді. Сонда да бюджет жүйесі секілді элемент, барлық авторлармен бюджеттік құрылым құрамына енеді. «Бюджет жүйесі» және «бюджеттік құрылым» түсініктері бір-бірімен байланыста. Көптеген авторлардың пайымдауынша, бұл жеке қатынастардың жалпы қатынастармен

байланысы, яғни бюджеттік құрылым тек ғана бюджет жүйесін ғана емес, басқа да элементтерді өзіне қосады. Біздің ойымызшы бұл тұйырымды қайта қарауға негіз жоқ. Теңдік жағдайында келісетін іс-әрекет (құқықтық ғылымда), бюджеттік іс-жүргізу бюджет құрылымына кірмейді, ол бюджет құқығының жеке институты болып табылады. «Бюджеттік құрылым» және «бюджет құқығы» түсініктері де тең емес, яғни біріншісі екіншісінің институты ғана.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бюджеттік құрылымның құрамына мыналар кіреді: 1) бюджет жүйесі, оның құрамдық бөлімдері және құрамы (бюджет жүйесінің сатылары), 2) бюджет құрылымын ұйымдастырудың қағидалары, 3) бюджеттік реттеу, бюджеттік құрылымның жалпы және жек құрамы қызметін реттеу механизмі. Бюджет жүйесі- нақты жүйеге ұйымдастырылған әртүрлі бюджет түрлерінің жиынтығы. Бюджеттік құрылым елдің мемлекеттік құрылыммен анықталады. Федеративті мемлекеттерге үш сатылы бюджеттік жүйе тән: бірінші саты- федеративті бюджет, екінші саты федерация субъектілерінің бюджеті, үшінші саты- жергілікті бюджеттер.

Унитарлы мемлекеттерге екі сатылы бюджет жүйесі тән: а) орталық (жалпы мемлекеттік, республикалық), ә) жергілікті бюджет. Бұл мемлекеттер қатарына Қазақстан кіреді.

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесін талдамас бұрын бюджет жүйесінің қалыптасы қағидаларына тоқталып өтсек.

Бюджет жүйесі екі түрлі болуы мүмкін: 1) орталықтандырылған бюджет қағидасына негізделген жүйе, яғни әрбір төмен тұрған бюджет жоғары тұрған бюджеттің құрамына кіреді. Орталықтандырылғын бюджет қағидасының пайда болуына бюджет жүйесінің біртұтастығы қағидасы әсер етті. 2) әкімшілік-аумақтық бірліктердің автономдығы қағидасына негізделген бюджет жүйесі.

Орталықтандырылғын бюджет қағидасына негізделген бюджет жүйесіне бюджеттерді орталықтан басқару тән, яғни бюджеттердің қатал иерархиясы, бюджет кірістерін алу жалпы басты көздер арқылы жүргізіледі, бюджетті жоспарлауды ұйымдастыру моделі «жоғарыдан төмегенге», әрбір төменгі бюджеттің жоспары жоғары тұрған бюджеттің жоспарына сай келеді. Мұндай жүйе социалистік мемлекеттерге тән, олардың экономикасы мемлекеттік меншікке негізделеді.

Автономдық қағидасы негізінде құрылатын бюджет жүйесіндегі бюджеттердің барлығы жеке дара болып табылды. Автономдық қағида негізінде құрылған бюджет жүйесінің бюджеттеріне бір-бірінен тәуелсіз мінез-құлық тән, яғни әрбір бюджеттің жеке кіріс көзі, кіріс көздерін тарататын, бюджеттен шығатын қаражаттарды бөлуді ұйымдастыру және қолдануды қадағалау жеке басқару аппараты бар. Мұндай қағида бойынша экономикасы жеке меншікке негізделген дамыған либералды-демогратиялық типтегі мемлекеттердің бюджет жүйелері ұйымдастыралады. Автономдық қағида негізінде құрылған бюджет жүйесінің жетістіктерінің бірі болып, оның мобильділігінде, ақшаға шаруашылық қатынаспен қарау, яғни өзінің бюджеттік қызметінің нәтижесі бойынша халық алдында жауатылықты сезіну. Мұндай жүйенің жетпіспеушілігі аумақтық бюджет қорларының тепе-теңдіксіз қалыптасыуы, салықтардың және міндетті төлемдердің көп сатылығы. Мысалы,

АҚШ-та федералдық салықтардан басқа, елдің орналасқан жерлеріне байланысты штат салықтары, жергілікті салықтары да бар. Сондай-ақ бюджет жүйесінің сатылары бір-біріне байланысы жоқ ведомстволардың жеке қаржыларымен жүзеге асырылады. Бұл тек мемлекет аппаратын ғана қолайсыздыққа ұшырытпайды, сонымен қатар, кәсіпкерлер мен халыққы қолайсыздық тудырады.

Мемлекеттік кірістер республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінген, кірістердің негізгі бөлігі республикалық бюджетке түседі де, ал жергілікті бюджетті қамтамасыз ететін бөлігі, олардың ең төменгі шығындарында жаппайды. Осыған орай, бюджеттік реттеу механизмі қалыптасқан, яғни, республикалық бюджетті мемлекеттік бюджет пайдасына реттеу кірістері және бюджеттік ссуда арқылы қайта бөлу қарастырылған. Бұл жергілікті бюджеттің жоғарғы тұрған бюджетке бағыныстылығын көрсетеді.

Қазақстан бюджет жүйесі қарастыратын болсақ, ол басқа да көптеген біртұтас мемлекеттер секілді екі сатылы бюджеттен тұрады: республикалық бюджет және жергілікті бюджет. Республикалық бюджет жалпы мемлекеттік мағынадағы іс-шараларды қаржыландыруға арналған. Ол арқылы мемлекеттік биліктің орталық органдары қамтамасыз етіледі: Қазақстан Республикасы Президенті және оның аппараты, Парламент, Үкімет, министрліктер және өзге де орталық ведомстволар, сот жүйесі, мемлекеттің қауыпсыздігі және қорғанысы қаржыландырады, мемлекеттік сатыдағы құқық қорғау қызметі, мемлекеттік сатылағы құрылыс объектілері және өнер кәсіп аясындағы арнайы құрылыс бағдарламалары.

Жергілікті бюджеттер әкімшілік-аумақтық бірліктің қажеттілігін қаржыландыруға арналған. Осы бюджет арқылы мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы органдары қамтамасыз етіледі, жергілікті сатыдағы қызметтер, халықты еңбекпен қамтуының бағдарламалары, тұрғын үй бағдарламалары, жергілікті сатыдағы өнеркәсіп және құрылыс объектілері қаржыландырылады.

Республикалық бюджетке Бюджет кодексі мынадай анықтама береді: «Республикалық бюджет - Қазақстан Республикасы заңымен бекітілген, айқындалған, түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомствалық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржылай қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры».

Осы анықтама атқарушы органдардың бюджет аясындағы мемлекеттің мәртебесін өз қарамағына алу құлшынысын тудырады. Бұл, біріншіден, жалпы мемлекеттің ақша құралының қоры негізіндегі бюджеттің сапасын түсіреді: бюджет мемлекеттің тапсырмалары мен қызметі қаржыландыруға арналған. Екіншіден, бюджет заңнамасымен бекітілген шығыстарды ғана қаржыландыруы тиіс. Республикалық бюджет - ол Үкіметтің ақша қоры емес, Қазақстан Республикасының, яғни жалпы мемлекеттік ақша қоры. Үкіметтің бағыты - бюджет заңдарын орындау. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Үкімет «республикалық бюджетті қарастырады және ұсынады және оны орындалуы туралы есеп береді, бюджеттің орындалуын

қамтамасыз етеді» (66 б.,2 бөлім), ал Парламент- «республикалық бюджетті талқылайды» (54 б., 2 бөлім) және республикалық бюджетке қатысты заңдар қабылдауға құқылы (61 б., 3 бөлімнің 5 бөлімшесі).

Жергілікті бюджеттерге (әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті) облыстық бюджеттер, арнайы экономикалық аймақтардың қаржылық қорлары (бюджеттері), қала, аудан бюджеттері. Осыған орай, Қазақстан Республикасының жоғары сатыдағы бюджет жүйесінде біз бір ғана бюджетке ие болсақ- республикалық, онда екінші сатыдағы- көп. Нәтижесінде жергілікті бюджеттер белгілі иерархияға ие, нақты бюджеттер жүйесін құрайды: жергілікті бюджеттердің жоғарғы бөлігі болып облыстық бюджеттер танылса, төменгісі болып қала және аудан бюджеттері танылады.

Бюджет кодексіне сәйкес бюджет жүйесінің қызмет атқаруы әртүрлі сатыдағы бюджеттердің байланысына негізделген және олардың қалыптастырылуы, қаралуы, бекітілуі, атқарылуы, бақылануы және республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуы есебі негізінде жүзеге асырылады. Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан асырылатындығы бекітілген. Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі бірыңғайлық толымдылық ,реалистік,транспаренттілік бюджеттердің дербестік қағидасына негізделеді. Бюджеттердің бірыңғайлық қағидасы-бюджет жүйесін ұйымдастырудың және оның жұмыс істеуінің бірыңғай қағидаларын қолдану, Қазақстан Республикасында бірыңғай бюджет сыныптамасын және бюджет процесінің бірыңғай рәсімдерін пайдаланумен жүзеге асыралады. Ол бюджеттердің қайта бөлуі іс-әрекетіне негізінде. Бюджеттердің толымдылық қағидасы- бюджетте және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына Қазақстан Республикасына заңнамасында көзделген барлық түсімдер мен шығыстардың көрсетілуі, бюджет қаражаты бойынша талап құқықтарының басқаға берілуі сияқты, бюджет қаражатын пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке жатқызуға жол бермеуімен жүзеге асырылады. Бюджеттердің реалистілік қағидасы- бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет көрсеткіштерінің әлеуметтік- экономикалық дамудың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлы болжамдырының бекітілген (түзетілген) өлшемдеріне, бағыттарына сәйкес келуімен жүзеге асырылады. Бюджеттердің транспаренттілік қағидасы- мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтер, сондай-ақ қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін бюджет процесінің міндетті ашықтығын қоспағанда, Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді, стратегиялық жоспарлар мен олардың іске асырылуы туралы есептер, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру туралы және пайдалану туралы ақпаратты міндетті түрде жариялауына негізделеді. Бюджеттердің дербестілік туралы қағидасы- түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында түсімдердің тұрақты бөлінуін белгілеу және Бюджет кодексіне сәйкес олардың жұмсалу бағыттарын айқындау, осы Кодекске сәйкес мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің бюджет процесін дербес жүзеге асыру құқығы, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша

алынған кірістерді және жергілікті бюджеттер қаражатының қалдықтарын жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жол берілмеу, төменгі бюджеттерге оларды тиісті өтеусіз, қосымша шығыстар жүктеуге жол берілмеуіне негізделеді.

Аталып өткен бюджеттерден басқа, Бюджет кодексі тағы мынадай түрлерді қалыптастырады, мемлекеттік бюджет және облыс бюджетті.

Мемлекеттік бюджет- республикалық және жергілікті бюджеттердің жиынтығы. Облыс бюджеті- бұл қала және аудан бюджеттерінің жиынтығы.

Аталған бюджеттерді, толық бюджет деп айта алмаймыз, себебі олар ақша құралдарының қоры болып табылмайды (материалдық мағынадағы бюджет) және ешқандай өкілді органдарымен бекітілмейді (мемлекеттік бюджет Парламентпен бекітілмейді, жергілікті бюджет- мәслихатпен бекітілмейді). Яғни, бұл бюджеттер қаржылық жоспар негізінде жүзеге асырылмайды, сол себепті де «бюджет» түсінігі құқықтық мағынаға сәйкес келеді.

Бюджеттік реттеу- мемлекеттік бюджет жүйесі құрамына кіретін бюджеттердің тапшылығын қамтасыз ету.

Бюджеттің кіріс бөлігін кірістер мен дотация арқылы жоғарылатуды қамтамасыз ету, «Бюджеттік реттеу» ұғымы негізінде бюджеттің тапшылығы әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Бюджеттік құқық- жергілікті және орталықтандырылған бюджетті ұйымдастыру мен құру, бөлу, бюджеттік құрылысты ұйымдастыру процесінде пайда болатын қатынастырды реттейтін қаржы құқығының ерекше бөлімі.

Бюджет құқығының нормасы мазмұнына қарай материалдық және іс жүргізушілік болып бөлінеді. Бюджеттің материалдық нормалары ҚР бюджет жүйесінің құрылымын бекітеді, яғни бюджеттің кірістері және шығыстары, олардың әртүрлі бюджеттердің арасында бөлу және т.с.с. Бюджеттік іс жүргізушілік нормаларға мемлекеттің және жергілікті бюджеттердің құрылуы, бекітілуі, атқарылуы және бюджеттің орындалуы турала есептің бекітілуі секілді нормалар жатады.

Бюджет құқығының нормалары ҚР Конституциясында қарастырылған. Бюджеттік құқық қатынасты реттейтін нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 1 бабына қарастырылған. Бюджет құқығы нормаларын мазмұндайтын нормативтік актілердің жиынтығы бюджет заңнамасы құрайды.

Бюджеттік құқықтық қатынастар- бюджеттік құқық нормаларымен ретелетін және мемлекеттің бюджеттік құрылыс процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастыр.

Бюджеттік құқықтық қатынастарға келесі белгілер тән:

1. Мемлекеттің бюджеттік қызмет процесінде пайда болады;
2. Мемлекеттің қоғамдық бюджеттік қатынастарды құқықтық реттеу;
3. Бюджеттік құқықтық қатынастардың материалдық объектісі ретінде ақша немесе ақшалай міндеттемелер;
4. Материалдық бюджеттік құқықтық қатынастардың міндетті субъектісі болып түгелімен мемлекет немесе соған сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктер танылады.

Нақты материалдық-қаржылық базасы бар болған кезде ғана әрбір мемлекет өмір сүре алады. Мемлекеттің өзіне қажетті ақша құралдарын табу әдістерінің негізгісі болып салық танылады.

Салық- мемлекеттің ұстанымы. Тек мемлекет қана азаматтарға салық салу режимін белгілей алады, сонымен қатар нақты ақша сомасын өзіне беруді міндеттейді.[5]

Салық жүйесі- мемлекеттің кірісі негізінде бекітілген салықтардың, алымдардың және өзге де төлемдердің жиынтығы[6].

М.М.Калиевтің ойынша, «салық жүйесі күрделі кешенді әлеуметтік топтастыруды құрайды және негізгі элементтері болып мыналар танылады:

- 1) салық заңнамасының жүйесі және қағидалары;
- 2) салық және алымдардың жиынтығы (салық жүйесі);
- 3) салықтық қызметті жүзеге асыратын органдар жүйесі. Көмекші элементтерге сол жүйенің қызметін асыратын элементтер жатады:
 - а) салықтық бақылаудың нысаны мән әдістері;
 - б) салықтық есеп және қисап;
 - в) салықтық құқықбұзушылық үшін жауапкершілік және салық төлеушілурге кепілдік»[7].

Салық барлық жерден алынады: сауда орындарынан немесе өндіріс көздерінен; сатушыдан және сатып алушыдан; үй шаруалшылығынан немесе мекемелерден; кіріс көздерінен немесе шығыс табыстарынан [8].

Материалдық мағынада- белгіленген тәртіп пен мерзімде салық төлеушінің мемлекетке беретін нақты сомасы.

Экономикалық санат- белгіленген тәртіп пен мерзімде салық төлеушіден мемлекетке біржақты негізде алынатын ақшалай қатынастар.

Құқықтық мағынада- мемлекетпен бекітілген, тұлғаның мемлекетте белгіленген мөлшерде, бекітілген мерзімде тұрақты түрде біржақты тәртіппен беретін міндетті ақшалай төлемі.

Материалдық белгі салық төлеушінің мемлекетке міндетті белгілерімен анықталған нақты ақша сомасы, заттар көлемімен ерекшеленеді.

Салықтың құқықтық әдістеріне мыналар жатады:

- 1) Салық мемлекеттік бекітілім;
- 2) Ол тек қана құқықтық мағынада болады;
- 3) Салық- біржақты мемлекеттік бекітілім болып табылаы;
- 4) Салықтық бекітілуі салықтық міндеттеме туғызады;
- 5) Салық мәжбрлеу сипатында болады;
- 6) Салықты төлеу арқылы алу құқықтық мағынада жүргізіледі.

Салықтың экономикалық әдістеріне мыналар жатады:

- 1) салық мемлекеттің пайдасына үшін қоғамдық өнімнің жиынтығын бөлу;
- 2) салық ақшалай нысанда, сонымен қатар натуралды түрде болады;
- 3) салық төлеудің қайтарымсыздығы;
- 4) салық төлеудің эквивалентсіздігі;
- 5) салықтық төлеу кезінде жеке меншік нысанының ауысуы.

Осыған орай салық- бұл салықтарды бекіту және алудағы мемекеттің қызметі.

Салық салу мемлекеттің салықтық қызметінің орталығы болып табылады. Мемлекеттің салықтық қызметі өзінің өмір сүруі мен қызмет атқаруы үшін мемлекетпен ақша құралдарын табуға бағытталған. Әрине, мемлекет ақша құралдарын тек қана салық арқылы таппайды- басқа да әдістер арқылы жүзеге асырылады. Сонда да, салық мемлекетті қаржыландырудың негізгі немесе негізгі әдістерінің бірі болып табылады.

Салықтық қызмет- салық салуды ұйымдастыру және оның өмір сүруін қамтамасыз етудегі мемлекеттің қызметі.

Салық- бұл нақты ішкі құрылымға ие және нақты элементтерден тұратын күрделі құрылым.

Салықтық негізгі элементтері болып мыналар танылады:

- 1) Салық субъектісі;
- 2) Салық объектісі;
- 3) Салық базасы;
- 4) Салық ставкасы;
- 5) Салықтық кезең;
- 6) Салықты есептеу тәртібі;
- 7) Салық төлеудің тәртібі;
- 8) Салықтық жеңілдіктер.

Салықтық құрылым салық құқығының жалпы бөлім институты болып табылады, ол мемлекеттің салық жүйесін құруды анықтайды, бюджеттер арасындағы салықтарды бөледі, және де салық салудың қағидаларын заңды түрде бекітеді.

Салық жүйесі- мемлекет аумағында бекітілген және алынатын салықтар жиынтығы.

Жалпы мемлекеттік салықтарға жатады: қосалған құн салығы, акциздер, жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары. Жергілікті салықтарға жататындар: жеке табыс салығы, акциздер, мүлік салығы, жер салығы, көлік салығы. Корпорациялық табыс салығы және акциздердің көп түрлері республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінген. Тәжірибе жүзінде мұндай салықтарды «бірлестік» деп атайды.

Салық жүйесі біртұтастық қағидасымен сипатталады.

Салық кодексі бойынша салық жүйесінде біртұтастық қағидасы қарастырылған, 8 бапқа сәйкес, бұл қағида Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай салық жүйесі қалыптасқанын білдіреді.

Қазақстан Республикасының салық кодексінде көрсетілген әрбір салық түрлері мемлекет аумағында қолданылады және басқа жақтардан өзге түрде енген салықтың түрлері қолданылмайды. Сонымен қатар, салық заңнамасына сәйкес мынадай қағидалар қолданылады: салық салудың міндеттілігі қағидасы, салық салудың айқындылығы, әділік, жариялылық. Салық салу аясындағы басқару мемлекеттің салық қызметі органдарының жүйесін анықтайтын және қарым-қатынас мәртебесін бекітетін салық құқығының жалпы бөлім институты.

Салық қызметі органдарына: Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі- уәлекетті орган, салық қызметінің аумақтық органдары. Қазіргі таңда Кеден органы болып, Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Кедендік

бақылау комитеті танылады. Қаржы министрлігі мемлекеттің қаржыларын басқару және оны қолдануды бақылау аясында заңнамаға негізделген орталық атқарушы орган болып танылады[9].

Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары негізінде және заңдармен, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметтің актілерімен өзге де нормативтік құқықтық актілер және Министрлік туралы ереже негізінде жүзеге асырыда. Бұл Министрлік ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы мемлекеттік мекеме заңды тұлға болып танылады.

2018 жылы 1 қаңтарда Қазақстанда жаңа Салық кодексі күшіне енді. Салық кодексі мыналарды жүзеге асырады:

- тура қызметтегі заңнаманы іске асыру;
- экономикалық шикізат емес бөліктеріне жалпы жүктемені азайту;
- салықтық әкімшілік жүргізу аясында дамыту арқылы бизнесті жүргізу талаптарын жеңілдету[10].

Салықтық бақылау- салық құқығы нормалары мен реттелген, салықтық заңнаманың орындалуына және дұрыс есеп жүргізуді, мемлекеттік бюджетке алымдарды, салықтарды, өзге де төлімдердің мерзімінде түсуін бақылайтын арнайы орган.

Салықтық бақылау күрделі ұйымдастырушылық жүйені қалыптастырады және келесі элементтерден тұрады:

- 1)бақылау субъектісі;
- 2)объектісі;
- 3)бақылау пәні;
- 4)бақылау мақсаты;
- 5)бақылауды жүзеге асыратын әдістер.

Көптеген негіздер бойынша салықтық бақылауды келесідей жіктеуге болады:

Жүзеге асырылу нысаны (формасы) бойынша:

- 1)тікелей
- 2)жанама

Тікелей салықтық бақылау ол салық объектісінің өзінде тексеруші салық есептілігіне қатысты бастапқы құжаттарды тексеру мен талдаумен мінезделеді.

Жанама салықтық бақылау ол салық субъектісі мен салық объектісі тікелей жанама түспей жанама түрде мінездемелерді және тексерушілер тек салық органдарына тапсырылған салық есептілігімен жұмыс істейді.

Жүзеге асырылу уақыты бойынша:

- алдын ала;
- ағымдағы;
- кейінгі.

Қолданылған әдебиеттер:

1 .Худяков А.И.Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. - Алматы, 2014.

2.Осипова Г.М. Основы экономической теории.- Алмата, 2000.

3. *Аллахвердян Д.А.* Финансы и социалистическое воспроизводство.- М.:Финансы, 1971 .

4. *Каржанов Е., Айкимбаев А.* Проблемы борьбы с уклонениями от уплаты налогов в Республике Казахстан.- Алматы:Оркениет,2017.

5. *Мясников А.В.* Налоги: принципы, функции, законодательство// Государство и право.- 2012.-№9.

6. *Калиев М.М.* Административно-правовое принуждение в сфере налогообложения: Автореф. Дис. ... канд.юрид.наук:1 2.00.02.- Алмата,2002.

7. *Карагусова Г.Д.* Налоги: сущность и практика использования.- Алмата:Каржы-каражат,1994.

8. *Худяков А.И.* Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть.- Алматы,2017.

9. ҚР Бюджет кодексі 4 желтоқсан 2008ж.- Астана,2008.(30.11 .2017 өзгерістермен қоса)

10. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексі 1 қаңтар 2018 ж.- Астана,2018.

Бақылау сұрақтары:

1. Қаржыны және оның қызметі анықтаңыз.
2. Қаржы жүйесінің түсінігі.
3. Қаржылық қызметі жүзеге асырудың әдістері мен нысаны.
4. Қаржылық қызметті жүзеге асырудың қағидаларын атаңыз.
5. Қаржы құқығын анықтаңыз.
6. Бюджет жүйесінің түсінігі.
7. Бюджеттік құрылымның құқықтық негізі бюджет құқығының жалпы бөлім институты ретінде.
8. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесіне кіретін бюджеттердің түрлері.
9. Бюджеттік құрылымның негізгі қағидалары.
10. Бюджеттік реттелудің түсінігі.
11. Бюджеттік реттелудің әдістері.
12. Садық түсінігі.
13. Материалдық санат ретіндегі салық.
14. Экономикалық санат ретіндегі салық.
15. Салықтың құқықтық белгілері.
16. Салықтың экономикалық белгілері.
17. Мемлекеттің салықтық қызметтің түсінігі.
18. Салықтық қызметтің әдістері.
19. Салықтық қызметтің құқықтық нысаны.

ГЛОССАРИЙ

Акциз- тауар бағасына қосалатын және сатып алушымен төленетін, жанама салық.

Акция-кәсіпорындар мен ұйымдардың қандайда бір акционерлік қоғамды дамыту үшін қаржы салғандығын куәландыратын және иесіне акционерлік қоғамның пайдасының бір бөлігін дивидент түрінде(табыс ретінде) алуға құқық беретін бағалы қағаз болып табылады.

Аудиторлық қызмет- шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік (қаржылық) есептемесі мен басқада құжаттарын жасалған қаржы және шаруашылық операцияларының дұрыс болуы және қолданыстағы заңдарға сай келуі тұрғысынан баға беру мақсатымен аудиторлар мен аудиторлық ұйымдармен (фирмалық) тәуелсіз тексеруі. Меншік иелерінің мүдделерін қорғауға, кәсіпорындарға көмек көрсетуге олардың бюджетпен дұрыс есеп айырысуына, қызметінің тиімділігін арттыруына жәрдемдесуге бағытталған.

Бюджет- мемлекеттің өз міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры;

Бюджет дефициті- бюджет тапшылығы.

Бюджет профициті- бюджет кірістерінің оның шығыстарынан артуы.

Бюджет шығыстары- мемлекетті және жергілікті өзін-өзі басқару қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ақша құралдары

Бюджет жүйесі- бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастырдың жиынтығы;

Бюджеттік инвестициялар- бюджеттен қоса қаржылындыру шартымен бюджеттік инвестициялық жобалар, концессиялық жобаларды іске асыру арқылы заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптасыптыру және ұлғайту, мемлекеттің активтерін құру есебінен мемлекет активтерінің құнын ұлғайтуға бағытталған республикалық немесе жергілікті бюджеттен қаржыландыру;

Бюджеттік құрылым- бюджет жүйесінің ұйымдастырылуы негізделген қағидалар жиынтығы.

Бюджеттік несие- заңды тұлғаларға қайтарымды негізде берілетін бюджет шығыстарын қаржыландырудың нысаны.

Бюджет процесі- Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасымен регламенттелген мемлекеттік органдардың бюджетті жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау және түзету, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілікті, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу, мемлекеттік қаржылық бақылау, бюджеттік мониторинг жасау және нәтижелерді бағалау жөніндегі қызметті.

Камералдық бақылау- салық төлеушілер берген салық есептілігін және басқа да құжаттарды зерделеу мен талдау негізінде тікелей салық органы жүзеге асырылуын бақылау.

Мемлекеттік қарыз- қарыз алушы Қазақстан Республикасының Үкімет, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе жергілікті атқарушы органдар болатын қарыз қатынастары.

Мемлекеттің шығыстары- бұл мемлекеттің жұмыс істеуімен байланысты ақшалай шығындары. Экономикалық категориялық ретінде олар қоғамдық өндірісті дамытып, жетілдіру, қоғамның сан алуан қажеттіліктері қанағаттыру мақсатында ішкі жалпы өнімнің бір бөлігін бөлумен және тұтанумен

байланысты экономикалық қатынастарды білдіреді. Мемлекеттің шығыстары мемлекеттің қаржылық саясатының маңызды құралы, оның орталықтандырылған және орталықтандырылмаған кірістерін пайдалануға байланысты болатын қаржылық қатынастардың бір бөлігі. Мемлекет шығыстарының өзгешелігі сол, ол қызметтің тек мемлекеттік сферасының қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Қаржы- ақша қатынастарының ажырамас бөлігі, ол әрқашан экономикалық жүйе шеңберіндегі қоғамдық ұдайы өндірістің түрлі субъектілері арасындағы бүкіл ақша қатынастарын емес, тек айырықша ақша қатынастарын білдіретін, сондықтан оның рөлі мен маңызы экономикалық қатынастарда қандай орын алатындығына байланысты.

Девальвация- ұлттық валютаның құнын немесе халықаралық ақша бірліктерінің басқа елдің валюталарына қатысты төмендеу. Бұл жағдай көбінесе инфляция орын алған уақытта болады.

Номинация- ұлттық ақша бірлігін ескі ақша бірлігіне қатысты тұрақтандыру.

Депозитарлық қызмет- бағалы қағаздарды сақтау қызметін ұсыну, және бағалы қағаздарға қызмет көрсету.

Дефляция- инфляцияны төмендету мақсатында мемлекеттің белгілі бір бөліктегі ақша құралдарын айналымнан алу.

Салықтар- мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті төлемдер. Салықтар- шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке тұлғалардың мемлекет пен екі арадағы мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылатын, қаржы қатынастарын сипаттайтын экономикалық санат. Салықтардың экономикалық мәні мынада: салықтар шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының қалыптасуындағы қаржылық қатынастардың бір бөлігін білдіреді.

Қаржыландыру - кәсіпорындарды, салаларды, жалпы экономиканы, әлеуметтік аяны, аймақтарды дамытуға, елдің ұлттық қорғанысын қамтамасыз етуге және қоғамдық өмірдің басқа аяларын дамытуға жұмсалатын шығынды қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету. Кәсіпорындардың, түрлі деңгейдегі бюджеттердің, бюджеттен тыс қорлардың, жеке инвестиорлардың қаражаты, басқа қаржы көздерінің есебінен қаржыландырылады. Қаржыландыру көлемі жоспарлаған шығыс пен оның қамтамасыз етілуі көздері негізінде айқындалады.

Қаржылық бақылау – ұлттық өнімнің жалпы түсімінің соған сәйкесті қаржы қорына негізделген бағасымен бөлінуін және бір мақсаттарға жұмсалуын тексеруге бағытталған ерекшеліктері бар қызмет түрі. Қаржылық бақылаудың ең негізгі мақсаттарының бірі – кәсіпорындардың, мекемелердің және басқа да экономикалық субъектілердің қаржылық ресурстарын тиімді пайдалануы мен қаржылық саясатты табысты жүзеге асыруға ықпал ету болып табылады.

Қаржы (фр.finance, лат.finantia – аяқтау , төлем туралы бұйрық; қолма-қол ақша, табыс) мемлекеттің аймақтардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, заңды және жеке тұлғалардың ақшалай қаражатының құралуы, бөлінуі, қайта бөлінуі, пайдаланылуы үдерісін сипаттайтын іргелі,

қорытындылаушы экономикалық санат(категория), осы үдеріс барысында туындайтын ақша қатынасы; ақшалай қаражаттың қозғалысына байланысты мемлекет, кәсіпорындар мен ұйымдар, салалар, аймақтар, жекелеген азаматтар арасында пайда болатын экономикалық қатынастардың жиынтығы. Қаржы санаты қоғамдық – саяси және әлеуметтік – экономикалық жүйені көрсетеді, осы жүйе жағдайында және құрамында қаржы жүйесі әрекет етеді. Ақша қатынастары қаржы қатынастарын қалыптастырады, бірақ ақша қатынастарының бәрі бірдей қаржы қатынастары болып табылмайды, тек олардың ақшалай қаражат қорларының жоспарлы түрде құралуымен, бөлінуімен, пайдаланылуымен байланысты бөлігі ғана қаржы қатынастары болып табылады.

10. Қазақстан Республикасының еңбек құқығының негіздері.

1 .Еңбек дегеніміз адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі(ҚР Еңбек кодексінің 1 бабының 1 тармағының 15 тармақшасы).

Еңбектің барысында адамдар арасында еңбек қатынастары пайда болады. Еңбек қатынастары дегеніміз тараптардың еңбек шарттары негізінде белгілі бір еңбектік қызметті жүзеге асыруда туындайтын жұмыс беруші мен жұмысшы қызметкерлер арасындағы қатынастар.

Еңбек құқығы – бұл жеке, ұжымдық шарттың негізінде жүзеге асатын еңбек үрдісінде жұмыс беруші мен жұмыскердің арасындағы қатынастарды, сонымен қатар еңбек үрдісіндегі еңбек қатынастары және олардан туындайтын еңбекке қатысы бар қатынастарды реттейтін құқық саласы болып табылады. Еңбек құқығының негізгі мақсаты – жұмыс беруші мен жұмыскердің арасында қатынастарды құқық арқылы реттеу және заңсыздыққа жол бермеу.

Еңбек қатынастары еңбек құқығының пәні болып табылады. Еңбек қатынастары еңбек құқығының негізгі бөлігі бола тұрып, қоғамдық еңбек саласындағы материалды және рухани игіліктерді игеру барысында қалыптасады.

Қазақстан Республикасы еңбек құқығының жүйесі – ол бір тұтас негізді құрайтын, білім беруге бағытталған жүйе. Еңбек құқығының негізгі қайнар көзі болып ҚР Конституциясы және 2015 жылғы 23 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің Жалпы және Ерекше бөлімі болып табылады.

Әркімнің еңбекті еркін таңдауға немесе еңбекке қандай да бір кемсітушіліксіз және мәжбүрлеусіз еркін келісуге құқығы, өзінің еңбекке қабілеттілігіне билік етуге, кәсіп және қызмет түрін таңдауға құқығы бар. Әркімнің де өзінің еңбек құқықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүлік пен қызмет жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, сеніміне, азаматтыққа, қоғамдық бірлестіктерде болуына, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қабілеті мен оның

еңбегінің нәтижелеріне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға қарамастан, ешкімнің де еңбек құқықтары шектелуге немесе оларды іске асыруда қандай да бір артықшылықтар алуға тиіс емес.

«Қазақстан Республикасының еңбек кодексі» еңбек қатынастарының ең төменгі стандарттарын белгілейді, олар жеке еңбекпен және (немесе) ұжымдық шартта жақсы жаққа өзгеруі мүмкін және қажет. Басқа нормативтік құқықтық, актілермен реттелетін қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбек жағдайлары «Қазақстан Республикасындағы еңбек кодексінде» белгіленген стандарттан төмен болуы тиіс емес.

Жеке еңбек, ұжымдық шарттардың мәмілелері, егер олар заңдылықтарға қайшы келмейтін болса, тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

Ұжымдық шарт — жазбаша шарт түрінде әзірленген, бір немесе бірнеше жұмыс берушілер (олардың өкілдері) және бір немесе бірнеше кәсіптік одақтардың мүшесі болып табылмайтын, келіссөздер жүргізу үшін өз ұйымын құрған қызметкерлер қол қойған құқықтық акт.

Жеке еңбек шарты — жазбаша түрде, кемінде екі дана етіп, жұмыс беруші мен қызметкердің арасында жасалынған екі жақты келісім. Ол бойынша қызметкер белгілі бір мамандық, біліктілік немесе қызмет бойынша, жұмыс берушінің актісін орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге дәл уақытында және толық көлемде жалақысын және басқа заңдылықтармен және тараптардың келісімімен қарастырылған ақшалай өтемдерді төлеуге, еңбек туралы заңдылықтармен және ұжымдық шартпен еңбек жағдайын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Жеке еңбек шарты: а) белгісіз мерзімге, ә) белгілі бір мерзімге, б) белгілі бір жұмысты орындау уақытында немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына жасалуы мүмкін. Егер жеке еңбек шартында оның орындалу мерзімі жазылмаса, онда ол белгісіз мерзімге жасалынған болып есептелінеді.

Он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі. Еңбек шарты:

1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда, он бес жасқа толған азаматтармен;

2) оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін он төрт жасқа толған оқушылармен;

3) кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығармалар жасауға және (немесе) орындауға қатысу үшін айқындалған талаптарды сақтай отырып, он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін. Еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар оның ата-анасының біреуі, қорғаншысы, қамқоршысы немесе асырап алушысы қол қоюға тиіс. Ата-аналардың (қорғаншының, қамқоршының) келісімі жазбаша түрде беріледі, бұл жағдайда ата-аналар (қорғаншылар, қамқоршылар) жеке еңбек шартына кәмелетке жасы толмаған тұлғамен бірге қол қояды. Қызметкердің еңбек функциясын

орындай бастауы шартта белгіленген жұмыстың басталу күні болып есептелінеді. Егер жұмыс беруші тарапынан тиісті дәрежеде жеке шарт болмаған немесе әзірленбеген жағдайда, жеке еңбек шартының мерзімі еңбекке нақты жіберілген сәтінен басталады. Жеке еңбек шарты жасалынғаннан кейін жұмыс беруші қызметкерді жұмысқа алу туралы бұйрық жазуға міндетті, онымен қол қою арқылы танысады.

Еңбек шартының талаптарын өзгерту туралы хабарламаны еңбек шарты тараптарының бірі береді және екінші тарап оны берілген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды. Еңбек шартының талаптарын өзгерту, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстыру кезінде өзгерту туралы хабарлама алған тарап қабылданған шешім туралы белгіленген мерзімде екінші тарапқа хабарлауға міндетті.

Адамды жұмысқа жіберу еңбек шартын жасасқаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Жұмыс және демалыс уақыттары. Қызметкер жеке еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындауға міндетті уақыт жұмыс уақыты болып есептеледі.

Жұмыс уақытының калыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс. Жеке еңбек шарттарында тараптардың келісімі бойынша жұмыс уақытының ұзақтығы азырақ көзделуі мүмкін.

Қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы:

1) он төрт жастан он алты жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына 24 сағаттан аспайтын;

2) он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді.

3) Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлер үшін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді.

Бірінші және екінші топтардағы мүгедек жұмыскерлерге аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді.

Бірінші және екінші топтардағы мүгедек жұмыскерлердің күнделікті жұмысының (жұмыс ауысымының) ұзақтығы жеті сағаттан аспайды.

Еңбек шартын жасасқан кезде, сондай-ақ еңбек қатынастары процесінде жұмыскер мен жұмыс беруші арасында жазбаша келісім бойынша толық емес жұмыс уақыты белгіленуі мүмкін. Қалыпты ұзақтықтан аз уақыт, оның ішінде:

1) толық емес жұмыс күні, яғни күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын азайту;

2) толық емес жұмыс аптасы, яғни жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту;

3) күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын бір мезгілде азайту және жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту толық емес жұмыс уақыты болып есептеледі. Толық емес жұмыс уақыты

жағдайларында жұмыс істеу жұмыскер үшін еңбек, ұжымдық шарттарда, келісімдерде белгіленген жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының ұзақтығын, еңбек өтілін есептеуде және еңбек саласындағы басқа да құқықтарын шектеуге әкеп соқтырмайды.

Жұмыс беруші жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар атананың біреуінің (бала асырап алушының) жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақытын белгілейді.

Қызметкерлер үшін екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді, бес күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың (ауысымның) ұзақтығы жұмыс берушінің актісімен немесе жұмыстың ерекшелігін, еңбек ұжымының пікірін ескеріп және жұмыс аптасының белгіленген ұзақтығын сақтай отырып, жұмыс беруші бекітетін ауысым кестесімен белгілейді.

Өндірісінің сипаты мен жұмыс жағдайлары бойынша бес күндік жұмыс аптасын енгізу орынсыз ұйымдарда бір күндік демалысы бар алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Алты күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың ұзақтығы апталық норма 40 сағат болғанда - 7 сағаттан аспауға, апталық норма 36 сағат болғанда - 6 сағаттан және апталық норма 24 сағат болғанда - 4 сағаттан аспауға тиіс.

Бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасын еңбек немесе ұжымдық шарттардың талаптарымен жұмыс беруші белгілейді.

22 сағаттан бастап таңғы сағат 6-ға дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі.

Жүкті әйелдерді түнгі уақытта жұмыс істеуге тартуға олардың келісімімен ғана жол беріледі. Түнгі уақытта жұмыс істеуге он сегіз жасқа толмаған адамдар мен түнгі уақытта жұмыс істеуге тыйым салатын медициналық қорытындысы болған жағдайда өзге де адамдар жіберілмейді.

Қызметкердің келісімінсіз мерзімнен тыс жұмыстарға ерекше жағдайларда ғана:

1) елдің қорғанысы үшін, сондай-ақ төтенше жағдайларды немесе дүлей апаттарды, өндірістік аварияларды болғызбау немесе олардың зардаптарын дереу жою үшін қажетті жұмыстарды жүргізу кезінде;

2) сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, жылыту, жарық беру, канализация, көлік, байланыс жөніндегі қоғамдық қажетті жұмыстарды жүргізу кезінде олардың дұрыс жұмыс істеуін бұзатын кездейсоқ немесе күтпеген жағдайларды жою үшін;

3) егер жұмыс үзілісті көтермейтін болса, ауыстырушы қызметкер келмей калған кезде жұмысты жалғастыру үшін жол беріледі.

Күнделікті жұмыс (ауысым) ішінде қызметкерге демалу және тамақтану үшін жинақтап алғанда ұзақтығы бір сағаттан кем болмайтын үзіліс берілуге тиіс. Бұл үзіліс жұмыс уақытына енгізілмейді және қызметкер оны өз қалауы бойынша пайдаланады.

Үзіліс беру уақыты мен оның ұзақтығы жұмыс берушінің актілерінде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда белгіленеді.

Өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін емес жұмыстарда

жұмыс беруші қызметкерге жұмыс уақытында демалу мен тамақтану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Мұндай жұмыстардың тізбесі, демалу және тамақтану тәртібі мен орны жұмыс берушінің актілерінде белгіленеді.

Арнаулы үзілістер. Жылдың суық мезгілінде ашық далада, жылу берілмейтін жабық үй-жайларда жұмыс істейтін, жүк тиеу-түсіру жұмыстарымен айналысатын қызметкерлерге жылыну және демалу үшін арнаулы үзілістер беріледі. Арнаулы үзілістер жұмыс уақытына қосылады.

Күн сайынғы демалыстың ұзақтығы. Жұмыстың бітуі мен оның келесі күнде (ауысымда) басталуы арасындағы қызметкердің күн сайынғы демалысының ұзақтығы 12 сағаттан кем болмауға тиіс.

Демалыс күндері. Қызметкерлерге демалыс күндері (апта сайынғы үзіліссіз демалыс уақыты) беріледі. Бес күндік жұмыс аптасы жағдайында қызметкерлерге аптасына - екі, ал алты күндік жұмыс аптасында бір демалыс күні беріледі.

Жалпы демалыс күні жексенбі болып есептеледі. Бес күндік жұмыс аптасы кезінде екінші демалыс күні жұмыс берушінің актісімен немесе жұмыс кестесі мен белгіленеді, екі демалыс күні де әдетте қатарынан беріледі.

Мерекелік күндер жұмыс күндеріне сәйкес келген жағдайда және жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі демалыс күндері басқа жұмыс күндеріне ауыстыруға құқылы.

Өндірістік-техникалық жағдайлары бойынша немесе халыққа үнемі үзіліссіз қызмет көрсету қажет болуы себепті демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін болмайтын ұйымдарда, сондай-ақ үзіліссіз өндіріс жүргізетін ұйымдарда жұмыс берушінің актісімен бекітілген ауысым кестесіне сәйкес, қызметкерлердің әрбір тобына демалыс күндері аптаның әртүрлі күндерінде кезекпен беріліп отырады.

Мереке күндеріндегі жұмыс. Өндірістік-техникалық жағдайлары бойынша немесе халыққа үзіліссіз тұрақты қызмет көрсету қажет болуы себепті демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін болмайтын ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасында белгілеген мереке күндері жұмыс жүргізілмейді.

Демалыс күндерінде жұмысқа тарту. Демалыс күндерінде жұмысқа тарту мынадай жағдайларда:

1) төтенше жағдайларды немесе дүлей апатты, өндірістік аварияны болғызбау не олардың зардаптарын дереу жою үшін;

2) жазатайым оқиғаларды, мүліктің жойылуын немесе бүлінуін болғызбау және оны тергеу үшін;

3) тұтас алғанда ұйымның немесе оның жеке бөлімшелерінің одан әрі қалыпты жұмыс істеуі тез орындалуына байланысты болатын шұғыл, алдын ала күтпеген жұмыстарды орындау үшін жол беріледі.

Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы. Жеке еңбек шарты бойынша жұмыс істеушілерге жұмыс орны (қызметі) мен орташа жалақысы сақтала отырып, ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына кепілдік

беріледі.

Еңбек демалысына ақы төлеу ол басталғанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Егер басқа нормативтік құқықтық актілерде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін өзгеше көзделмесе, қызметкерлерге ұзақтығы кемінде күнтізбелік он сегіз күн болатын жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

Ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптер мен қызметтердің тізбесіне сәйкес ауыр дене жұмыстары мен еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге беріледі.

Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын берудің талаптар мен тәртібі жеке еңбек, ұжымдық шарттармен белгіленеді. Қатарынан екі жыл бойы еңбек демалысын бермеуге тыйым салынады.

Еңбек демалысы күндеріне дәл келетін мереке күндерін есептемегенде, жыл сайынғы еңбек демалыстарының ұзақтығы, қолданылып жүрген жұмыс режимдері мен кестелеріне қарамастан, күнтізбелік күндермен есептеледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысына құқық беретін еңбек жұмыс стажына:

- 1) жұмыс жылы ішінде нақты жұмыс істеген уақыт;
- 2) жұмыстан заңсыз босату кезінде амалсыздан бос жүрген уақыт;
- 3) емделуде болып, еңбекке уақытша жарамсыздық парағымен расталған уақыт қосылады.

Жұмыс беруші қызметкерге жыл сайын еңбек демалысын беруге міндетті. Жұмыс істеген бірінші жылы үшін еңбек демалысы жеке еңбек шарты бойынша бірінші жұмыс жылы өткеннен кейін беріледі. Қызметкердің қалауы бойынша жыл сайынғы еңбек демалысы бөлініп берілуі мүмкін.

3. Жалақы және еңбекті нормалау. Қызметкерлердің еңбегіне ақы мерзімдік, кесімді түрде немесе еңбекке ақы төлеудің өзге де жүйелері бойынша төленеді. Ақы төлеу еңбектің жеке және/немесе ұжымдық нәтижелері үшін жүргізілуі мүмкін. Қызметкердің жалақысы орындалатын жұмыстың саны мен сапасына, күрделілігіне қарай белгіленеді.

Қызметкерлердің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға материалдық мүдделілігін күшейту үшін жыл ішіндегі жұмысының қорытындысы бойынша сыйлық, сыйақы беру жүйесі және материалдық көтермелеудің басқа да нысандары енгізілуі мүмкін.

Ұйымдарда еңбекке ақы төлеу жүйесі ұжымдық шарттармен немесе жұмыс берушінің актілерімен белгіленеді.

Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігі жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің біліктілік анықтамалығы, қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы негізінде белгіленеді. Аталған анықтамалықтарды әзірлеу мен қолданудың тәртібін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді. Орындалған жұмыстарды белгілі бір күрделі жұмысқа жатқызуды және қызметкерлерге біліктілік разрядтарын беруді жұмыс беруші жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің біліктілік анықтамалығына және

қызметшілер лауазымдарының анықтамалығына сәйкес дербес жүргізеді.

Жалақының мөлшері. Жалақының мөлшерін жұмыс беруші дербес белгілейді және ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінен кем болмауы керек.

Белгілі бір ұйымда өзінің жеке еңбек шартымен келісілген негізгі жұмысымен қатар өзінің негізгі жұмысынан босатылмастан басқа қызмет немесе уақытша болмаған қызметкердің міндеті бойынша қосымша жұмысты орындайтын қызметкерлерге қосымша ақы төленеді.

Қызметтерді қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймақтарын кеңейткені) немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақылардың мөлшерін қызметкердің келісімі бойынша жұмыс беруші белгілейді.

Мерзімнен тыс жұмысқа ақы бір жарым есе мөлшерден кем төленбейді.

Мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы екі еседен төмен болмайтын мөлшерде төленеді.

Мереке және демалыс күндеріндегі жұмыстарға төленетін өтемақы қызметкердің тілегі бойынша қосымша демалыс күнімен ауыстырылуы мүмкін.

Түнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағатына ақы бір жарым есе мөлшерінен кем төленбейді.

Бос тұрып қалған уақытқа ақы төлеу. Жұмыстың бос тұрып қалған уақытына ақы төлеудің тәртібі мен талаптары жеке еңбек немесе ұжымдық шарттармен белгіленеді. Қызметкердің кінәсінен бос тұрып қалған уақытқа ақы төленбеуге тиіс.

Еңбек нормалары. Еңбек нормалары (жұмыс істеу, уақыт, қызмет көрсету нормалары) еңбек шығынының өлшемі болып табылады және қызметкер үшін техниканың, технологияның, еңбек өндірісін ұйымдастырудың қол жеткен деңгейіне сәйкес белгіленеді. Еңбек нормаларын енгізуді, ауыстыруды және қайта қарауды жұмыс беруші жүргізеді.

Еңбектің жаңа нормаларының енгізілетіні туралы қызметкерлерге кемінде бір ай бұрын хабарланады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы, 2017
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қараша
3. Хамзин А.Ш., Хамзина Ж.А., Хамзина Л.А. Трудовое право РК Астана-2016
4. Уваров В.Н. Трудовое законодательство РК, Алматы, 2016
5. Гусев К.Н. Трудовое право России. - М.: юристь, 2017.
6. Смирнова. О.С. Трудовое право. М. 1998
7. Кагазов О. Трудовое право РК.- Алматы, 2017.
8. Шеримова Н.Ш. Трудовое право в вопросах и ответах – Алматы: Даненкер, 2017.
9. Сыроватская Л. А. Трудовое право. - М., 2000

10. Қағазов Қ.Р. Еңбек құқығы., Алматы 2015.
11. Айымханова Қ.Р. Еңбек құқығы., Алматы 2016

Бақылау сұрақтары:

1. Еңбек құқығы дегеніміз не?
2. Еңбек қатынастары қандай нормативтік құқықтық актілермен реттеледі?
3. Жеке еңбек шарты дегеніміз не?
4. Ұжымдық шарт дегеніміз не?
5. Жеке еңбек шартының түрлері қандай?
6. Жеке еңбек шарты қандай жағдайларда тоқтатылады?
7. Жеке еңбек шарты қандай жағдайларда бұзылады?
8. Жұмыс уақыты дегеніміз не?
9. Демалыс уақыты дегеніміз не?
10. Жалақысы сақталмайтын демалыстарды атаңыз.
11. Еңбек нормасы дегеніміз не?

ГЛОССАРИЙ

1. Әлеуметтік әріптестік – жұмыскерлер (жұмыскерлердің өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталған өзара қатынастар жүйесі;
2. Демалыс – жұмыс орны (лауазымы) мен Еңбек Кодексінде белгіленген жағдайларда орташа жалақысын сақтай отырып, жұмыскердің жыл сайынғы демалуын қамтамасыз ету немесе әлеуметтік мақсаттар үшін жұмыскерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату;
3. Еңбек – адам мен қоғамның өмір сүру және қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтарды жасауға бағытталған адам қызметі;
4. Еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс берушінің (жұмыс берушілердің) арасындағы келіспеушіліктер;
5. Бейбәсекелестік туралы талап – жұмыс берушіге нұқсан келтіруі ықтимал әрекеттерді жүзеге асыруға жұмыскердің құқығын шектейтін, бейбәсекелестік туралы шарттың талаптары;
6. Еңбек жағдайлары – еңбекке ақы төлеу, еңбекті нормалау, еңбек міндеттерін орындау, жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі жағдайлары, кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқару, қызмет көрсету аймақтарын кеңейту, жұмыста уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқару, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тәртібі, техникалық, өндірістік-

тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ тараптардың келісуі бойынша өзге де еңбек жағдайлары;

7. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8. Еңбек қатынастары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру кезінде жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында туындайтын қатынастар;

9. Еңбек қатынастарымен тікелей байланысты қатынастар – Еңбек Кодексінде көзделген жағдайларда еңбекті ұйымдастыру мен басқаруға, жұмысқа орналастыруға, жұмыскерлерді кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға, әлеуметтік әріптестікке, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, еңбек жағдайларын белгілеуге жұмыскерлердің (жұмыскерлер өкілдерінің) қатысуына, еңбек дауларын шешуге және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауға байланысты қалыптасатын қатынастар;

10. Еңбек міндеттері – жұмыскер мен жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, жұмыс берушінің актісінде, еңбек, ұжымдық шарттарда келісілген міндеттемелері;

11. Еңбек тәртібі – жұмыс беруші мен жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы;

12. Еңбек шарты – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес жұмыскер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, Еңбек Кодексінде, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді;

13. Жалақы – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер;

14. Жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

15. Жұмыс орны – жұмыскердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;

16. Жұмыс уақыты – жұмыскер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ осы Кодекске, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық

актілеріне, ұжымдық шартқа, жұмыс берушінің актісіне сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері;

17. Тәртіптік жаза – тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс берушінің жұмыскерге қолданатын тәртіптік әсер ету шарасы;

18. Тынығу уақыты – жұмыскердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты;

19. Ұжымдық шарт – ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін, жұмыскерлердің өкілдері арқылы жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасында жасалатын жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт;

11. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы

Қылмыстық құқық жеке құқық саласы ретінде адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын, қоғамды және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған қоғамдық қатынастарды реттейді. Мұндай реттеу үш түрлі жолмен жүзеге асырылады:

Біріншіден, қылмыстық құқық нормасы арқылы қоғамдық қатынастарды реттеу функциясы – ол қылмыс істеуге байланысты қылмыс жасаған адам мен мемлекет арасында пайда болады.

Екіншіден, қылмыстық құқық нормасы арқылы жазамен қорқытып, тым салған іс-әрекеттерді істеуге байланысты қоғамдық қатынастар реттеледі.

Үшіншіден, қылмыстық құқық нормасы арқылы азаматтарға қылмыстық жолмен қиянат келтірілгенде олардың одан қорғануға байланысты қатынастарын ретке келтіреді. Мысалы: Қажетті қорғану, мәжбүрлі қажеттілік немесе қылмыскерді ұстауда әрбір азамат заңда белгіленген тәртіппен қорғануға құқылы. Бұл мәселе тек қылмыстық – құқықтық норма арқылы реттеледі [1].

В.Н.Петрашев: Қылмыстық құқық – ежелгі заман және классикалық құқық саласы болып табылатын, адамдар арасындағы тартысты реттейтін мәжбүрлі ережелер жиынтығы деген пікір білдірсе[2]. А.В.Наумов: Қылмыстық құқық-құқыққа қайшы қандай іс-әрекеттер қылмыс болып табылатындығын және оларды жасаған адамдарға қандай жаза, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шаралары қолданылатындығын және жазалаудан босатудың негіздерін айқындайтын құқықтық мөлшерлерін біріктіретін сала, - деп анықтама береді [3].

Қылмыстық құқық өзге құқық салаларына қарағанда функциясы бойынша оқшау сала. Себебі, ол қоғамдық қатынастарды реттеп қана қоймайды, сонымен қоса, пәрменді күшпен қорғайды. Ал оның қорғау аясына, ең алдымен басқа құқық салаларымен бұған дейін реттеліп қойған қоғамдық қатынастар енеді. Мысалы, мүлікті қалай пайдалану, иелену, билік ету мәселесіне қылмыстық құқық араласпайды, оны азаматтық құқық реттейді. Ал алдын-ала біреу осы құқықтарды бұзатын болса (ұрылық, тонау, қарақшылық т.б.) онда оны қылмыстық құқық қорғайды.

Қылмыстық құқық жалпы және ерекше бөлімнен тұрады.

Жалпы бөлім қылмыстық жауаптылықтың негіздерін, міндеттері мен принциптерін, жекелеген жаза түрлерінің қолдану шегін, оларды тағайындау тәртібін белгілейтін нормалардан, шартты түрде жаза қолдануды, қылмыстық жаза мен жауаптылықтан босатуды, үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды реттейтін институттарды орнықтыратын нормалардан, сондай-ақ, сотталғандарды түзеу ісін қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қатысу нысандарын көрсететін нормалардан тұрады. Сонымен қатар, кәметке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы мен оларды жазалаудың ерекшеліктері де, соттылықты жою мен алып тастау шарттары да жалпы бөліммен реттеледі.

Жалпы бөлімнің нормалары өзара ерекше бөлімнің нормаларымен тығыз байланысты.

Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімінің нормалары жаза түрлері мен оның қолдану шегін көрсете отырып, нақты жекелеген қылмыстарға сипаттама береді.

Қылмыстық құқықтың қағидалары деп – қылмыстық құқықты басшылыққа алатын оның нормаларының негізгі мазмұны мен бағытын анықтайтын бастауларды айтамыз[4].

Қылмыстық құқықтың негізгі принциптеріне мыналар жататады:

1. Заңдылық принципі – бұл принциптің мәні қылмыс пен күресуді заң шеңберіндегі, оның талаптарын мүлтіксіз орындай отырып жүргізуді білдіреді. Ешкімде соттың үкімінсіз, заңға қайшы жолмен кінәлі болып табылмайды.

2. Адамдардың заң алдындағы теңдігі принципі – бұл принцип адамның тегіне, ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік, мүлдік жағдайына, тіліне, дінге деген көзқарасына қарамастан заң алдында бірдей жауап беретіндігін көрсетеді.

3. Жауаптылық принципі – бұл принцип бойынша кез келген адам лауазымдық және басқа да жағдайларға қарамастан өзінің істеген қылмысы үшін нақты жауаптылықты мойындауы қажет.

4. Әділеттік принципі – бұл принциптің мәні қылмыстық жазаға іс-әрекетінде қылмыс құрамының толық белгілері бар адамдар тартылуы керек. Негізсіз, дәлелсіз қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

5. Демократизм принципі – бұл принциптің мәні сот төрелігін жүзеге асыру барсында істі қатысушылар мен сол ауданның басым бөлігі білетін тілде жүргізу, егер қажет етсе аудармашының көмегімен қамтамасыз етуді білдіреді.

6. Гуманизм принципі – бұл принциптің мәні кішігірім қылмыстарды алғаш жасаған адамдарға кешіріммен қарап, жеңіл жаза тағайындап, керісінше ауыр қылмыс жасағандарға неғұрлым ауыр жаза тағайындаудан тұрады.

7. Интернационализм принципі – бұл принцип ұлттық теңдікті бұзғаны үшін, басқа мемлекеттің мүддесіне, халықаралық қауіпсіздікке, ұлттар арасындағы бейбітшілікке қарсы қылмыстар үшін жауакершілік белгілейтін нормалардан көрініс табады.

Қылмыстық заң – Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес республика Парламенті қабылдаған құқықтық ережелер болып табылады. Жеке адам мен қоғам арасындағы қатығыстардың қайсысының қоғамға қауіптілік дәрежесінің басым екенін анықтау және оған осы мәселеде қылмыстық

құқықтық шараларды қолдану арқылы осы қатынастарды реттеу қылмыстық заңның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қылмыстық заң қандай әрекеттер (іс-әрекеттер немесе әрекетсіздіктер) қылмыс болып табылатынын, оларды жасаушылар қандай жаза қолдану керектігін, қылмыстық жауапкершіліктің маңызды принциптері мен жалпы ережелерін анықтайды.

Басқа құқық салалары сияқты қылмыстық құқықтың да негізгі заңдылық базасы Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Қылмыстық құқық режимдері жоғарғы соттың нормативтік қаулыларында және 2014 жылғы 3 шілдедегі қабылданған Қылмыстық Кодексте тура көрсетіледі.

Қылмыстық кодекстің 2 бабына сәйкес қылмыстық заңдардың міндеттері болып:

1. Адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

2. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін Қылмыстық Кодексте қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленеді, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қандай қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылықтар, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар болып табылатыны айқындалады, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленеді[5].

Қылмыс түсінігі, белгілері, санаттары және қылмыс құрамы. Қылмыс әр уақытта да белгілі бір іс-әрекеттің көрінісі, нәтижесі болып табылады.

Әрекет дегеніміз – адамның қылмыстық заң тиым салған нәрселерді істеуі, ал әрекетсіздік дегеніміз адамның заң, нормативтік кесімдер, нұсқаулар немесе жарлықтар, бұйрықтар бойынша өзіне жүктелген міндетін орындамауы.

Қылмыс дегеніміз – қылмыстық заңдармен тиым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздікті айтамыз.

Қылмысқа тән белгілер:

2. Қоғамға қауіптілігі;
3. заңға қайшылығы;
4. Жазаланатындығы.

Қылмыстың санаттары деп оларды нақты белгілері бойынша топқа бөлуді айтамыз. Қылмыстар сипатына, қоғамға қауіптілік дәрежесіне және кінәнің түріне байланысты мынадай санаттарға бөлінеді:

- онша ауыр емес;
- ауырлығы орташа;
- ауыр;
- аса ауыр.

Қылмыстық Кодекстің 10-бабына сәйкес қылмыс жасағаны үшін осы Кодексте көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан:

1. Қасақана жасаған әрекеті – 2 жыл, абайсызда жасаған әрекеті – 5 жылдан аспайтын мерзімге – онша ауыр емес;

2. Қасақана жасаған әрекеті – 5 жыл, абайсызда жасаған әрекеті – 5 жылдан аспайтын мерзімге – ауырлығы орташа;

3. Қасақана жасаған әрекеті – 12 жылдан астам мерзімге – ауыр;

4. Қасақана жасаған әрекеті – 12 жылдан астам мерзімге немесе өлім жазасы көзделсе – аса ауыр санатына жатады.

Қылмыстың құрамы дегеніміз – бұл қылмыстың объективтік және субъективтік жақтарынан құралатын белгілерінің жиынтығын айтамыз[6]. Ондай белгілер 4 топқа бөлінеді:

- қылмыстың объектісі;
- қылмыстың объективтік жағы;
- қылмыстың субъектісі;
- қылмыстың субъективтік жағы.

1. Қылмыстың объектісі – қылмыскердің қиянат жасайтын және де қылмыстық заңдармен қорғалатын қоғамдық қатынастар.

2. Қылмыстың объективтік жағы – ол қылмыстың сыртқы көрінісіне жататын белгісі.

3. Қылмыстың субъектісі – ол қылмыс жасаған уақытта ақыл-есі дұрыс және 16 жасқа толған жеке адам. Кейбір ауыр қылмыстар үшін (кісі өлтіру, зорлау, адам ұрлау және т.б.) қылмыстық жауаптылыққа адам 14 жастан тартылады.

4. Қылмыстың субъективтік жағы – бұл қылмыстың ішкі мәнін, мазмұнын білдіреді.

Қылмыс құрамы құрастырылуына байланысты материалдық және формальды болып жіктеледі.

Материалдық құрамда қылмыстың аяқталу сәті қоғамға қауіпті зардаптың тууына байланысты болса, формальды құрамда зардапты тосып жатпай-ақ, қоғамға қауіпті әрекетті жасаудың өзі қылмыстың аяқталғандығын көрсетеді[7].

Кез келген қылмыс белгілі бір кезеңдерден немесе сатылардан өтеді. Көп жағдайда адам қылмыс жасауға дайындалып барып, өз ниетін іске асырады. Ниет жүзеге асса, толыққанды аяқталған қылмыс, жасаушыға қатыссыз себептермен жүзеге аспай қалса, не өзі бас тартса, аяқталмаған қылмыс болып табылады.

3. Қылмыс істеу сатылары және жаза түсінігі, мақсаты, түрлері. Қылмыстық құқық теориясында бір бірінен әрекет сипаты мен аяқталу дәрежесіне қарай ажыратылатын қасақана қылмыстың үш сатысы көрсетіледі. Олар:

1. Қылмысқа дайындалу;
2. Қылмысқа оқталу;
3. Аяқталмаған қылмыс.

Осы үш саты тек қана тікелей ниетпен жасалған қысқаша қылмыстарда болады[8].

1. Қылмысқа дайындалу деп «тікелей ниетпен қылмыс құралдарын немесе бейімдеп жасау, қылмысқа қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау» объектіге

жанасу жолдарын іздестіру танылады. Ол қылмысқа оқталу мен аяқталған қылмысқа қарағанда қауіптілік дәрежесі төмен. Қылмысқа дайындалушы бұл жағдайларды өз қолымен жасайды, бірақ еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмейді. Егер де бұлай болмай қылмыстық өзгерістерді дайындалу сатысынан доғарса, қылмыстан өз еркімен бас тарту болар еді.

2. Қылмыс жасауға оқталу. «Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе, қылмыс жасауға оқталу болып табылады».

3. Аяқталған қылмыс. Егер адам әрекеттерінде қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінде келтірілген баптың диспозициясындағы барлық объективті және субъективтік белгілердің бәрі болса, аяқталған қылмыс болып есептеледі.

Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және адамдарды құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу болып табылады[9].

Жазаның белгілеріне мыналар жатады[10]:

1. Қылмыстық жазаны мемлекет атынан тек қана сот тағайындайды;

2. Жаза тек қана жеке сипатта әке-шеше, туған-туыс емес тек қылмыскер ғана жазаға тартылады;

3. Ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан шектейді.

Жаза қылмыскер үшін өзі жасаған қылмыстың салдары. Дегенмен ол қылмыстың алдын алудағы белді шара болып табылмайды. Белді шараларға әлеуметтік, мәдени-тәрбиелік жұмыстар жатады, бірақ егер де қылмыскер иландыру әдістеріне, тәрбиелеу шараларына бой бермей бара жатса, оны қылмыстық жазамен тоқтатуға тура келеді.

Жазаның мақсаты:

- әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру;

- сотталған адамды түзеу;

- жаңа қылмыстар жасаудан сақтандыру.

Әлеуметтік әділдік жәбірленушінің бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді көздейді. Ол мүліктік сипаттағы санкцияларда (айыппұл, мүлікті тәркілеу), ал өлім, жарақаттар үшін қылмыскерді құқықтары мен бостандықтарына ұзақ мерзімге айырудан көрініс табады.

Мәніне қарай жазаның түрлері мынадай топтарға бөлінеді:

1. Сотталған адамға моральдық жағынан әсер ететін жаза түрлері. Бұған жататындар қоғамдық жұмыстарға тарту, арнаулы әскери немесе құрмет атағынан айыру, дипломатиялық дәрежесінен және мемлекеттік наградадан айыру.

2. Сотталған адамның құқығына шек қоюмен байланысты жаза түрлері. Бұған белгілі бір лауазым атқару немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыру жатады.

3. Сотталған адамды материалдық жағыннан айыруға байланысты жазалар:

түзеу жұмыстары, айыппұл, мүлікті тәркілеу.

4. Сотталған адамның құқығынан немесе бас бостандығынан айыруға байланысты жаза түрлеріне өлім жазасы, бас бостандығынан айыру жатады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ағыбаев А.Н. Қылмыстыққұқық: Оқулық. Жалпы бөлім.- Алматы: Жеті жарғы, 1999.

2. Петрашев В.Н. Уголовное право. бщяя часть: Учебник/ М.: “Издательство ПРИОР”, 1999.

3. Наумов А.В. Ресей қылмыстық құқығы

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 ж. 3 шілде .

5. Биебаева А. А., Калгужинова А. М., Серикбаев А. М. Уголовное право Республики Казахстан: учебное пособие. - Караганда: Санат- Полиграфия, 2007. Жалпы бөлім: Лекциялар курсы.- М., БЕК баспасы, 1999. Аударған Н.О. Дулатбеков.

6. Уголовное право Республики Казахстан: особенная часть: В 2 ч.: Учебник / Ред. С.М.Рахметова, И.Ш. Борчашвили. - Алматы: Данекер, 2000.

7. Уголовное право Казахстана: общая часть / ред. Рогов И.И., Баймурзин Г.И. - Алматы, 2000

8. Уголовное право Республики Казахстан: общая часть: Учеб. / ред. Рогов, И.И. - 2-е изд., испр. и доп. - Алматы : Жеті жарғы, 2003.

9. Уголовное право Казахстана: Курс лекций / Под общ. ред. Борчашвили И.Ш.- Алматы: Жеті жарғы, 2006

10. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: учебник / под. ред. И.И.Рогова, С.М.Рахметова.- Алматы: Норма-К, 2005.

Бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық құқық дегеніміз не?

2. Қылмыстық құқықтың жалпы бөлімі қандай қатынастарды реттейді?

3. Қылмыстық құқықтың ерекше бөлімі қандай қатынастарды реттейді?

4. Қылмыстық құқық қандай принциптерге негізделген?

5. Қылмыстық заң дегеніміз не?

6. Қылмыс дегеніміз не?

7. Қылмыстың белгілерін атаңыз.

8. Қылмыстың санаттары дегеніміз не?

9. Қылмыстың құрамы дегеніміз не?

10. Жаза дегеніміз не?

11. Жазаның белгілерін атаңыз.

12. Жазаның мақсаты не?

13. Жазаның қандай түрлері бар?

ГЛОССАРИЙ

1. Қылмыстық құқық жеке құқық саласы ретінде адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын, қоғамды және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға бағытталған қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. Қылмыс дегеніміз – қылмыстық заңдармен тиым салынған, қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік.

3. Гипотеза – өмірде болатын нақтылы жағдайларға құқықтың норманың қолданылуы.

4. Диспозиция – құқық нормасы бекіткен субъектілердің мінез – құлық ережесі.

5. Санкция - құқықтық норманың диспозициясында көрсетілген талаптардың бұзылуы жағдайында қолданылатын шаралар.

6. Қылмыстың құрамы– бұл қылмыстың объективтік және субъективтік жақтарынан құралатын белгілерінің жиынтығы.

7. Қылмыстың заты – қолсұғушылық объектісінің элементі, яғни соған әсер ету арқылы қылмыскер қоғамдық қатынастарды бұзады немесе бұзуға тырысады.

8. Қылмыстың объектісі – қылмыскердің қиянат жасайтын және де қылмыстық заңдармен қорғалатын қоғамдық қатынастар.

9. Қылмыстың объективтік жағы – ол қылмыстың сыртқы көрінісіне жататын белгісі.

10. Қылмыстың субъектісі – ол қылмыс жасаған уақытта ақыл-есі дұрыс және 16 жасқа толған жеке адам. Кейбір ауыр қылмыстар үшін (кісі өлтіру, зорлау, адам ұрлау және т.б.) қылмыстық жауаптылыққа адам 14 жастан тартылады.

11. Қылмыстың субъективтік жағы – бұл қылмыстың ішкі мәнін, мазмұнын білдіреді.

12. Жаза соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және адамдарды құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу болып табылады

13. Қылмыс сатылары – қасақана қылмыстың дамуына байланысты аяқталған кезеңдері, олар қылмысқа дайындалу, оқталу және қылмысты аяқтаумен жүзеге асады.

12. Қазақстан Республикасының экологиялық және жер құқығының негіздері

Экологиялық құқық деген ұғымды үш тұрғыдан қарастыру керек: құқық саласы, оқу пәні, ғылым саласы ретінде [1].

Экологиялық құқықтың мәні- бұл экологиялық-құқықтық нормалардың қолданылуы саласында қалыптасатын тарихи тұрғыда қазіргі және болашақтағы ұрпақ мүдделері үшін қоршаған ортаны сақтап қалу мақсатында табиғи объектілерді (экологиялық жүйелерді) сақтау, жақсарту, қалпына келтіру, тиімді пайдалану тұрғысында міндетті түрде мемлекеттің қатысуы жағдайында азаматтар мен ұйымдар арасындағы өндірістік қатынастармен

байланысты болуы [2].

Экологиялық құқық жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға антропогендік әсерінің болмауын және олардың рационалды түрде табиғатты пайдалануын қамтамасыз ететін табиғи ресурстарға иелік етудегі қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

ҚР-ның экологиялық құқығы - айналадағы табиғи ортаны қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық ережелердің жиынтығын зерттейтін оқу пәні немесе ғылым саласы.

Экологиялық құқық саласының негізгі қызметтері:

- Қоршаған орта жағдайын бақылау және қоршаған орта жағдайын болжауда жүргізілетін іс-шараларды реттеу,
- Қоршаған ортаның табиғи жағдайын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартуды реттеу;
- Адамның шаруашылық жүргізу салдарынан туындайтын келеңсіз жағдайларды болдырмауды қамтитын қоршаған ортаны қалпына келтіру және сақтау.

Экологиялық қатынастар дегеніміз - бұл объектісі табиғат пен оның құрамындағы элементтер болып табылатын қатынастарды айтамыз.

Экологиялық құқықтың объектілері дегеніміз - айналадағы табиғи ортаны құрайтын, адамның тіршілік қажеттіліктеріне жұмсалатын табиғи ресурстар жатады. Оларға жер, жер қойнауы, сулар, ормандар, атмосфералық ауа, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жатады.

Экологиялық қатынастар субъектілеріне мыналар жатады[3]:

1. Қазақстан Республикасы, себебі біздің мемлекетіміз табиғат ресурстарының меншік иесі болып табылады;

2. Шетелдік мемлекеттер - Қазақстанның табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша экологиялық қатынастардың субъектілері болып табылады, республикаға табиғи ортаға келтірген залалы үшін жауап береді (шекаралық су объектілері бойынша бірлесіп су пайдалануы және т.б.);

3. заңды тұлғалар;

4. Жеке тұлғалар[4].

Құқық саласының принциптерімен негізгі басшылыққа алатын ережелер танылады, оларға сәйкес белгілі бір қатынастар реттеледі.

ҚР-ның Экологиялық Кодексінде былай делінген: қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалану мына принциптер негізінде жүзеге асырылады:

- адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру;

- ҚР-ның нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты дамуға көшуі, адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының салауатты және қолайлы қоршаған ортаға деген қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық міндеттері мен проблемаларын теңдестіре отырып шешу;

- экологиялық жағдайы қолайсыз аймақтардағы экологиялық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру;

- табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану және молықтыру;
- биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтауды қамтамасыз ету;

- қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау, оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің ымырасыздығы;

- қоршаған ортаға нұсқан келтіруге жол бермеу, қоршаған ортаға ықпал ету мүмкіндігін бағалау;

- халықтың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласына белсенді түрде және демократиялық жолмен қатысу;

- халықаралық құқық негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық принциптерін сақтау негізінде жүзеге асырылады[5].

Экологиялық құқықтың жүйесі әдістемелік жағынан екіге бөлінеді: жалпы бөлім және ерекше бөлім.

Экологиялық құқықтың жалпы бөлімінде экологиялық құқықтың мәселелері, табиғи ресурстардың жағдайын көрсететін қоғамдық қатынастар және бүкіл табиғат ресурстарына мемлекеттің меншік құқығы туралы мәселелер қаралады.

Ал ерекше бөлімде табиғи ресурстарды қорғау және пайдаланудың мемлекеттік-құқықтық механизмі және табиғат объектілерінің жеке жағдайлары қаралады.

2.Экологиялық құқықтың қайнар көздері. Қазақстан Республикасы экология құқықтарының қайнар көздеріне – айналадағы табиғи ортаны қорғау, оны пайдалану, сапасын арттыру және табиғи ресурстар жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік актілер жатады.

Кейбір нормативтік актілер экологиялық заңдардың құрамына кірмеуі де мүмкін. Мысалы: Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі – экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауаптылықтарды реттейтін нормалардан тұрады, сондықтан ол экологиялық құқықтың қайнар көзіне жатады, бірақ экологиялық заңдылықтардың құрамына кірмейді, өйткені қылмыстық заңдардың құрамына кіреді, сол сияқты Азаматтық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстері де экологиялық құқықтың қайнар көздеріне жатады, бірақ экологиялық заңдардың құрамына кірмейді. Сондықтан «Экологиялық құқықтың қайнар көздері» деген ұғым «Экологиялық заңдар» деген ұғымнан кең.



Экологиялық құқықтың кешенді қайнар көздеріне нормативтік актілер жатады, егер құқықтық реттеудің объектісіне бүкіл табиғи ресурстар мен табиғи орта жатса, оған ҚР Экологиялық Кодексіні жатқызуға болады.

Экологиялық құқықтың ресурстық қайнар көздеріне нормативтік актілер жатады, егер құқықтық реттеудің объектісіне жеке табиғи ресурстар жататын болса, мұнда Жер кодексі, Су кодексі, Орман кодексі және т.б. жатады.

Экологиялық құқықтың әлеуметтік-экологиялық қайнар көздеріне адамдардың өмір сүруіне қолайлы ортаны қамтамасыз етуге бағытталған факторлар жатады. Оған «Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы» заңдарды жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасы Конституциясы – экологиялық құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады, себебі табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану туралы қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекеттің құқықтық негізін қалайды. Басқа барлық заңдар мен заңдық актілер Конституцияның нормаларының ішінде экологиялық құқыққа қатысты нормаларды бөліп қарауға болады:

1. ұйымдық – басқарушылық;
2. экономикалық;
3. әлеуметтік[6].

1. Ұйымдық басқарушылық нормаларға айналадағы табиғи ортаны қорғау жағдайында мемлекеттің және лауазымды адамдардың мақсаттары туралы нормалар кіреді. Конституциялық нормалардың осы тобына Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің жергілікті өкімет органдарының міндеттерін реттейтін нормалар айналадағы табиғи ортаны қорғауды құқықтық реттеудің керек екендігін көрсетеді. Мысалы: 31 бапта- «мемлекет адамдардың өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» делінген. 61 бапта- Парламенттің «айналадағы ортаны қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін» заңдар шығаруға хақылы екендігі көрсетілген.

2. Экономикалық нормаларға Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарға меншік құқықтармен реттейтін нормаларды жатқызуға болады. ҚР Конституциясының 6 бабының 3 тармағында : «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттарда жеке меншікте де болуы мүмкін. Сонымен бірге Конституцияда «меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік берілетін» нормалардан да тұрады. (26 баптың 2 тармағы)

3. Әлеуметтік нормаларға Қазақстан Республикасының Конституциясының 38 бабында көрсетілген «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті» делінген нормалар жатады.

Экологиялық құқықтың келесі қайнар көзі 2007 жылы 9 қаңтарда қабылданған ҚР-ның Экологиялық Кодексі болып табылады. Ол 9-бөлім, 47-тарау, 326 – баптан тұрады. Бұл кодекс қазіргі және болашақ ұрпақтың мүдделерін көздеп, айналадағы табиғи ортаны қорғаудың құқықтық,

экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілеуге және адам қызметінің осы табиғи ортаға зиянды ықпал жасауына жол бермеу шараларына бағытталған.

Экологиялық құқықтың қайнар көздеріне табиғи ресурстардың жеке жағдайын реттейтін заңдар мен кодекстер жатады. Мысалы, жер кодексі, су кодексі, орман кодексі, жер қойнауы және оны пайдалану туралы ҚР заңы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заң және т.б. жатады[7].

Экологиялық құқықтың қайнар көздеріне министрліктер мен ведомстволардың нормативтік – құқықтық актілері жатады. Министрліктер мен ведомстволардың актілері салалық басқаруды жүзеге асырады.

3. Жер құқығына жалпы сипаттама. Адам қоғамының барлық өмірінде, оның қалыптасуы мен дамуында жер өте маңызды роль атқарған. Жер – табиғаттың берген сыйы ретінде, адам қоғамының пайда болуына дейін болған. Бірақ, жер өзінің еңбектің жалпы заты қызметін атқаруы үшін міндетті түрде оны біреу иемденуі қажет және өндірістік процесін жүзеге асыруы қажет.

Қазіргі кезде жердің экономикалық маңыздылығы өте жоғары деңгейде. Жер адам қоғамының кез-келген шаруашылық қызметінің және өмірінің негізі. Жердің экономикалық қасиетімен қатар, экологиялық маңыздылығында ескеру қажет. Жер – қоршаған ортаның ажырамас бөлігі, табиғи ресурс.

заң ғылымында құқық нормаларын жекелеген салаларға өзара ажырату үшін келесідей алғышарттар қолданылады: бұл құқықтық реттеудің ерекше пәні, ерекше реттеу әдісі, құқықтық реттеудің жүйеленген қайнар көздері, өзіндік қағидалары және жеке құқық саласына бөліп шығаруға деген қоғамның мүдделігі. Жер қатынастарының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәні жер қатынастарының ерекше құқықтық реттеу пәні ретінде тануға негіз болады. Жер қатынастары тек жер құқығының нормаларымен ғана емес, сонымен қатар, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, қаржылық құқық және өзге құқық салаларының нормаларымен реттеледі. Сәйкесінше, аталған жер құқық қатынастар тобын реттеу әдісінің ерекшелігі, яғни, жер қатынастарының субъектілеріне әсер етудің ерекше үйлесімдігі бар. Жер құқығының жүйеленген қайнар көзі 20 маусым 2003 жылы қабылданған Жер кодексі және жер заңнамасының жүйесін қалыптастыратын нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы бар. Жер құқық қатынастарын реттеу барысында басшылыққа алынатын құқық қағидалары осы аталған заңнама жүйесінде тікелей көрініс тапқан. Ал енді жер құқығының дербес құқық саласы ретінде қызмет етуі – тұрақты даму жағдайында, жерді азаматтық айналымға енгізу жағдайында тұрған, қазіргі уақытта еліміздің жерін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етудегі қоғамның мүдделілігін айқындайды.

Жер құқығы аталған талаптардың барлығына жауап береді, сол себептен жеке дербес құқық саласы болып табылады.



Құқықтық қатынастардың қоғам талаптарына сай өзгеруі, жер құқығы пәні мен міндеттерінің өзгеруіне әкеп соғады. Нарықтық экономика және тұрақты даму жағдайында жер меншік иелері мен жер пайдаланушылардың дербестігі, жер құқық қатынастарының демократиялағы, жер меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарының кең ауқымға жетуі сияқты құбылыстар орын алып отыр. Нәтижесінде жер құқығының пәні мен міндеттері өзгеріске ұшыраған. Жер құқығының пәні дегеніміз – жер құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастардың жиынтығы, яғни жер құқық қатынастары. Жер Кодексінің 12-бабының 10-тармақшасына сәйкес, жер құқық қатынастары дегеніміз – жерге меншік құқығын және өзге де құқықтарды жүзеге асыра отырып, жер ресурстарын басқаруға, жекелеген субъектілерге жер учаскелерін бекітіп беруге байланысты жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі қатынастар болып табылады.

Жер құқық қатынастарының өзіне тән белгілері:

- бұл қатынастар жерді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған;
- бұл қатынастар жерді меншік объектісі, пайдалану объектісі, аумақтық кеңістігі және табиғат байлығы ретінде қарастырады;
- бұл қатынастар жер құқық нормаларымен қатар, өзге құқық салаларының нормаларымен реттеледі;
- бұл қатынастар тек жер учаскесін пайдалану емес, сонымен қатар, жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мүлікті де пайдаланумен байланысты қатынастар[8].

Жер құқық қатынастарының да өзге құқық қатынастары сияқты өзіне тән болатын объектісі, субъектісі және мазмұны болады. Жер құқық қатынастарының объектісі ретінде Қазақстан Республикасының жер қоры, жер учаскесі және жер үлесі танылады.

А.Х.Хаджиевтің пікірі бойынша: жер құқығы қатынастарының жалпы объектісі – еліміздің экономика салаларында қолданылып жатқан және қолдануға мүмкін болатын еліміздің жер ресурсы, барлық жер қоры құрайды.

Ал, Ә.Е. Бектұрғанов жер құқық қатынастары жердің өзі туралы емес, оның

құқықтық мәртебесі туралы қатынастар оның объектісі болып саналады дейді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Асқарова Ұ.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. Алматы, заң әдебиеті, 2016.

2. Байділдинов Д.Л. ҚР Экологиялық құқығы – Алматы: Қазақстандағы СҚЗҚҚ “Интерлигал” баспа орталығы, 2015ж.

3. Н.О.Дулатбеков, С.К.Амандықова, А.В.Турлаев. Қазіргі Қазақстанның құқық және мемлекет негіздері: Оқулық бағдар. - Астана: ИКФ «Фолиант», 2000.

4. ҚР құқық және мемлекет негіздері: Оқулық бағдар/жауап.ред. Г.С.Сапарғалиев. - Алматы: Жеті Жарғы,2005.

5. А.М.Коваленко Құқық және мемлекет негіздері: Жоғарғы оқу орындарына арналған бағдар. - М.; ТЕЙС,2005.

6. Е.М.Абайдельдинова, М.А.Сарсембаева. Құқық негізі: Орта мектептер,гимназия және лицейларға арналған оқулық / Алматы: Данекер, 2011 .

7. О.Е.Кутафина. Құқық және мемлекет негіздері: Жоғарғы оқу орындарына арналған бағдар/ М.: Юрист,2016.

8. М.Н.Марченко, П.Ф.Лунгу. Құқық және мемлекет негіздері: Жоғарғы оқу орындарына арналған бағдар/-М.:заң колледжі ММУ,2015.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық құқық дегеніміз не?
2. Экологиялық құқықтың мәнін қалай түсінуге болады?
3. Экологиялық қатынастар дегеніміз не?
4. Экологиялық құқықтық қатынастардың объектілеріне нелер жатады?
5. Экологиялық құқықтық қатынастардың субъектілеріне кімдер жатады?
6. Экологиялық құқық қандай принциптерге негізделген?
7. Экологиялық құқықтың жүйесі нені білдіреді?
8. Экологиялық құқықтың қайнар көздерін атаңыз.
9. Ұйымдық басқарушылық нормалар нені білдіреді?
10. Экономикалық нормалар нені білдіреді?
11. Әлеуметтік нормалар нені білдіреді?
12. Жер құқығының ұғымы және белгілері
13. Жер құқығының қайнар көздерін атаңыз.

ГЛОССАРИЙ

1. Қолайлы қоршаған орта - жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, биологиялық әртүрлілікті сақтауды, ластануды болғызбауды, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін қоршаған орта;

2. Қоршаған орта - атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ олардың өзара іс-әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы;

3. Қоршаған ортаға келтірілетін залал - табиғи ресурстардың жұтаңдануы мен сарқылуын немесе тірі организмдердің қырылуын туындатқан немесе туындататындай етіп қоршаған ортаны ластау немесе табиғи ресурстарды белгіленген нормативтерден артық алу;

4. Қоршаған ортаны қорғау - қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ оның аумақтық органдары;

6. Қоршаған ортаны ластау - қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері;

7. Қоршаған ортаның сапасы - қоршаған орта жай-күйінің сипаттамасы;

8. Тіршілік ету отасы – қандай да бір организмнің немесе популяцияның табиғи мекендейтін жердің типі немесе орны;

9. Экологиялық жүйе (экожүйе) - бірыңғай функционалдық тұтастық ретінде өзара іс-әрекет ететін организмдердің және олар мекендейтін тіршіліксіз ортаның өзара байланысты жиынтығы;

10. Экологиялық қауіп - антропогендік және табиғи әсерлер ықпалынан, оның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар салдарынан қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын, жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жай-күй; Табиғат пайдаланушы - табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

11. Табиғи объектілер - шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер;

12. Табиғи ресурстар - тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі;

13. Табиғи ресурстарды қорғау - табиғи ресурстардың әрбір түрін олардың тұтыну қасиеттерін жоғалтуға әкеп соғатын тиімсіз пайдаланудан, құрып кетуден, жұтаңданудан қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

14. Экологиялық талаптар - осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік-техникалық құжаттарында қамтылған, қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметті шектеу және оларға

тыйым салу;

15. Экологиялық таңбалау – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестігі растаудан өткен өнімге экологиялық таза өнім белгісін беру;

13. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқығының негіздері

1. Іс жүргізу құқығының жалпы сипаттамасы. заң ғылымдарында құқық нормаларын материалды және іс жүргізу деп екіге бөлу қалыптасқан.

Материалды құқық нормалары материалды-құқықтық нормаларды құқық бұзушылықтан қорғаудың тәртібін қалыптастыратын құқықтық қатынастардың мазмұны мен іс жүргізу нормаларын реттейді.

Іс жүргізу нормалары қылмыс және басқа да құқық бұзушылық жасалған, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы түсіністікке келе алмай сотқа жүгінетін сияқты қатынастардың барысында туындайтын, арнайы құзыретті органдар іске асыратын құқық қолдану түрінде көрінетін құқық қорғау үрдісін реттейді. Барлық іс жүргізу нормалары құрамына қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу және екі материалды; конституциялық және әкімшілік іс жүргізу нормалары кіреді.

Мемлекеттің міндеті мен қызметі қоғам өмірінің көптеген салаларын қамтиды. Солардың арасында аса маңызды міндеттердің қатарына жататын іс құқықтық тәртіп пен заңдылықты, адамдардың құқығын, бостандығын, мемлекеттік және мемлекеттік емес бірлестіктердің, еңбек ұжымдарының мүдделерін қорғау, қылмыспен күресу. Бұның барлығы іс жүргізу құқығы саласына жатады. Сондықтан, іс жүргізу құқығында құқық қолдану іс-әрекеті құқық қорғау органдарының көмегімен іске асырылады.

Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады (Конституцияның 75-бабы).

Қазақстан Республикасында сот әділдігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттарда қаралатын істердің көпшілігі азаматтық істер болып табылады. Бұлар азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, экологиялық, қаржы, салық және т.б. құқықтық қатынастардан туындайтын даулар.

2. Азаматтық іс жүргізу құқығының түсінігі және субъектілері. Азаматтық іс жүргізу құқығы мемлекет белгілеген құқықтық нормалармен соттардың азаматтық істерді қарау және шешу тәртібін реттейтін ережелер жиынтығын айтамыз.

Азаматтық іс жүргізу құқығы жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады. Жалпы бөлімге сот әділдігі принциптерін, азаматтық істердің сотқа қарастырылымы (сот қарауына жататындығы), сот құрамын, іске қатысушы тұлғалардың құрамын, олардың іс жүргізу құқығы мен міндеттерін дәлелдеу, талап қою және басқаларын баянды ететін нормалар енеді.

Азаматтық іс жүргізу құқығының ерекше бөлімінде құқықтың осы саласының жекелеген институттарын, сатыларын реттейтін құқықтық

нормалардың жиынтығын (бірінші сатыдағы, апелляциялық бақылау сатысындағы сотта іс жүргізу және басқалар) білдіреді.

Азаматтық іс жүргізу жеке сатылардан тұратын қозғалыс болып табылады. Ол мынадай сатыларға бөлінеді:



Азаматтық іс жүргізу құқығының заңнамалары азаматтық істер бойынша сот әділдігін жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормалар баянды етілген нормативтік актілер болып табылады. Азаматтық іс жүргізу құқығының ең негізгі заңнамасы ҚР Конституциясы болып табылады.

Азаматтық іс жүргізу құқығының аса маңызды заңнамасы 2015 жылғы 31 қазандағы қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі б.т.

Азаматтық іс жүргізу құқығының заңнамалары арасында ҚР Жоғарғы Сотының Пленумының түсіндірмелері ерекше орын алады.

Азаматтық іс жүргізу құқығы мынадай жағдайларда қозғалады:

1. Өзінің құқығын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін өтініш жасаған адамдардың арызы бойынша;
2. Прокурордың арызы бойынша;
3. заң бойынша басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіне алатын болған жағдайда мемлекеттік басқару, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, кәсіподақтың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың мәлімдеуі бойынша қозғалады.

Соттың бірінші сатысындағы азаматтық істерді соттың атынан әрекет ететін судья жеке-дара қарайды. Істерді апелляциялық сотта немесе қадағалау сатысындағы соттарда қарауды соттың алқалы құрамы жүзеге асырады. Іс алқалы түрде қаралған кезде соттың құрамына саны тақ (кем дегенде үш) судья кіруге тиіс, олардың біреуі төрағалық етуші болып табылады.

Істерді соттың алқалы құрамы қараған және шешкен кезде барлық судьялар тең құқықтарды пайдаланады. Істі алқалы түрде қараған және шешкен кезде туындаған барлық мәселелерді судьялар көпшілік дауыспен шешеді. Әрбір мәселені шешкен кезде судьялардың ешқайсысы дауыс беруден қалыс қалуға құқылы емес.

Төрағалық етуші ұсыныстарды енгізеді, өз пікірін айтады және соңынан

дауыс береді. Көпшілік шешімімен келіспеген судья осы шешімге қол қоюға міндетті және ерекше пікірін жазбаша түрде баяндай алады, ол төрағалық етушіге тапсырылады және мөрбасылған конверттегі іске коса тіркеледі. Ерекше пікірмен апелляциялық және қадағалау сатыларындағы сот осы істі тиісті сатыда қарау кезінде танысуға құқылы. Судьяның ерекше пікірінің бар екендігі туралы іске қатысушы адамдарға хабарланбайды және ерекше пікір соттың отырыс залында жарияланбайды.

Іске қатысушы тұлғалардың құрамы. Тараптар: дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар, дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар, прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен мүдделі адамдар іске қатысушы тұлғалар болып танылады.

Азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттерге ие болу қабілеттілігі (азаматтық іс жүргізу құқық қабілеттілігі) материалдық құқық субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар үшін бірдей дәрежеде танылады.

Сотта құқықтарын өз іс-әрекеттерімен жүзеге асыру және міндеттерін орындау, іс жүргізуді өкілге тапсыру қабілеттілігі (азаматтық іс жүргізу әрекет қабілеттілігі) он сегіз жасқа толған азаматтарда және ұйымдарға толық көлемде болады.

Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері қорғайды, алайда сот мұндай істерге кәмелетке толмағандардың немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың өздерін тартуға міндетті.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта олардың заңды өкілдері қорғайды.

Іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері. Іске қатысушы тұлғалардың іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысушы басқа адамдарға, куәлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтініш жасауға, соның ішінде қосымша дәлелдеме талап ету туралы өтініш жасауға; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысушы басқа тұлғалардың өтінімдері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімі мен ұйғарымына шағымдануға; азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдарда берілген басқа да іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқығы бар. Олар өздеріне берілген барлық іс жүргізу құқықтарын адал пайдалануға тиіс. Іске қатысушы адамдар, орындалмауы азаматтық сот ісін

жүргізу туралы заңдарда көзделген салдарларды туғызатын жағдайда, өздерінің іс жүргізу міндеттерін атқарады.

Талап қоюшы мен жауапкер азаматтық процесте тараптар болып табылады. Өз мүдделерін немесе талап қойылған мүдделерді көздеп талап қоюшы азаматтар мен заңды тұлғалар талап қоюшылар болып табылады. Өздеріне қуыным талабы қойылған азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкерлер болып табылады.

Прокурордың сот ісін жүргізуге қатысуы. Азаматтық сот ісін жүргізуде заңдардың дәлме-дәл және бір үлгіде қолданылуына жоғары қадағалау жүргізу ісін мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас прокуроры тікелей өзі және өзіне бағынатын прокурорлар арқылы жүзеге асырады.

Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы мұның өзі заңмен көзделген немесе осы іске прокурордың қатысу қажеттілігін сот таныған жағдайларда міндетті. Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатысуға құқылы. Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы. Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау туралы, егер адам дәлелді себептермен өзі сотқа жүгіне алмаса, тек мүдделі адамның өтінішімен ғана прокурор талап қоя алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурор мүдделі адамның өтінішіне қарамастан талап қоя алады.

заңмен көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін бірінші сатыдағы сот шешім шығарғанға дейін өз бастамашылығы бойынша, іске қатысушы тұлғалардың бастамашылығы бойынша, сондай-ақ соттың бастамашылығы бойынша процеске қатыса алады.

3. Қылмыстық іс жүргізу құқығының түсінігі және субъектілері. Қылмыстық іс жүргізу құқығы мемлекет белгілеген құқықтық нормалармен соттардың қылмыстық істерді қарау және шешу тәртібін реттейтін ережелер жиынтығын айтамыз.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады. Қылмыстық іс жүргізу құқығының негізгі қайнар көздері болып: 1995 жылдың 30 тамызындағы Қазақстан Республикасының Конституциясы және 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі танылады.

Қоғам мен азаматтардың мүдделерін қылмыстық қиянаттардан қорғау мен құқықтық тәртіпті нығайту үшін мемлекет жүзеге асыратын шараларды орындауда басты роль атқаратын құқық қорғау органдары прокуратура, алдын

ала тергеу және сот органдары болып табылады.

Бұл мемлекеттік органдардың қызметі бір бірімен байланысты болса да, олардың өкілеттіктері бірдей емес. Мысалы, алдын ала тергеу органдары істелген қылмысты ашып, оны істеген адамды ішкерелейтін дәлелдемелерді жинағанның өзінде айыпталушының кінәлілігі жөніндегі мәселені шешуге және оған жаза тағайындауға өкілетті емес. Яғни заңмен белгіленген тәртіп бойынша, алдын ала тергеу жүргізу аяқталған соң қылмыстық іс заңдылықтың сақталуын қадағалайтын прокурорға жіберіледі. Ал прокурор тергеу жүргізу барысында жиналған дәлелдемелердің және айыптаушы мен қорғаушы жақтарының келтірген дәлелдемелерінің негізінде сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігі және оған жаза қолдану немесе қолданбау жөнінде шешім шығарады. Сөйтіп, бұл қызмет тек қана заңда көрсетілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады және қылмыс жөнінде заңды қолданумен байланысты болғандықтан қылмыстық процесс, яғни қылмыстық іс жүргізу деп аталады.

Қылмыстық іс жүргізу дегеніміз бұл заңмен реттелген соттың, алдын ала тергеу, анықтау және прокуратура органдарының ұғымы мен азаматтардың мүдделерін қылмыстық қиянаттардан қорғауға байланысты өз міндеттерін орындау мақсатында жеке тұлғаларды қатыстыра отырып атқаратын қызмет жүйесі.

Қылмыстық іс жүргізу басқа сөзбен айтқанда қылмыстық сот ісін жүргізу деп те аталады. Себебі, қылмыстық әс жүргізу алдын ала тергеу органдарының немесе прокурордың қызметімен аяқталмайды, қылмыстық іс жүргізудің жалғасы сот қызметі түрінде атқарылады.

Сот төрелігі дегеніміз бұл соттың қылмыстық істермен қатар басқа да істерді қарап шешу үшін мемлекет атынан атқарылатын қызметтің арнайы түрін айтамыз. «Сот төрелігі» ұғымының тікелей мағынасы сот қызметі болып табылады да, ал «қылмыстық іс жүргізу» ұғымы соттың қызметімен қатар алдын ала тергеу органдарының және прокурордың қызметтерін қамтиды.

Қылмыстық іс жүргізудің негізгі сатыларына мыналар жатады:

1. Қылмыстық істі қозғау;
2. Қылмыстарды алдына ала тергеу;
3. Басты сот талқылауын тағайындау;
4. Басты сот талқылауы;
5. Апелляциялық саты сотында істі қарау;
6. Үкімді орындау.

Қылмыстық іс жүргізу субъектілері бұлар заңда көрсетілген құқықтары мен міндеттері болғандықтан іс жүргізу кезінде туындайтын құқықтық қатынастар жүйесімен қамтылатын мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары және жеке тұлғалар болып табылады. Оларға мыналар жатады:

Сот билігі органы, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін, істі алқалық немесе жеке қарайтын кез келген заңды түрде құрылған сот. Бірінші сатыдағы сот — қылмыстық істі мәні бойынша қарайтын сот.

Судья - сот билігінің иесі осы лауазымға заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған немесе сайланған кәсіпқой судья (соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы, соттың мүшесі немесе тиісті соттың басқа да судьясы).

Төрағалық етуші - қылмыстық істі алкалық немесе жеке қарау кезінде төрағалық ететін судья. Сот отырысына төрағалық етушінің үкімдері процеске қатысушылардың барлығы және сот залындағы өзге де адамдар үшін міндетті.

Прокурор - өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Бас әскери прокурор, облыстардың прокурорлары және соларға теңестірілген прокурорлар, аудандық, қалалық прокурорлар; әскери прокурорлар, көлік прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары мен көмекшілері, прокуратуралардың қадағалау саласы жөніндегі прокурорлары, аға прокурорлары және прокуратура басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысушы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

Тергеу бөлімінің бастығы - алдын-ала тергеуді жүзеге асыратын органның тергеу бөлімшесінің бастығы мен өз құзыреті шегінде іс-әрекет жасайтын оның орынбасарлары.

Тергеу бөлімінің бастығы тергеу ісін жүргізуді тергеушіге тапсырады, тергеушілердің жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша олардың дер кезінде іс-әрекет жасауына, тергеушілердің алдын ала тергеу және күзетпен ұстау мерзімдерін сақтауына, прокурор нұсқауларының, істер бойынша нұсқаулар береді; алдын-ала тергеу жүргізуді бірнеше тергеушіге тапсырады; заңда көзделген жағдайларда тергеуші іс бойынша іс жүргізуден шеттетеді; өз құзыреті шегінде өзіне бағынышты алдын-ала тергеуді жүзеге асырушы органның бір тергеу бөлімшесінен қылмыстық істі алады және алдын ала тергеуді жүзеге асырушы сол не өзге де өзіне бағынысты органның басқа тергеу бөлімшесіне береді; аяқталған қылмыстық істерді прокурорға жолдайды. Тергеу бөлімінің бастығы қылмыстық іс қозғауға, қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне алуға және бұл орайда тергеушінің өкілеттігін пайдалана отырып, жеке-дара алдын-ала тергеу жүргізуге құқылы.

Тергеуші - өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын-ала тергеуді жүзеге асыруға өкілеттік берілген лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттың қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі.

Тергеуші істің жағдайын жан-жақты толық және объективті зерттеуге барлық шараларды қолдануға, оның қылмыс жасағандығын көрсететін жеткілікті дәлелдер жиналған адамдарға қатысты айыпталушы ретінде тарту, айып тағу, айыптау қорытындысын жасау жолымен қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыруға міндетті.

Қылмыстың сипатына қарай анықтау органдарына:

1) заңмен белгіленген құзірететіне сәйкес қылмыстың белгілері мен оларды жасаған адамдарды табу, қылмыстардың алдын-алу және жолын кесу мақсатында қажетті қылмыстық іс жүргізу және жедел іздестіру шараларын қолдану. Мыналар анықтау органдары болып табылады: 1) ішкі істер

органдары; 2) ұлттық қауіпсіздік органдары; 3) қылмыстық жазаларды орындау және қамауда ұстау тәртібімен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша-әділет органдары; 4) қаржы полициясы органдары; 5) контрабанда және кеден төлемдерін төлеуден жалтару туралы істер бойынша-кеден органдары; 6) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында шақыру немесе келісім-шарт бойынша әскери қызметін атқарып жүрген әскери қызметшілер; әскери жиындарды өткеру кезінде запастағы азаматтар; әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің азаматтық қызметкерлері олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты немесе осы бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің орналасқан жерінде жасаған барлық қылмыстары туралы істер бойынша - әскери полиция органдары.

Анықтаушы - өз құзыретінің шегінде қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыруға өкілетті мемлекеттік лауазымды адам.

Анықтаушы, алдын-ала тергеу жүргізілуі міндетті қылмыстық істер бойынша кідіртуге болмайтын жағдайларда анықтау органы бастығының тапсырмасы бойынша қылмыстық іс қозғауға, сондай-ақ шұғыл тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларын жүргізуге, ол туралы жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурор мен алдын-ала тергеу органын хабардар етуге міндетті.

Сезікті. Тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты Қылмыстық іс жүргізу кодексте белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам сезікті болып танылады.

Сезікті ұсталған немесе оған айып тағылғанға дейін бұлтартпау шаралары қолданылған жағдайда ұсталған немесе бұлтартпау шаралары қолданылған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, өзі тандаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия жолығу құқығы қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуы тиіс. Ұсталған сезікті телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен дереу өзінің тұрған жеріне немесе жұмыс орнына өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы хабарлауға құқылы.

Айыпталушы. Өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, не өзіне қатысты сотта жеке айыптайтын қылмыстық іс қозғалған адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам айыпталушы болып танылады.

Іс бойынша басты соттың талқылауы тағайындалған айыпталушы, сотталушы, өзіне қатысты айыптау үкімі шығарылған айыпталушы, сотталған адам, өзіне қатысты ақтау үкімі шығарылған айыпталушы, ақталушы деп аталады.

Айыпталушы: заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыты мен мүмкіндігі болуға; өзінің не үшін айыпталғандығын білуге және өзін айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесін

алуға; қылмыстық ізге түсу органынан өзіне тиесілі құқықтар туралы дереу түсіндірме алуға; қылмыстық процесті жүргізуші органнан өзінің құқықтарын және мүдделерін қозғайтын іс жүргізу шешімдерін қабылдау туралы хабардар етілуге, бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға; өзіне тағылған айып бойынша түсініктеме мен айғақ беруге; айғақ беруден бас тартуға; дәлел ұсынуға; өтініш пен қарсылық мәлімдеуге; ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге және түсінісуге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; қорғаушысы болуға;

Қорғаушы - заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

Қорғаушы ретінде адвокат қатысады. Күдіктілердің, айып-талушылардың, сотталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды адвокатпен қатар күдіктінің, айыпталушының, сотталушының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары немесе заңды өкілдері, кәсіподақтардың және осы бірлестіктер мүшелерінің істері бойынша басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдері жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғаушылар ретінде қатысуына, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Бір адам, егер сезіктінің, айыпталушының біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, олардың екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды. Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні немесе айыпталушыны қорғаудан бас тартуға құқы жоқ.

Жәбірленуші. Қылмыстық процесте оған тікелей қылмыспен моральдық және мүлктік зиян келтірілді деп ұйғаруға ол жөнінде негіз бар адам жәбірленуші болып танылады.

Жәбірленушіге қылмыспен келтірілген мүлктік зиянды, сондай-ақ осы Кодексте белгіленген ережелер бойынша өкілге арналған шығындарды қоса есептегендегі оның алдына-ала тергеу мен сотқа қатысуына байланысты келтірілген шығындарды өтеу қамтамасыз етіледі.

Куә. Айғақ беру үшін куә ретінде іс үшін маңызы бар қандай да болсын мән-жай белгілі болуы мүмкін кез келген адам шақырылуы және одан жауап алынуы мүмкін.

Куәнің қылмыстық жазаланатын әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзі, жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстары үшін ізіне түсуге әкеп соқтыратын айғақ беруден бас тартуға; өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге; аудармашының тегін, көмегін пайдалануға; одан жауап алуға қатысушы аудармашыға ескерту жасауға; жауап алу хаттамасына айғақтаманы өз қолымен жазуға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың іс-әрекетіне шағым жасауға, өз құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты өтінішін мәлімдеуге құқығы бар. Куәнің, егер адвокат қандай да бір басқа сапада іске қатыспаса, өзінің адвокатының қатысуымен айғақ беруге құқығы бар. Адвокаттың келмеуі тергеуші белгілеген уақытта айғақ алуды жүргізуге кедергі келтірмейді.

Куә: анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың шақыруы бойынша келуге; іс бойынша барлық өзіне белгілі жайларды шын хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; егер оған анықтаушы, тергеуші немесе прокурор ескерткен болса, өзіне іс бойынша белгілі мән-жайлар туралы мәліметті жарияламауға; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және сот отырысы кезінде белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Қасақана жалған жауап бергені үшін және жауап беруден бас тартқаны үшін куә Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстық жауапқа тартылады. Айғақтар беруден бас тарту немесе қылмыстық процесті жүргізуші органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмеу әкімшілік жауапқа тартуға әкеп соғады.

Сарапшы. Іске мүдделі емес, арнаулы ғылыми білімі бар адам- сарапшы ретінде шақырылуы мүмкін.

Сарапшының: қылмыстық істің сараптама жүргізуге қатысты материалдарымен танысуға; өзіне қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды беру туралы өтініш білдіруге; қылмыстық процесті жүргізуші органның рұқсатымен тергеу әрекеттерін жүргізуге және басқа да іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға және оған қатысушыларға сараптама жүргізуге қатысты сұрақтар қоюға; өзі қатысқан тергеу немесе өзге де іс жүргізу әрекеттерінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеті мен жауаптарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты хаттамаға енгізуге жататын ескертулер жасауға; сараптаманы тағайындаған органның (адамның) келісімі бойынша өз құзыреті шегінде тек алдына қойылған мәселелер бойынша ғана емес сонымен бірге іс үшін маңызы бар және өз бастамашылығымен анықталған өзге мән-жайлар бойынша да қорытынды беруге; өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақ беруге; аудармашының тегін, көмегін пайдалануға; аудармашыдан бас тартуға; қылмыстық процесті жүргізуші органның сараптама жүргізу кезінде өз құқығына нұқсан келтірген әрекетіне шағым жасауға; өзінің арнаулы білімінен тыс мәселелер бойынша, сондай-ақ, егер өзіне берілген материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қорытынды беруден бас тартуға; сараптама жүргізу кезінде келтірілген шығындарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу оның қызметтік міндеттерінің шеңберіне кірмесе орындалған жұмыс үшін сыйақы алуға құқығы бар.

Маман. Тергеуге және сот әрекеттеріне маман реінде қатысу үшін іске мүдделі емес, дәлелдерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар адам шақырылуы мүмкін. Кәмелетке толмағандар қатысатын тергеуге және өзге де іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы педагог те, сондай-ақ оны сарапшы етіп тағайындаған жағдайларды қоспағанда, тергеу және өзге де іс жүргізу процестеріне қатысушы дәрігер де мамандар болып табылады.

Аудармашы. Аударма жасау үшін қажет тілді меңгерген және сезікті, айыпталушы, сотталушы, олардың қорғаушылары не жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар және

өзге де процеске қатысушылар іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, сонымен бірге жазбаша құжаттарды аудару үшін тергеу және сот іс-әрекеттеріне қатысуға тартылған іске мүдделі емес адам аудармашы ретінде шақырылады.

Сот отырысының хатшысы. Сот отырысының хаттамасын жүргізетін, қылмыстық іске мүдделі емес мемлекеттік қызметші сот отырысының хатшысы болып табылады.

Сот приставы. Соттар қызметінің және сот шешімдерін орындаудың белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындаушы лауазымды адам сот приставы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы. 30 тамыз 1995ж. (10.03.2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулар).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының заңымен қабылданды. – Алматы: ЮРИСТ, 2015.

3. Толеубекова Б.Х., Ерешев Е.Е. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Общая: академический курс / под ред. д.ю.н., проф. Б.Х. Толеубековой. Кн. 1 . – Алматы.: ТОО Издательская компания «НАС», 2004.

4. Толеубекова Б.Х., Проблемы усовершенствования уголовно-процессуального законодательства о досудебном производстве // Обеспечение конституционных прав граждан в досудебных стадиях уголовного процесса: мат-лы междунар.науч.-практ.конф. – Астана, 2006.

5. Б.Х.Тәлеубекова, ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы (Жалпы бөлім), —Жеті Жарғы, Алматы 2000 ж.

6. Сарсенбаев Т.Е., Хан А.А. Уголовный процесс. Досудебное производство: учебное пособие. – Астана: «Фолиант», 2000.

7. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазан

8. Абдикаримов Н. Азаматтық істі мемлекеттік тілде жүргізудің өзекті мәселелері // заңгер. - 2013.

9. Атаханова С.К. Ежелгі римдегі азаматтық іс жүргізудің нысандары // ҚазҰУ хабаршысы.заңгер. = Вестник КазНУ.Сер.юридическая. - 2014. - №1 .

10. Атаханова С.К., Омарова М.С. Азаматтық іс жүргізудегі жариялық принципі // ҚазҰУ хабаршысы. заң сер. - 2016.

Бақылау сұрақтары:

1. Іс жүргізу дегеніміз не?
2. Азаматтық іс жүргізу дегеніміз не?
3. Азаматтық іс жүргізу құқығының жалпы бөлімінде қандай мәселелер қарастырылады?

4. Азаматтық іс жүргізу құқығының ерекше бөлімінде қандай мәселелер қарастырылады?
5. Азаматтық іс жүргізу қандай сатылардан тұрады?
6. Азаматтық іс жүргізу құқығының заңнамаларын атаңыз.
7. Азаматтық іс жүргізудің субъектілерін атаңыз.
8. Қылмыстық іс жүргізу дегеніміз не?
9. Қылмыстық іс жүргізу ұғымы мен сот төрелігі ұғымының арақатынасын түсіндіріңіз.
10. Қылмыстық іс жүргізу сатыларын атаңыз.
11. Қылмыстық іс жүргізу субъектілерін атаңыз.

ГЛОССАРИЙ

1. Азаматтық іс жүргізу құқығы - мемлекет белгілеген құқықтық нормалармен соттардың азаматтық істерді қарау және шешу тәртібін реттейтін ережелер жиынтығын айтамыз.
2. Азаматтық іс жүргізу құқығының заңнамалары азаматтық істер бойынша сот әділдігін жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормалар баянды етілген нормативтік актілер болып табылады
3. талап қоюшылар дегеніміз өз мүдделерін немесе талап қойылған мүдделерді көздеп талап қоюшы азаматтар мен заңды тұлғалар.
4. жауапкерлер деп өздеріне қуыным талабы қойылған азаматтар мен заңды тұлғалар.
5. Судья - сот билігінің иесі осы лауазымға заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған немесе сайланған кәсіпқой судья (соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы, соттың мүшесі немесе тиісті соттың басқа да судьясы).
6. Төрағалық етуші - қылмыстық істі алқалық немесе жеке қарау кезінде төрағалық ететін судья. Сот отырысына төрағалық етушінің үкімдері процеске қатысушылардың барлығы және сот залындағы өзге де адамдар үшін міндетті.
7. Прокурор-өз құзыреті шегінде жедел іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық ізге түсуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын лауазымды тұлға.
8. Қылмыстық іс жүргізу құқығы мемлекет белгілеген құқықтық нормалармен соттардың қылмыстық істерді қарау және шешу тәртібін реттейтін ережелер жиынтығын айтамыз.
9. Қорғаушы-заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.
10. Маман - тергеуге және сот әрекеттеріне маман реінде қатысу үшін іске мүдделі емес, дәлелдерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар адам.
11. Сот отырысының хатшысы - сот отырысының хаттамасын жүргізетін, қылмыстық іске мүдделі емес мемлекеттік қызметші болып табылады.

12. Сот приставы - соттар қызметінің және сот шешімдерін орындаудың белгіленген тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындаушы лауазымды адам болып табылады.

14. Халықаралық құқық негіздері

Халықаралық құқық нормалары мен мемлекеттердің тәуелсіздік құқықтарын құрметтеу мемлекеттер арасындағы сапалы өзара қатынастардың негізгі алғы шарты болып табылады. Халықаралық құқықтың нормалары халықаралық қатынастардың пайда болуынан келіп туындайды. Халықаралық қатынастар халықаралық құқықпен реттеледі, сонымен бірге оның нормаларына өз әсерін тигізеді. Халықаралық құқық кез келген қоғам өмірінде маңызды орынға ие болатын жан жақты және дамыған халықаралық қатынастарды реттейді. Халықаралық қатынастар халықаралық құқық нормаларының мазмұнын айқындайды.

Жеке зерттеулерді қажет ететін іргелі проблемаларға ең бірінші халықаралық жүйедегі халықаралық құқық пен қатынастардың орыны туралы проблеманы жатқызуға болады. Мәселен, халықаралық қатынастарды зерттеушілер халықаралық қатынастарды маңызды және анықтайтын деп есептейді, оларды жүйе ретінде қарастырады (Г.А. Арбатов, Н.И. Лебедев, Ш.Г. Санакаев, Д.Р. Томашевский т.б).

Халықаралық құқықтар мағынасында мынаны білдіреді: ең біріншіден, мемлекеттер мен мемлекет тәріздес құрылымдарды; екіншіден, өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттар, мемлекеттік құрылымның орнау процесін; үшіншіден, халықаралық ұйымдарды; төртіншіден, мемлекеттер тобын; бесіншіден, осы белгілердің арасындағы байланысты білдіреді.

Жоғарыда аталғандардан басқа, халықаралық жүйенің құрамына сондай-ақ халықаралық қатынастарда әрекет ететін халықаралық құқықтық және өзге де әлеуметтік нормалар кіреді. Халықаралық жүйеге айқын тұтастық, басқа компоненттерден салыстырмалы оқшаулық сипаты тән. Халықаралық жүйенің ерекшелігі оның негізгі белгісі мемлекеттің біріншіден, халықаралық жүйенің бір бөлігі болып табылатындығы, екіншіден одан тыс та өмір сүре алатындығы. Сондықтан, халықаралық құқықтық даму және қызмет етудегі проблемаларын айқындағанда қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың ерекшелігін, халықаралық жүйенің ұғымы мен компоненттерін арттыруға тура келеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып халықаралық қатынастардың түсінігі мен олардың құқықтық табиғаты туралы жалпы қорытынды жасауға болады.

Халықаралық қатынастар – бұл мемлекеттердің арасындағы саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени, ғылыми, идеологиялық және өзге де байланыстар жүйесі.

Халықаралық қатынастарға мемлекеттер арасындағы өзара ынтымақтастығы нығайту және кеңейту, халықаралық ұйымдардың ролінің

артуы, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздіктің жаңа проблемалардың туындауы, ядролық соғыстың алдын алу, халықаралық құқық рөлінің өсуі сияқты сипаттар тән.

Халықаралық құқық құқықтың ерекше жүйесі.

Халықаралық қатынастар – бұл мемлекеттердің арасындағы саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени, ғылыми, идеологиялық және өзге де байланыстар жүйесі. Ол құқықтың ерекше жүйесі ғана емес ішкі мемлекеттік құқықтың барлық өзге салаларынан едәуір айырмашылығы бар. Халықаралық құқық халықаралық қатынастарды реттейтін шарттық және нормалар мен қағидилар жүйесін және мемлекеттің салыстырмалы келісілген еркін көрсетеді.

Халықаралық құқықты ұстану халықаралық құқықтың шеңбері мен нысандарында мемлекеттің және сондай-ақ, ұжымдық шаралары арқылы қамтамасыз етіледі.

Құқыққа берілетін анықтама халықаралық құқықты да қамтиды, тек анықтаманың әрбір белгілерінің халықаралық құқықта өзіндік ерекшеліктері болуы керек. Мәселен, халықаралық құқыққа әдеттегі құқықтың белгілері тән болып келеді. Мемлекеттік еріктік сипаттағы құбылыс; белгілі бір қоғамдық қатынастарды заң нормалары реттейді; мәжбүрлеу арқылы. Халықаралық құқықтық нормаларды ұстануды қамтасыз етеді.

Сөйте тура халықаралық құқықтың өзіне тән ерекшеліктері бар.

Реттеу пәні.

Халықаралық құқық өзінің генетикалық және мәні жағынан мемлекетпен байланысты болғанына қарамастан жеке бір мемлекеттің құқығы болып есептелмейді, сондай-ақ мемлекеттегі жоғары құқық болып та табылмайды. Ол мемлекеттердің өзара қатынасын бекітуші және қамтамасыз етуші мемлекет аралық құқық болып табылады.

Мұндай қатынас белгілі болғанындай мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және өзге де қатынастарды жанап өтеді, олар өздерінің таптық табиғатына, саяси сипатына ішкі құрылымына, аумағының құрамына, халқының санына қарай әртүрлі болады. Халықаралық құқықтың пәнін халықаралық құқықтық қатынастар объектісі – бұл халықаралық қатынастың жалпыға белгілі қағидалары мен нормаларының негізінде құқық субъектілерінің өзара құқықтық қатынастарға түсуі. Объектілердің 3 түрі бар: аумақ, әрекет және әрекет етуден тартыну. Мәселен, аумақ объект ретінде өте көп қолданылады, әсіресе әскери сипаттағы мәселелерде. Ал, әрекет мемлекеттердің арасындағы әртүрлі құқықтық қатынастардың объектісі ретінде көрінеді: Бейтараптық мәселелері; Соғысты жүргізу заңы мен салттары, соңғы объектінің түрлеріне жатады. Халықаралық құқықтың объектісі халықаралық құқықтың қағидалары мен нормаларына қайшы келмеуі қажет.

Халықаралық ынтымақтастық аясы кеңейген сайын объектілер аумағы да кеңейе береді. Мысалы, қазіргі заманғы спутниктік байланыс құқығы бейбіт мақсаттарға атом энергиясын пайдалану, ішкі континенталдық мемлекеттердің мәртебесі жаңа объектілер жүйесін қалыптастырады.

Халықаралық құқық ішкі мемлекеттік құқықтан құқықтық нормаларын

қамтамасыз ету мәселелеріне қарай ерекшеленеді. Құқық субъектілерінің еріктерін келістіру мен халықаралық құқықтық мәжбүрлеуді де қолданады. Ол ұжымдық сипатта да, жеке сипатта да болуы мүмкін.

Халықаралық құқық нормасы мемлекеттер арасындағы келісім процесінде орнай бастайды. Басқаша айтқанда, халықаралық құқық құқықтың барлық басқа салалары мен жүйелерінен «келісімді сипатынын» болуымен ерекшеленеді. Осындай қысқаша сипаттамамен халықаралық құқықтың негізгі ерекшелігін аз да болса тура көрсетіп беруге болады.

Егер ішкі мемлекеттік құқықтың барлық салаларында субъектілер ретінде, яғни құқықтар мен міндеттемелерді иемденушілер жеке және заңды тұлғалар болса, ал халықаралық құқықта субъектілер екі топқа бөлінеді.

1 топ – негізгі субъектілер

а) тәуелсіз мемлекеттер

б) өз тәуелсіздіктері үшін күресуші ұлттар мен халықтар.

2 топ – қосымша субъектілер

в) халықаралық ұйымдар

г) мемлекетке ұқсас құрылымдар

Халықаралық құқықтың соңғы жылдардағы дамуынан индивидтің халықаралық құқықтың субъективтілік теориясы көпшілік алдында мойындала бастады.

Халықаралық құқық нормасының құрылу тәсілі оның елеулі ерекшелігі болып табылады. Ішкі мемлекеттік құқық мемлекеттің арнайы органымен құрылады және құқықтың тікелей субъектілерінен басым тұрады.

Ал халықаралық құқықта норманың пайда бөлу процесі өзгешелеу. Осы теория, халықаралық құқықтың көрнекті тұлғасы Г.И.Тункиннің еңбектерінде тереңірек зерттелген және ол теория мен тәжірибенің негізі болып есептеледі.

Әрбір мемлекетте өзінің халықаралық құқық ғылымы болады, мысалы, халықаралық құқықтың қазақстандық ғылымы.

Халықаралық құқық, кез келген мемлекеттің ұлттық құқығы сияқты салаларға бөлінеді. Халықаралық құқықтың салалары халықаралық қатынастардың белгілі бір тобын реттейді және халықаралық –құқықтық институттар мен нормалардың жиынтығы болып табылады. Мысалы, Халықаралық қауіпсіздік құқық саласы халықаралық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қатынастарды реттейді; халықаралық ұйымдар құқығы халықаралық ұйымдарды құру мен қызмет ету тәртібін реттейді.

Халықаралық құқықта мынадай салалар қалыптасқан:

1) Халықаралық құқық субъектілік құқық;

2) Халықаралық ұйымдар құқығы;

3) Халықаралық гуманитарлық құқық;

4) Халықаралық теңіз құқығы;

5) Халықаралық әуе құқығы;

6) Халықаралық ғарыш құқығы;

7) Халықаралық атом құқығы;

8) Халықаралық экономикалық құқық;

9) Халықаралық қылмыспен күрес құқығы;

- 1 0) Халықаралық келісімшарт құқығы;
- 1 1) Халықаралық қоршаған ортаны қорғау құқығы;
- 1 2) Халықаралық қауіпсіздік құқығы.

Халықаралық құқық нормасының нақты күшінің негізі болып табылатын келісім, екі және бірнеше немесе көптеген мемлекеттің ерекшеліктерінің сәйкесуінің нәтижесі. Бұл заңдық аспект болып табылады. Халықаралық қарым – қатынас қатысушыларының маңызды заңдылықтарын көрсетеді. Қағидалар жүйесіне мынадай сипаттар тән:

1. әмбебаптық
2. көпшілік мойындағандық
3. жалпыға міндеттілік
4. тұрақтылық

Бұл жағдай халықаралық құқық жүйесінде олардың рыны мен құрылымының ерекшеліктерін айқындап көрсетеді. Егер «жалпы халықаралық құқықтың императивтік нормасы, норма болып есептелсе, мемлекеттің халықаралық бірлестігі оны толықтай қабылдайды және мойындайды. Сөйтіп негізгі қағидалар құқықтық нысан ретінде рәсімделеді...» БҰҰ жарғысының, екінші бабында негізгі қағидалар мен оларды қамтамасыз ету шаралары айқындалған. Мұнан басқа, негізгі қағидалар мазмұны 1970 жылғы халықаралық құқықтардың қағидалары туралы Декларацияда ашылып көрсетілген.

Ал, 1975 жылғы Хельсинкидегі жиналыс негізгі қағидалар мәні Еуропамен ынтымақтастық және қауіпсіздік жөніндегі жиналысының қорытынды актісінде әрі қарай дамытылған. Негізгі қағиданың нақтылығы мемлекеттің шарттық тәжірибесінде бар. Мәселен, 1994 жылдың 15 сәуіріндегі ТМД қатысушы мемлекеттердің тәуелсіздікті сақтау, аумақтың тұтастығы және шекараларға қол сұқпау туралы Декларациясын, ҚР мен АҚШ арасындағы 1994 жылғы 14 ақпандағы декларациялық әріптестік туралы Хартия; 1994 жылғы 23 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Испания корольдігінің арасындағы өзара қатынастардың негізі туралы Декларацияны айтуға болады.

Халықаралық-құқықтық институт – бұл халықаралық қатынастардың түрін реттейтін халықаралық нормалардың жиынтығы, мысалы, халықаралық гуманитарлық құқықтағы - азаматтық институт, халықаралық келісімшарт құқығындағы - келісімшарттың жарамдылығы институты.

Бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қолдау негіздерін сипаттайтын қағидаларға мыналар жатады: аумақтық тұрақтылық қағидасы; күш қолдану мен күш қолданамын деп қоқан – лоққы жасауға тыйым сала отырып, пайда болған халықаралық дауларды бейбіт түрде шешу қағидасы; шекаралардың мызғымастық қағидасы. Халықаралық ынтымастық қағидасы біріншіден, мемлекеттердің тәуелсіз теңдіктерімен; екіншіден, ішкі істерге қол сұқпаушылықпен; үшіншіден, мемлекеттердің түрлі салаларда ынтымақтасуымен; төртіншіден, мемлекеттік тәуелсіздікті құрметтеумен; бесіншіден, өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындаумен сипатталады.

Адама құқығын қорғау механизімін анықтау үшін адам құқығы мен негізгі бостандықтарын құрметтеу қағидасының, халықтар мен ұлттардың өзін – өзі

билеу қағидасы сияқты қағиданың маңызы зор.

Халықаралық жалпы құқықтың арнаулы белгілерін анықтай отырып, оның қайнар көздерінің жүйесіне, халықаралық жария құқықтың субъектілік құрамына, жауапкершілік институнының ерекшелігіне арнайы тоқталып өту қажет.

Сөйтіп, халықаралық құқыққа құқықтың барлық негізгі белгілері тән, олар:

1. Құқық – бұл мемлекеттің еркіне тән құбылыс;
2. Қоғамдық қатынастарды реттейтін заң нормаларының жүйесі
3. Тәртіп стандартын ұстану үшін мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану.

Дегенмен, халықаралық құқықтың өзіндік белгілері де бар, сол арқылы халықаралық құқықты құқықтың ерекше жүйесіне жатқызуға мүмкіндік туады. Мұндай ерекшеліктерге мыналар жатады:

1. Реттеу пәні.
2. Ерекше субъективтік құрам, атап айтқанда тәуелсіз мемлекеттің болуы.
3. Қайнар көздерінің ерекше жүйесі халықаралық құқықтағы норма құру процесінің нәтижесі болып табылады.
4. заң шығару, атқарушы және сот органдары жүйесінің болмауы.
5. Жауапкершілік институты

Халықаралық құқық – бұл құқық субъектілерінің еріктерін үйлестіру жолымен жасалатын, әрі заңдық тұрғыдан міндетті деп мойындалатын және қажетті жағдайларда мәжбүрлеу жолымен қамтамасыз етілетін заң нормаларының жүйесі.

Халықаралық құқықтың қызмет етуі – бұл халықаралық құқық жүйесі мен құқықтық ортаның, яғни халықаралық құқық жүйесінің компоненттерінің әрекеттесуі болып табылады. Мәселеге мұндай қырынан келу халықаралық құқықтың рөлін, оның дамуын бағдарлауға, оның әрекеттілігінің бейбітшілікті және халықаралық ынтымақты арттыру құралы ретінде одан әрі мойындалуына себін тигізеді. Сонымен бірге, қызмет ету дегеніміз халықаралық құқықтың мақсат-міндеттерін жүзеге асыру процесі болады.

Халықаралық құқық адамзат қоғамының дамуының әртүрлі сатыларында алуан рөлдерді ойнап келді. Белгілі халықаралық заңгерлердің біреуі Ф.Лист халықаралық құқықтың көбіне аяқ асты етіліп келгендігін атап көрсеткен еді. Алайда мемлекеттер және халықаралық қатынастың басқа субъектілері халықаралық жария құқық нормаларының міндетті күшін жоққа шығара алмайды.


Халықаралық құқықтың басты қызметі оның мемлекетаралық қатынасының негізгі қатысушылары мен арақатынасынан көрінеді. Мұнда құқықтық қатынас субъектілері түрлі құралдарды қолдануы мүмкін.

Халықаралық құқықтың қызмет етуі үшін бір жағынан – халықаралық құқықтың және сыртқы саясаттың, ал екінші жағынан – халықаралық құқық пен дипломатияның ара қатынасы мәселелері зәру өзекті мәселе болып табылады. Халықаралық жария құқық туралы монографиялық еңбектерде осы мәселе кеңінен талқыланған. Осы қаралатын проблема құқық пен саясаттың арақатынасы туралы жалпы мәселенің бір бөлшегі. Ішкі саясатпен салыстыра қарағанда сыртқы саясатты мемлекеттің бір жоғарғы органы бағыттап және

бақылап отырады. Дипломатия жөнінде «Дипломатиялық сөздікте» берілген анықтама мынадай: «Мемлекеттің сыртқы саясатының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға, сондай-ақ мемлекеттің шет елдердегі құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттің басшыларының, үкіметінің және арнайы органдарының сыртқы қатынастағы ресми қызметтері» делінген. Дипломатия сыртқы саясат байланыс құралдарының дипломатиясымен іргелес тұратындығы сөзсіз.

Халықаралық жария құқықтың қызмет етуі үшін мынадай мәселелер өзекті болып табылады: біріншіден, халықаралық құқық мемлекеттің көпшілік мақұлдаған нормалар мен қағидаларды сақтауын міндеттей отырып, олардың сыртқы саясаты мен дипломатиясын шектеп отырады; екіншіден, халықаралық құқық сонымен бірге сыртқы саясат пен дипломатияның дамуы үшін негіз бола болады.

Үшіншіден халықаралық құқық сыртқы саясат пен дипломатиялық қатынастарға қатысушы органдардың қызметін регламенттейді.



Үйлестіруші қызметінің мазмұны – мемлекет өзі үшін әртүрлі сфераларда белгілі бір мінез-құлық стандарттарын белгілейді.

Реттеуші қызмет – белгіленген ережелер мен стандарттарды мемлекеттің қабылдауында және сақтауында көрінеді.

Қорғаушы қызмет – мемлекеттің мүддесін қорғауға бағытталған нормалар. Халықаралық құқықтың дипломатиядан, мемлекеттің сыртқы саясатынан айырмашылығы бар.

Халықаралық құқық – мемлекеттер арасындағы қатынастарда өзін қалай ұстау керек екендігі жөніндегі келісімшарт нормаларының жиынтығы болса, дипломатия – сыртқы саясатты жүргізу амал-тәсілдердің жиынтығы, ал сыртқы саясат – бұл өзінің мүдделерін қанағаттандыру үшін халықаралық аренада оның жүргізетін негізгі бағыттары.

Халықаралық құқықтың қайнар көздері – бұл халықаралық-құқықтық нормаларды көрсететін формалар.

Оның 4 түрі бар:

- 1) Халықаралық келісімшарт;
- 2) Халықаралық құқықтық әдет – ғұрыптар;
- 3) Халықаралық конференциялар мен мәжілістердің Қорытынды актілері;
- 4) Халықаралық ұйымдардың резолюциялары.

Халықаралық құқықтағы субъектілері. Халықаралық құқықтың субъектісі –

халықаралық құқықтың нормаларына немесе халықаралық-құқықтық актілердің ұйғарымдарына сәйкес туындайтын халықаралық құқық мен міндетті тасушы. Халықаралық құқықтың субъектісі - субъективті құқық пен міндет берілген халықаралық-құқықтық қатынастардың қатысушылары.

Халықаралық құқықтың субъектілерін 2 топқа бөлуге болады:

1) Алғашқы (егеменді) субъектілер, оларға егемендігі бар мемлекеттер мен өз тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар мен ұлттарды жатқызуға болады;

2) Туынды (егеменді емес) субъектілер халықаралық ұйымдар, мемлекет тәрізді құрылымдар.

Халықаралық құқықтың субъектілерінің ерекше тобы - жеке тұлғалар.

Ерекше құқықтық жүйесі ретінде халықаралық құқық ерекшелігі халықаралық құқық субъектілік ерекшелігін айқындайды және сонында халықаралық субъектілерінің сапалы сипатында анықтайды.

Жалпы алғанда, халықаралық құқық субъектілікті – тұлғаның халықаралық құқықтың субъектісі бола алатындай заңды қабілеттілігі ретінде анықтауға болады.

Халықаралық құқық субъектіліктің мазмұнын осындай субъектінің халықаралық-құқықтық нормалардан туындайтын негізгі құқықтары мен міндеттерін құрайды. Халықаралық құқық субъектілік өз табиғаты бойынша фактілі және заңды болып бөлінеді, және де осыған сәйкес алғашқы және туынды халықаралық құқықтың субъектілері болады.

Халықаралық құқықтың алғашқы субъектілері (мемлекет, өз тәуелсіздігі үшін күресуші халықтар мен ұлттар) оларға тән мемлекеттік және ұлттық егемендікке-суверенность-*ipso facto*- байланысты халықаралық-құқықтық құқықтар мен міндеттерді тасушылар болып табылады.

Егемендік (мемлекеттік немесе ұлттық) оларды халықаралық құқықтың басқа субъектілерінен тәуелсіз етеді және олардың халықаралық қатынастарға жеке қатысу мүмкіндігін алдын-ала анықтайды. Халықаралық құқықтың алғашқы субъектілерінің құқық субъектілігін белгілейтін нормалар жоқ, бірақ олардың құрылған сәттен бастап құқық субъектілігінің болатынын бекітетін нормалар ғана бар.

Халықаралық құқықтың егеменді емес (туынды) субъектілерінің құқық субъектілігінің заңды қайнар көзі болып олардың - құрылтай құжаттары болып табылады. Бұндай құжаттар халықаралық келісімшарт түріндегі халықаралық құқықтың алғашқы субъектілері қабылдайтын және бекітетін олардың жарғылары болып табылады. Туынды халықаралық құқықтың субъектілерінің құқық субъектілігі шектеулі, сондықтан да олардың құқық субъектілігінің көлемі мен мазмұны халықаралық құқықтың алғашқы субъектілерінің ерік-жігеріне байланысты болады.

Халықаралық құқықтың субъектілерінің ішкі мемлекеттік құқықтың субъектілерінен ажырататын белгілері болады:

1) Халықаралық құқықтық нормалардан туындайтын құқықтар мен міндеттердің болуы;

2) Ұжымдық құрылым болып табылады (мемлекет билік және басқару аппарат; күресуші халық - ел ішінде және халықаралық қатынастарда оны

білдіретін - саяси орган. Халықаралық ұйымдар - тұрақты әрекет ететін органдары; биліктік өкілеттіліктерін жүзеге асыруда халықаралық- құқықтың субъектілері салыстырмалы түрде тәуелсіз және бір-біріне бағытынышты емес. Әрқайсысының өзінің халықаралық мәртебесі бар және халықаралық қатынастарға өз атынан қатысады);

3) Халықаралық нормаларды әзірлеуде және қабылдауда қатысатын қабілеттілігі бар. Келісімшарттың құқық-әрекет қабілеттілік халықаралық құқық субъектіліктің маңызды элементі. Халықаралық құқықтың субъектілері халықаралық-құқықтық нормалардың адресаттары ғана емес, сондай-ақ оларды шығаратын (тудыру, құрастыру) тұлғалар болып табылады. Халықаралық құқықтың субъектілері – сонымен бір уақытта халықаралық құқықтың саласы – халықаралық келісімшарт құқығының субъектілері болып табылады.

Осы аталған үш элементтің болуы (халықаралық құқықтың нормалардан туындайтын құқықтар мен міндеттердің болуы, ұжымдық құрылым түрінде болуы, халықаралық құқықтық нормаларды құруда тікелей қатысуы) қандайда бір құрылымды халықаралық құқықтың субъектісі деп санауға болады.

Мемлекет халықаралық құқықтың негізгі субъектісі болып табылады. Халықаралық құқық субъектілік мемлекетке өзінің өмір сүру кезінен бастап тән.

Үкіметаралық емес халықаралық ұйымдар, (дүниежүзілік кәсіподақтар федерациясы), ереже бойынша, заңды және жеке тұлға қрылды және «шетелдік элементі бар» қоғамдық бірлестіктер болып табылады. Осындай ұйымдардың Жарғылары үкіметаралық ұйымдардың Жарғыларымен айырмшылығы халықаралық келісім шарт болып табылады. Бірақта бұндай ұйымдар үкіметаралық ұйымдарда кеңес беруші халықаралық мәртебесі берілуі мүмкін, мысалы, БҰҰ-да және оның арнайы мекемелерінде, осылай, парламентарлық одақ БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінде бірінші категориялы мәртебеге ие. Бірақта үкімет аралық емес ұйымдар халықаралық құқық нормаларын жасай алмайды және де үкмет аралық ұйымдардан айырмашылығы, халықаралық құқықтық субъектіліктің барлық элементтері болмайды.

Халықаралық үкіметаралық ұйымдарда егемендік болмайды, өз территориясы, тұрғыны мемлекеттің өзге де атрибуттары болмайды. Олар халықаралық құқыққа сәйкес келісімшарт негізінде егеменді субъектілерінен құрылады және құрылтай құжаттарында бектілген нақты құзырлықтары болады. Осы құрылтай құжаттарға қатысты 1969ж. халықаралық келісім шарт құқығы туралы Вена Конвенциясы әрекет етеді.

Халықаралық ұйымдардың негізгі қатынастары:

1. Халықаралық нормаларды құруға қатысу құқығы;
2. Нақты биліктік өкілеттіктерді ұйым органдарының пайдалану құқығы, соның ішінде орындалуы міндетті шешім қабылдауға құқық;
3. Ұйымға және оның қызметкерлеріне берілген артықшылықтармен иммунитеттерді пайдалану құқығы;
4. Қатысушылары арасындағы дауларды қарастыру құқығы;
5. Президентінің жарлықтарының, министірлер кабинетінің бірқатар

жарғыларының шығарылуы.

Халықаралық құқықта субъектінің объективті қасиеті болып:

1. Егемендік;

2. Дербес келісім-шарттық тәжірибе;

3. Шет мемлекеттермен дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасуы;

4. Егеменді мемлекеттің халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуы.

Осындай қасиеттер Қазақ КСР да болды, ортақ халықаралық құқықтық субъектілікте көрінді. Тек 1991 ж. бастап егеменді Қазақстан тікелей құқықтық субъектілікке ие болады. Ал бұл ҚР-сына дербес халықаралық мәртебе, халықаралық құқық негізінде халықаралық құқықтық шығармашылықтың қатысушысы болуға мүмкіндік берді.

ҚР халықаралық құқықтық субъектілігі үшін егемендік қажет болды. Егемендік - мемлекетке ішкі және сыртқы қатынастарда тәуелсіз саяси ұйым болуға мүмкіндік береді.

Халықаралық келісімшарт – оның субъектілерінің арасындағы құқық пен міндеттерді белгілейтін, солар үшін заңды міндетті халықаралық -құқықтық нормаларды тудыру туралы анық көрсетілген келісім. Халықаралық құқықтың субъектілерінің келісімдерінің 1 -ші стадиясы – келісімшарттың мәтінін құрастыру және келісу; 2-ші стадиясы келісімшарттың мәтінінде көрсетілген ережелерді заңды міндетті түрде мақұлдау. Халықаралық келісімшарт (келісім, пакт, конвенция) халықаралық құқықтың ең негізгі қайнар көзі ретінде танылады.

Келісімшарт, ереже бойынша, жазбаша формада болады. Оның мәтінінің астына қолдар қойылып оны мөрмен бекітеді.

Халықаралық әдет-ғұрып – ұзақ уақыт қолданудың нәтижесінде әдетке енген және мемлекеттердің санкциялауы нәтижесінде міндетті болып табылатын мінез құлық ережелері. Ол халықаралық құқықтың да, ұлттық құқықтың да қайнар көзі болып табылады.

Ұлттық құқықта азаматтардың, адамдар топтарының және мемлекеттің күнделікті жай ережелерді сақтай отырып әрекет етуінен, әдеттегі әрекеттерінен әдет-ғұрып туындайды және оларға жалпыға міндетті статус беріледі.

3. Халықаралық келісім-шарттар. Ал халықаралық құқықта мемлекеттердің өздері бір-бірінің арасындағы қатынастарды реттейтін халықаралық әдет-ғұрыптарды тудырады. Осыған байланысты, халықаралық құқықта халықаралық байланыс жасаған кезде мемлекеттердің мінез-құлықтарының бірыңғай нормаларын белгілейтін бір орталық жоқ немесе болған емес, сондықтан халықаралық қатынастарды келісімшарттық реттеуде кемшіліктер болуы мүмкін. Осыған байланысты, әдет-ғұрыптар және салт-дәстүрлер ІМҚ қарағанда халықаралық құқықта өте зор маңызы бар. Келісімшарт халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде салыстырмалы түрде жақын арада бекіді. Мемлекеттердің өзара қатынастарының даму тарихында әдет-ғұрып халықаралық құқықтың бірден-бір маңызды қайнар көзі болып табылады. Бұл тұжырым еуропа және азия елдері үшінде ақиқат.

Дипломатиялық, сыртқы сауда қатынастары негізінен әдет-ғұрыптардың көмегімен реттелгенін халықаралық қатынастардың тарихы куәландырады. Ежелгі кезден бастап халықаралық байланыстарды жүзеге асыруда бірнеше рет қолданылған мемлекеттердің әрекеттерінен халықаралық қатынастар сферасында мемлекеттердің мінез-құлқын реттейтін кәдімгі ережелер қалыптасты. Оларды сақтаудағы мемлекеттің үнсіз келісімі, оларды ұзақ уақыт қолдану, олардың заңды күшін мақұлдау туралы міндеттемені өзіне қабылдау нәтижесінде олар халықаралық құқықтың қайнар көзінің күшіне ие болды. Олар халықаралық сауда әдет-ғұрыптары деп деп аталады және тарапардың екеуімен де орындалатын болады.

Келісімшарт және әдет-ғұрып қазіргі халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады.

Қазіргі уақыттағы халықаралық қатынастарда халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде халықаралық конференциялар мен мәжілістердің қорытынды актілері пайдаланылады.

Халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде халықаралық- құқықтық нормалар көрсетілген конференциялардың және мәжілістердің актілері болып табылады. Мысалы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық мәжілістің құжаттары; Веналық қорытынды құжат, 1989 ж., 1990 ж Копенгагенде болған мәжілістің құжаты, 1986 ж. Стокгольмде болған қорытынды құжат.

Барлық осы құжаттарда халқаралық құқықтың субъектілерінде мінез-құлық ережелері бар. Мысалы, ЕҚЫҰ –ның қорытынды актісі халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының ережелерін дамытты, Еуропадағы сенімділікті нығайту шараларын белгіледі, ЕҚЫҰ –ның Стокгольмдік документі сенімділік шараларының қатарын қатарын кеңейтті.

Осы көрсетілген актілер халықаралық құқық болып табылмаса да міндетті заңды қажеті бар.

Осы құжаттар мінез-құлық ережелерімен қатар оларды сақтауда бақылау және тексеру қарастырылған.

Халықаралық құқықтық нормаларды тудырудың жаңа әдісі – халықаралық органдар мен ұйымдардың резолюцияларын қабылдау. Халықаралық ұйымдардың резолюциясының заңды күші олардың уставтарымен анықталады. Уставтарына сәйкес көптеген ұйымдардың (рекомендательный) ұсыну сипатында болады.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының жоғары сотыны қаулысына сәйкес «Конституциялық заңды іс жүзіне енгізу тәртібі туралы», «Қазақстан Республикасының егеменді мемлекет туралы» Қазақстан Республикасының сәйкес заңнамалары мен басқа да нормативті актілер қабылдағанға дейін СССР-дің заңнамаларының нормалары қолданылуы мүмкін, себебі, олар Қазақстан Республикасының заңнамаларына және басқа актілеріне қайшы келмейді.

Келісімшарттар нормативті актілерден мынадай ерекшеліктерімен ажыратылады:

1) Келісімшартпен қарастырылатын мінез-құлық тәртіп ережесін тек қана

оның қатысушылары орындауға міндетті;

2) Келісімшарт тең құқылық мүмкіндіктері бар субъектілер арасында қалыптасқан қатынастарды реттейді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Құлжабаева Ж.О. Халықаралық жария құқық. Алматы -2014 ж.
2. «Международное право» под.ред. Ю. М. Колосова. М., 2000., стр.7-14
3. «Международное право» под.ред. М. А. Сарсембаева. –А,1999, стр.7.
4. Баскин Ю. А., Фельдман Д. М. История международного права, - М.,1990
5. «Международное право» под.ред. М.А. Сарсембаева.-Алматы., 1999
6. Тункин Г.И. Теория международного права. –М,1970г.
7. Тункин Г.И. Право и сила в международной системе.- М., 1983

Бақылау сұрақтары:

1. Халықаралық құқық дегеніміз не?
2. Халықаралық қатынастар дегеніміз не?
3. Халықаралық бұқаралық құқық дегеніміз не?
4. Халықаралық жеке құқық дегеніміз не?
5. Халықаралық құқықтың салаларын атаңыз.
6. Халықаралық құқық халықаралық қатынастарда қандай қызметтер атқарады?
7. Халықаралық құқықтың қайнар көздерін атаңыз.
8. Халықаралық құқықтың субъектілерін атаңыз.

ГЛОССАРИЙ

1. De-jure – бұл толық көлемдегі заңдық салдарлар туындағанда, құқық бойынша, тұтастай ресми мойындау.

2. Құқықтық мирасқорлық – бұл бір субъектінің құқықтары мен міндеттерінің белгілі бір оқиғалар мен жағдайлардың туындауы нәтижесінде екінші біреуге өтуі.

3. Халықаралық қатынастар – бұл мемлекеттердің арасындағы саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени, ғылыми, идеологиялық және өзге де байланыстар жүйесі.

4. Халықаралық қатынастар – бұл мемлекеттердің арасындағы саяси, экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени, ғылыми, идеологиялық және өзге де байланыстар жүйесі.

5. Халықаралық-құқықтық институт – бұл халықаралық қатынастардың түрін реттейтін халықаралық нормалардың жиынтығы, мысалы, халықаралық гуманитарлық құқықтағы - азаматтық институт, халықаралық келісімшарт құқығындағы - келісімшарттың жарамдылығы институты.

Қорытынды

Өркениетті қоғамда адамдар өмірі құқықтық реттеусіз мүмкін емес. Сондықтан құқықтық мемлекеттің негізі болып табылатын адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қоғамның құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейінсіз мүмкін емес болғандықтан, құқық субъектілерінің құқықтық ақпараттылық пен құқықтық санасы маңызды орынға ие. Құқық нормалары мен қағидаларды білу қазіргі құқық салаларын, Қазақстан Республикасының заңнама жүйесін түсінуге септігін тигізеді. Кез келген адам құқықтың не екенін, оның мәнін, маңызын, заңнаманың қолданылуы мақсатын түсіне білуі қажет. Қоғамның дамуы оның мүшелерінің құқықтық санасымен тығыз байланыста. Қоғамда құқықтық нигилизм орын алып, азаматтар мен мемлекеттік органдар құқыққа немқұрайлықпен қараса, мұндай қоғамның алға қарай дамуы екіталай. Сондықтан да негізгі құқықтық білім алудың маңызы зор.

Оқу құралында мемлекеттің негізгі түсініктері, құқық пен құқықтық құбылыстар, мемлекеттік органдар жүйесі, конституциялық, әкімшілік, азаматтық, еңбек, отбасы, қылмыстық құқық негіздері, сонымен қатар, құқықтық мемлекет, адам құқықтары және мемлекеттің қоғам өмірін ұйымдастырдың нысаны ретіндегі мәселелер қарастырылады. Құралда құқық негіздері бойынша ұсынылатын оқу әдебиеттерінің тізімі, нормативтік-құқықтық актілерінің, құқық білімінің негізін құрайтын өзіндік жұмыстар бойынша тапсырмалар тізімі қамтылған.

«Қазақстан республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері» атты оқу құралы «Құқық негіздері» пәні бойынша студенттердің тәжірибелік (семинар) сабақтарына дайындалуына арналған тест тапсырмаларынан тұрады. Әрбір тақырып бойынша нақты сұрақтармен негізгі жаңа әдебиеттер, қосымша материалдар көрсетілген. Бұл оқу құралын өз бетінше қазақстандық құқық негіздерін оқимын деген тұлғалар, орта білімді, орта – мамандандырылған оқу орындарында оқитындар қолдануға болады.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті алғы шарты ретінде қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу студенттердің әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарлату мақсатына сай заң мамандығын алмайтын студенттерге мемлекет және құқық теориясының негіздерін меңгеру, ұлттық құқықтың жетекші салаларының шеңберінде қажетті білім беруді көздеп отыр. Мемлекет пен құқықтың дамуы және ұшталуы құқықтық мемлекеттің үздіксіз дамуы мен қызмет ету үрдісі болып табылады. Қазақстан Республикасында құқықтық нормалар жүргізіліп жатқан реформалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ете отырып қарқынды жаңартылып отырады. Қазіргі заманда жоғарғы және орта білімді, соның ішінде құқық негіздері саласымен байланысты мамандарға жоғары талаптар қойылады.

**Турлаев А.В.
Шакирова А.Б.
Бирманова А.И.**

Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері

оқу құралы

Басуға 10.09.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Басылыс офсеттік. Таралымы 200 дана. Баспа табағы 10.
ЖШС «TENGRİ» Қарағанды қ., Б.Жырау дөлі, 84.